

38,361.5
C 89

БАЛГЫМБАЙ әулеті

Мұнай тарихы — мұнайшылар
ғұмырымен жазылды...





Әulet бастауы-
Балғымбай қарт


2012



Қаржаубай СҰЛТАНҒАЛИҰЛЫ

БАЛҒЫМБАЙ ӘУЛЕТІ

(Мәуелі Бәйтерек)



Атырау-Алматы, 1999
«Жолдас жөне К°» баспасы

Каржабай СҰЛТАНРАЛИҰЛЫ. БАЛҒЫМБАЙ ӘУЛЕТІ
Алматы, 1999 жыл. – 160 бет.

ӘУЛЕТ! БАЛҒЫМБАЙ ӘУЛЕТ! Майлыштардың, жаңдың күші – Атырау мен Ақтөбенің ойы-қыры бұл әулетті мұнашының көсібінің Мәуелі Бойтерегі деп бағалайды. Кісілік келбеттері мен тыңдаған істері хәзында талай ақиқатты алға тартады.

Сонда да: «Сол Мәуелі Бойтеректің алтын діңгегі – Балғымбай кім еді; Балғымбай үясынан ербіген бес сарыауыз балапан қанаттарын кең жайып, қыранша самтай адда ма; Олар нені көсіп етеді, арман-мақсаттары не?» деген саудадарға кеңіл оятар жауап алу, сірә, артық шаруа болмас-ау...

Басылым жобасын жасап, кітап
құрылымын құрастыруышы

*Жолдасбек АДАЕВ,
мәдениетке еңбегі
сінген қызметкер*

Кітап редакторы

Жауылбай ДОСБАЕВ

380591/ХР

АЛҒЫ СӨЗ


Балғымбай өuletі! Бұл өuletті Атырау өңірі мұнайшылары арасындағы ең танымал өuletтердің бірі десек, сірә, қателесе қоймасныз. Оның түп негізінде мәуел бойтеректей Балғымбай қарт тұр. Ол сонау отызыныш жылдардың басында ата көсібін адал оймен, алқын мақсатпен айыrbастағ, маң даладан мұнайлы алқапқа келгенді. Оның бес балғасы, отыз немересі, етуге жұық шебересі де сол оке, ата жолын құыш, ел мен жердің киелі қазынасы – мұнай өндіргуте біржола бет бұрды.

Осылайша олар был тойланғаны отырган мұнай өнеркәсібінің ғасырлық гұмырына өздерінің 695 жылдық жалпы еңбек қайтарымын берді. Демек, бұл өuletтің тағдырында едің сүбелі нақібі – «қара алтынының» қуанышы мен қайғысы, айбыны мен даңқы, ерлігі мен құрметі сыңды сан алуан оқиғалар бар. Ұақытпен бірге өulet, өuletпен бірге үрпак, үрпақден бірге абырай есті. Мұнайшы көсібі жөніндегі алташқы түсінікпен қатар еңбекке деген көзқарас, сабактастық, сыйластық, ел мен жерге деген ықылас осіш, өрбіш, бір үрпақтың үш бұныны түгел қамтыйды.

Тагы да бірнеше ондаған жылдар өтер. Соңда осы үлкен өuletтегі бүтінші жас инженерлер қазақ, елі мұнайшының моні бүгінгіден әлдеқайда зор айтулы мерейтойның салтанатпен өзірленер. Дол сол сәтте терең тамырдың ұлы күшін олардың өздері ғана емес, өзгелер де сезінер және олар жөнінде бүтін біз жазғанин да адемі, біз жазғанин да курделі шыгармалар дүниеге келер деп есептейміз...

Мереке құтты, мерей биік болсын, қасиетті қазақ, жұрты, алтын шашырақтың аబзат өulet!

Автор.



*Балаларымда алтыншынан да қымбат
мұра – Отанымда деген
махаббатымды қалдырыдым...*
Сократ

ОУЛЕТ БАСТАУЫ – ВАЛФЫМБАЙ

ВАЛФЫМБАЙ Сұлтанмұратұлы (1895, Атырау қаласы түбіндегі қыстауда туған – 1972, Атырау қаласында дүние салды) – мұнай үңгымасы мұнарасын құрастыруышы, маман ұста. 1929-34 жылдары Жайық, бойындағы «Теңдік» балық, аулау кәсіпшілігінің кеңшарында болықшы болды. 1934-38 жылдары мұнай тасымалы үшін салынған Атырау-Қандыагаш темір жолы құрылышында жұмысшы мамандығын менгерді. 1938-52 жылдары Ескене, Қошқар, Доссор мұнай өндіру көсіпшіліктерінде зұнай мұнарасын құрастыруышы, сол цехта ұсто болып енбек етті. 1952 жылдан зейнеткерлік демалысқа шыкты.

(тұнғыш «Қазақстан мұнай энциклопедиясынан» үзінді)

Балғымбай мен Қилаш шаңырагынан Қойшыгара, Өтеп, Өтөлі, Салтанат және Мақаш сынды азамат-ұлдар өсіп шықты және олардың бәрі де өз өмірлерін қазақ мұнайының тағдырымен үштастырды...

Адам ата-анадан туганда есті болмайды: естіп, көріп, устап, татып ескерсе – дүниедегі жақсы-жаманды таниды-дағы, сондайдаң білгені, көргені көп... адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп журген кісі... де есті болады. Әрбір естелік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы пәрселерді ескерсе, жаман дегенинен сақтанса – сонда іске жарайды.

Абай



Балғымбайдың тұңғыш ұлы – **ҚОЙШЫРА** 1915 жылы Каспий теңізі қойнауындағы Атырау қыстагында дүниеге келді. Ол 1937 жылға дейін "Тендер" ұжымшарында балықшы, 1937 жылдан 1940 жылға, Армия қатарына шакырылғанға дейін Ескене, Байшонас мұнай көсішпіліктерінде оператор, мұнай ондіру жөніндегі шебердің комекшісі болды. Ұлы Отан соғысына қатысип, одан 1945 жылы мүтедек болыш оралды. Ол ауыр жаракат зардабынан мұнайшы көсібінен қол үзіп, 1978 жылы зейнеткерлікке шыққанша Атырау

каласы маңындағы "Тендер" ұжымшары-кешшарында мотор жүргізуши, көкөніс тұздау шебері қызметтерін атқарды.

Зайыбы Қанзирамен жеті ұл-қызы өсіріп, тәрбиеледі. Олардың алтауы мұнай енеркәсібінде жемісті еңбек етіш жүр.

Үлкен ұлы Нұрман Қойшыгараұлы Қазақ, политехникалық институтын бітіргеннен кейін "Ембімұнай" бірлестігінің бүрғылау үйіндарында бурғышының комекшісі, бүрғышы, аудиосым бастығы, инженерлік-технологиялық қызмет бастығының орынбасары, бастығы, 1992 жылдан бастап мұнай компанияларында жауапты жұмыстар атқарды. 1998 жылдан бері Конадада оқып, тәжірибеден өтуде.

Балғымбаев Қойшыгара 1983 жылы қайтыс болды.

Ол "І дәрежелі Отан соғысы" орденімен, "Ұлы Отан соғысындағы Женіске 20 жыл", "КСРО Қарулы Күштеріне 50 жыл", "В.И.Лениннің

тұтандына 100 жыл толуы құрметіне "Ерлік еңбегі үшін", "КСРО Қарулы Қүштеріне 60 жыл" мерекелік медалдарымен марапатталды.

— Қойшығара, Балғымбайдың Қойшығарасы соғыстан оралыпты!!!

Бұл хабар шағын ауылдан жас-қарісін бұлтсыз күнгі наизігайдай елең еткізді. Мұның езі заңды да еді. Олардың сүм соғыстың сүсінін тыны алмстан, зардабы мен запыранын тыны жақыннан сезініп, зоны болғандарына, міне, бесінші жыл. Бес жыл бедерінде түсаулауга келмейтін тарпаң тірлік, шілдерде ауе көнбейтін асау өмір талайды аяусыз сілкіді. Боздақтарынан айырылып, ботадай боздаң қалғандар қашшама! Керегесі күйреп, уығы уатылыш, шаңырағы ортаға түскендер қашшама! Таңың атысы, күштің батысы, алыс жолға телміріп жүйке жүқартқандар мен көз майын тауысқандар қашшама!

Осылардың әсері шығар, біреу-міреу майданнан орала қалса, басқа жерді қайдам, Қошқарда отбасы талай тәулік келім-кетімнен арылмайды. Соңда бөрінің бірдей ез козімен көріп, бауырны қыспагы

— козі тірі майдангер. Бөрінің бірдей ез құлағымен естіш, анық, қанықпазы — майдан оқигалары. Бөрінің бірдей аңсан асыға күткені — Женіс күні... Шіркін-ау десеңіш!

Балғымбайдың қараша үйі бүтін дәм сондай күйде. Сол жақтан сирек те болса жаңға жағымды құлқі естіледі. Қазаңдықтан көтерілген түтін екеш түтін де жақсылықты жария етуге асыққандай аспанға шалқы көтеріледі. Қилаш ананың тұла бойы тұнғышынан аяр несі бар?! Қаш түбін қара озірлеген бауырсағын, талайдан бері сары майдай сақтаған ірімшік-құртын, тары-талқанын дастарқанға қойып дегендей, зыр жүтіріп жур.

Балғымбай баяғы сыралғы, салмақты қалпында. Куанышын құлімдеген көзі ғана айна-қатесіз сездіреді. Келушілермен амандақ-саулым, сурасқаннан кейінгі айтары:

— Ио, Қойшығарамыз кеп қалып, қапылып жатырмыз, — дейтін жалғыз ауыз сез. Солай дейді де тықырлай алған шашын ілгері-кейінді сипап қояды.

— Құдай Қилаштың көз жасын көрген гой. Байғұс шіркін: "Уш ұлым бірдей соғыста, сорлан қалмасақ жарер еді деп іштей егіліп, жапа шегіп жүретін", — дейді ақ жаулықты ожейідің бірі.

— Ой, несін айтасың, — деп қостайды оны взгелері. — Барлық балаларын да ажал мен тіл-көзден аман қылғай!

Ақсакалдар да қалыспады олардан.

— Балғымбай, сен адамның нарысың ғой. Қиналғаныңды да, қанағанғаныңды да сыртқа шыгармайсан. Асылы, тінің қыя шылдыр

секілді бір берік нәрседен жасалған. Сенің: "Менің балаларым басқалардың артық та емес, кем де емес. Қырық жыл қыргын болса да ажадды веді демеуші ме еді бұрынышылар. Сол айтқандай, татар дәм-түздары, көрер жарық, құндері таусылмаса аман-сав қауышармыз, бір бел тонырагы бұйырар бізге. Ал, алла-тағала оған жазбаса. Отаны үшін окка үшін, отқа құйген ұлаңдардың бірі болып, кез жұмар. Оған қылар не қайран бар менде", — дейтін сезің езінің де, озгениң де кеңілінек бекітетін сез еді. Тілегің оң екен, шырагым. Баланың ең үлкенімен табысын жатырсың. Кейінгілері де соның жолын қусын. Тойыңды тойта ұластырсын. Біз сорған тана тілекшіміз, — дейді дүйім жұртқа домбырашылығымен танылған Тоқпак.

— Айтқандарыңыз келсін!

Балымбай осылай деп қайта-қайта бас шүлгінди. Бас шүлгуды жеткіліксіз корген тұста сезге сез, тілекке тілек қосады.

Осындай куаныш сөті Байшонастың ор шаңырағына бұйыргай. Орын бар оңалар. Согыстан оралын жатқандарды жатырқамай, жатсынбай бауырның зяга тартайык. Мүгедегін сүйен, жарымжанын демеп, қанаттандырып жіберейік.

— Міне, мұның да дұрыс ақыл. Тірін сымап, қолдағанин, оліні жебең құрметтегеннен қор болған, қор атанған ешкім жоқ, Балымбай жаң!

Бұлар Ақшолак, пен Есқожаның сезі.

Ақ ииет, ақжарма тілек сонынан баршаның конілі біржола Қойшығарата ауды. Сұрақтан, сұрақ, өрбіткен олар бірінің алдын бірі орап, майдангерді жан-жағынан қоршаң та ұлгерді.

Бірі:

— Соғысты қай жерде бастап, қай жерде аяқтадың? Қанша елдің дәмін таттың, алдымен соны айтшы бізге, — десе, екіншісі:

— Аұымден сенен бір жыл кейін соғысқа ұлым Нұтыманов Ногайды еттаандырып салғанмын. Кезіңе түспеді ме, қарағым? Ұшыратқан жоқсың ба? Эй, менікі де бір далбаса шығар. Қанды қырғын шінде кім кімді танып болады дейсін? Дегенмен, соғыс бітінкіресе, тірі журсе, саған үқсол келіп қалмас па еді, — дейді кемсендей үн қатыш.

Қойшығара ауел бастан сезуар жан емес-ті. Бірақ, бұл жолы соны сылтауаратын, қаумалаған жұрттылықтың меселін қайтаруды жөн кормеді. Қал-қадерінше әр сұраққа қысқа да нұсқа жауап беруді мақсат тұтты.

— Мен Армия қатарына осы Байшонастан шақырылдым гой. Жыл толмай жатып соғыс орті тұтанды. Сол кезде-ақ, өзге майдандастар

секілді мен де Берлинге дейін жетіп, елге Жеңіспен оралсам деп ойлағанымын. Бірақ, ол оным орындалады. Белоруссияда басталған үркін жолы Батыс Пруссияда күрт үзілді. Осы екі ортада көрмеген елім, баспаған жерім қалмады десем, жалған айттыға жорымаңыздар.

Кейбіріне тоқтаи еттік, кейбірін баса коктеп еттік...

Ал, мына әжемнен Ногайды көрмедин дегенимे ренжімеуді отінер едім. Бір болімшеде, ен құрығанда бір рота, бір батальонда болмажан соң алапат аласалыранда кімді кім байқамақ? Менің өзім де соғыс даласында екі бауырыма – Өтеп пен Өталіге жолыбыш қалам ба дей біраз дәмелендім. Екеуінің тілеуін тілей журіп, талайдың бет-жүзіне үнілдім. Кездеспеді. Міне, ауылға келген соң естіп отырмын, екеуі де жерде емес, аспаңда шайқасынты, үшкыш болыпты. Тағдыр кімді қайда айдан апармайды дейсін. Қысқасы, Ноганды да, Өтеп пен Өталіні де, басқаларды да ортамызға аман-есен оралсын деп тілейік. Айтпақшы, "Аман ердің аты шығар" дейтін бе еді, соғыста журіп. Ақымбет бабамыздын үриғынан тарайтын Смағұлдың Қайырғалыны ерен ерлік көрсетіп, Кеңес Одағының Батыры атанғанын анық естідім.

Сұрап... Тагы да сұрап...

– Фашист сүмьрайлар тұтқындарды еліне айдан әкетіп, құл етіп үстайды, не сатып жібереді, одан да сорақсы – пешке салып ортейді екен дегенді құлағымыз шалады. Бұл не сүмдым? – дейді манадан бері томаға түйік, отырган карт.

Мұны естігендеге Қойшығараның тұла бойы дір ете қалды. Қалайша дір етпес? Соғыстың алғашқы жылы аяқталған шакта ол да тосыннан тұтқынның қамытын киіп, біршама уақыт бейшара күй кешті емес пе?

– Жау кімді аяушы еді? Қойшығара дауысын қатайта сойледі.

Жаудың қандай екенін,

Жауласқанда білерсің,

Қайғының қандай екенін,

Басқа түскенде білерсің, –

дегенді Бауыржан батырымыз тегіннен тегін айтпаса керек. Ал, тұтқындықтың жолы әрмен. Оның қылбұрауы мойнына түскен адамның керер азабы, естір мазары аз болмайтынна – мына өзім кез жеткіздім. Қолға түскендерді құлдыққа салып, арын аяқасты етуі мен шыбын жанын көз алдына келтіруі өз алдына масқара қылыш, болса, бірнеше мыңдаған адамды лагерьлерге қамап, аздырып тоздырып, ақыры денелерін отын жетпегендеге пештің көмейіне тығып өртегуін азғындық, арі айуандық демей не дейсін! Қанымыз талай қайнады. Кектендік, қаһарға міндік. Құтқарып, қорғап қалғандарымыз да аз емес, арише.

Тыңдарман қауым Қойшығараның аузынан мынаны естіген бойда еркісіз тының қалған. Ізінше ду етіп, қызына сойлем кетті.

- Опрыай-ай мына фашисің қасқырдан да откен қорқау екен гой.
- Құбыжық, десенші оларды...
- Қойшығаражан, өлтірсең өлімпен құтыласың, өлтірмесең өлімге тұгыласың деген сөз бар. Қашағының жер жастандырдың сол сұмырайлардың?

Майдангердің бұлар жөнінде айттар уәжі де азір болатын. Бірақ, үзаққа созбиды.

— Неміс дегенін қасқыр да емес, құбыжық, та емес, кодімгі екі аяқты пешде. Айырмасы пейілі мен ииетінде: пейілі – теріс, ииеті – бұзғак. Тұпкі мақсаты – ұлан байтак, ел мен жерді басып алу, басып алыш, адамын құл, байлығын тұл ету. Оларды Гитлер сөзан тәрбиелеген. Сөзан итермелеп, соңыс аяқтан. Бірақ, ойлагандарының ойраны шытын, кері қарай шегінш барады, шегінш барады. Өз үларында талқандалар күндеге жақын. Сол қашшерлердің қашшасына олім сыйладым, оны деп басып айта алмаймын. Эйтеуір қасық қашымыз қалғаша деп ішері үмтүлдым. Өлімнен корықтан жоклыз, – деді Қойшығара.

Сұрақ қоюнылар легінен Қойшығара нағаны жұрт санаитын беріш ауылымың үлкенді-кішілі өкілдері де қалыс қала алмады. Олар коптің көңілін көтеріпсі келді ме, сөздерінің астарына озіл-қалжың шішін жүгіртті.

— Сорыста жаракат алғанмен дін аман келуіне нағашыларың – арісі Итемгешің, берісі Құлбарақтың аруагы жар болғанын білесің бе? – деді Оразбай екі танауы деддие сейлем.

Екіншісі де одан қалысар емес, былай деп қағытады:

— Денсаулығың көтерсе бұрынғы кесібің – мұнайшылықты жағдастыратын шыгарсың. Бірақ содан бұрын жездеміз Балғымбай мен апамыз Қиласың қолын ұзартқаның, келін түсіріп, немере сүйгізуге қам жасағаның жән шытар. Қойшығараның да үтілісін келнейді, азлге озілмен, назға назбен, салиқалы сезге салиқалы сезбен жауап қайтарады.

— Оразбайжан, сұрағыңың жөні бар. Нагашыларымның аруагы қолдамады деп айта алмаймын. Талай қысылтотың шақта оларды да есте тұтқаным рас.

...Есболайдан туынты,
Озі батыр Итемден,
Іздең жүріп дүшшанға,
Карт бурадай сүйкенген,
Карсы келген дүшшанды,

Найзасымен итерген.
Итемгеннен туысты,
Қара, Қабыл, Табылды
Ағынды күшті қарғыда.
Сол ерлердің барында,
Дүшпанинан кейім алынды.
Жапар атқа мінген соң,
Кек найзага жалынды, -

деген жыр жолдарын да ұмытқаным жок.

Бірақ, көзінде келмесін, әрбір шабуыл алдымен Аллаға, одан соң өз бабам Қаратаяға, ушінші кезекте нағашыларым сыйындым. Ал, әке-шешемнің қолын ұзарту мәселеңі соғысадан киын шаруа емес шығар... Мына самсан, сап түзеп отырган нағашыларым келешекте менің кім болмағанымды да білгісі келеді. Еш օқасы жок. Ескене мен Байшонас біз үшін алтын бесік. Соңдықтан деңсауалығым котеріп жатса, мұнайшылықтан қол үзбей, екі көсіппіліктің бірінде еңбек еткенді жөн көремін. Мұнайшылық несімен қымбет, соған неге ынтықсың десендер, айтар уәжім біреу. Ол — әкем таңдаган, әкеме бақыт сыйлаған мамандық,

Демек, оны менің де, менен кейінгілердің де қадір тұтып, қастерлейтіні күмәнсіз.

Көпшілік тапқыр жауапқа серпіле күлісіп алды да, Қойшыараны қолпаشتай жөнелді.

— Міне, жігіттің төресі! Ата-бабасының рухын да, нағашыларының рухын да естен шығармапты!

— Эке жолын қуамын деп отыр. Бұнысы да азаматтық!

— Тұған топыраққа табаның аман-есен тиді гой. Енді осы тұған топырақтың бір адамы бүйірар пешенене. Тек оның адал сүт емген жан болсын дейік!

Балғымбай ұлына әбден риза. Азаматтық, борышын адал өтеумен бірге біраз ширап, пысың қалғаны көрініп-ақ тұр. Сөзі салмақты. Ойы орнықты. "Мен сүйттім, мен бүйттім" деп асыра сілтеп, кеуде согуы тағы байқалмайды.

Сонымен сауалышылар да саябыр талты. Осы сәт жүрт назарындағы күні кешегі жауынгер уәдесін жүтпай, тәтті отіріктен аңы шындықты мың мөрте артық, керетін дағдысымен майданда корген-білгенін, зердеге тоқыганын әңгімелуеге кірісті. Ештецені күлблітелемеді, ештецені әсірлемеді...

— Менің майдандық, жолым атты әскерден басталды. Кавалерия деп атайды еken оны. Келген бетте арқайсымызға ер-тоқымымен бір-бір ат

еншілеңді. Ат деу жегкілікіз, "Бабыңды таң та, багыңды аш" деп жер тартаған нағыз тұлпарлар. Бізге одан артық Алланың не сымы керек? Эттең, журген жеріміздің жіні белек. Бойге алаңы емес, соғыс алаңы.

— Төнірегің толған жау. Соғыста екенсің, сол жаута қарсы ат кемегімен үтімді өрекет жасоуга тиіссін. Жау оғы — зымиян. Қайдан, қалай атылғанын кейде аңғармай дә қаласың. Егер сен аталған зымияннан атыңды қорғап, озиңді сақтап қалсаң, соның озі — бір ерлік!

Командиріміз алғашқы күнинен-ақ, үрыс әдістерін үйрете жүріп, осыны шегелеп айтты.

Бір жыл артта қалды. Абыройымыз есті. Эскадронның үздігі атандық. Жігіттеріміз де керемет. Өншең ат құлағында ойнап, маңдайларынан жел есken шабандоздар... Әрине, соғыстың аты соғыс. Оның әр сөті тосын жағдайге толы.

Иә, біз бір күні күтпеген жерден қарсыластарымыздың қаптаған танкісі мен жаналғыштарының қоршауында қалдық. Қарша боралған оқ, еп сәтте біраз жауынгерлерімізді ат-матымен жайрап тастады. Жайдак, қалған қасиетті жануарлардың бір тобы, үріккені ме, шошынғаны ма, күркірәй кісінеп, жаңталаса жосыды. Соны кору азантың азабы болды. Көрмейтін шараң тағы жоқ...

Біз, он шақты жауынгер оң жағымыздың сыңсып тұрган қалын орманға тарттық. Межелі жерге келдік-ау деген кезде аттан сыйырыла түсіп, бұқпантайлат зыта женелдік. Жан-дәрмен күн орманға да ендік. Бірақ, бізді бейқап қалған жау өкшелей күды. Ақыры қолға түсіріп тыңды. Тұтқын болу тұзаққа мatalу екен. Талай күн, талай түн жеттың жабірін көрдік, айқайында құлагымыз тұнды. Апрай, осы азантан құтылар күн туар ма екен деп елегіздік. Жасырын тілдесін, өзімізше жоспар құрдық. Қүзеттің осал түсүн бақыладық. Содан, не бағтарыңызды ауыртайың, бір орыс, бір украин жігіті және мен, түн қараңрысында қашып шықтық. Бұл жолы Белоруссия орманы шынайы қорғанышқа айналды. Қунда жасырының, түнде үздіксіз жылжып, оның нұныңа тереңірек сіңіп кеттік. Ашигың әлсіремес үшін ормандағы жеуте жарәмді жеміс, жидекті қорек еттік. Құдай бізді қатты мұсіркеді. Біриеше күнинен кейін орман-тогайды мекеңдеп, жауга қарсы жасырын өрекет жасайтын партизандармен табыстық. Олар бізді соғыстан бой тасалаушылар деп кеудемізден итермеди. Тергеп, жауаптамады. Жау тұтқынан қашып шыққан ержүрек жандар деп, іш тартты. Сейтіп партизан атанды.

Қойшыларға бір сат әңгімесін үзіп, қойын қалтасына қолын сұқты. Одан төрт бүктелген алақандай қағаз шықты. Тозығы жетіп сарғайған.

Бұктемесі біраз жерінен қызылшты. Ол оны сақтықпен жазап, оқи бастады.

"Күалік

Осыны ұсынушы Қойшығара Балымбаев шын мәнінде ерекше міндет жүктелген партизан бригадасының "Г" бөлімшесінің жауынгер партизаны болып табылады.

Бригада командирі майор Морозов", – деп жазылышты онда.

– Міне, мына күөлікті маган майор Морозов алғашқы жорыққа шығар алдында түнгі орманда тапсырган болатын. Тапсырып түрыш айтқан сезі де жадында. "Қойшығара, туган жерінді қорғап жүргеніңді есінде сақта", – деген еді ол. Кейін тұрақты ескери бөлімге қосылғанымда да осы күалік мениң жау немесе қашқын емес, ел үшін қан төтүгө айт берген жауынгер-партизан екенінді айтаған төлкүжат болды.

Ін, енді күалік алған күнгі жорық, шетижесін айтайын. Барлауышылар моліметі бойынша жылқы, маңда теміржол бар екен. Сол теміржолды немістер әбден билеп-тостеп алған. Күн сайын жук, қару-жарак, жанаржагар май тасыған поездарды әрлі-берлі ағылып жататын көрінеді. Міндет – соган тосқауыл қою, поезд құрамаларының күлін кокке үшірү.

Топта торт адамбыз. Суыт жүріп, объектіге таяу келдік. Тың тыңдадық. Топ жетекшісі не істейтінімізді тағы да бір пысықтап, ылгері жылжуға белгі берді. Міне, теміржол. Сақтықпен қимылдан, жарылғышты қос рельс астына қойып үлгердік...

Мина жарыла ма, жоқ па? Енді бөріміз де соны күтіп, сарғайыш отырмыз. Басқаларын қайдам, мениң жүрепті аузымнан шығыш кетердей бұлқынады. Бұл өзімше қорқу емес, толқудың белгісі. Ақыры таң билінер-білінбесте ісіміздің жемісі көрінді – жау поезының құрамасы күтпеген жерден апатқа үшірады.

Фашистерге карсы тірлігіміз осылайша жалғаса берді. Бірде олардың байланыс желісін үзсек, бірде қару-жарак, оқдорі сақтаған қоймаларын жойдық. Көпірлер мен жолдарды істен шығару біз үшін үйреніштік ерекетке айналды.

Мына жау дегеніңе таңқалғаным, олар соғысмен бірге қажет шаруаларын тындыра да жүреді екен. Өздері басып алған жерде зауыт не фабрика болса, соны іске қосып, керек-жарагын шыгарады екен, өнім өндіреді екен. Егіс даласына кезіксе, ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау қарекетіне кіріседі екен. Біздер, партизандар осыларға да тосқауыл қоя білдік. Гарнизондарына тұтқындан шабуыл жасап, талай басқыншының және олардың қолтырына су бұркушілердің көзін құрттық.

Кеңес азаматтарының құлдыққа айдашы кетуіне жол бермегік. Элбетте, жау біткенді жаппай салпаңқұлақ дей алмайсың. Олар онай беріспеу үшін құлық пен айла-шарғының небір түрін қолданып бақты. Біз де қалысқан жоқпзы.

Фашистер жол бойын барлау үшін бос вагондар тіркелген бақылаушы поездарды жолға шыгаратын. Бұл құпияны сезіп қалған біз мианы бақылаушы поезд жүріп еткен соң қоюға тырыстық.

Жау паровозды бұлғауден сактау максатында оның алдына тонырақ, тиелген платформа жалғауды ойлан тапты. Біз болсак, мианы тонырақ, тиелген платформа емес, нақ, паравоздың астына жарылатындей етіп орналастыратын болдық.

Сейтіш, согыс бізді кеп нөрсеге үйретті. Ширатты. Былайша айтқанда, көзімізді аягты. Батылдыққа, ерлікке жетеледі. Әйтпесе, поезд құлату түгілі ауылда жүргенде мылтық, атуды да дұрыс менгергеніміз қайсы?!

Содан не керек, ұмытпасам 1944 жылдың тамыз айы, Минск қаласын азат етуге бағыт алған өзіміздің армия, оның Суворов орденді Қызыл Тулы аскери болімі құрамына ендім. Иығыма пулемет асыныш, қанды қасаптың қайшаган қазанына түстім де қеттім. Кеп кешікпей үш жылдай жау қолында қалғандықтан азып-тозып, қатты бұлғаңген Борисов, Минск, Гродно қалаларын азат етуге қатыстым. Белімімізге Борисов есімі берілді. Ал, осы жылдың басында Шығыс Пруссия жеріне қадам бастық. Бұл өзі бағзы заманинан біреуге тізе бастырмаса, біреудін жеріне, байлығына көз алартпаса, ішкені ас болмайтын герман жаугершілері жат піфылының тірек аймағы екен. Мына қыргын согысқа өзірлік кезінде де Шығыс Пруссияда талай-талай бекініс жасалынты. Едің қақ, ортасында көлемі талай шаршы метрді қамтыған Мазур өзендері бар. Сол арқылы біздің әскерлердің шабуылына айтарлықтай кедергі келтіру алдын ала ойластырылыпты. Сала-саламен шоғырлана жалғасқан өзен-көлдер, каналдар, орман алабы, ми баптақ... шынында да ешкімді маңайлатпейтіндей.

Бірақ, қыныңдықтан жасқанып, жауга ерік беру – қылмыс. Соңдықтан, командирлеріміз Жоғары бас қолбасшы ставкасы жаудың осы жердегі "Центр" тобының әскерлерін басқа күштерден болектен, төңзеге тақай қысып, болшектен, мұлдем жойып жіберуді міндет етіп қойғанын құлагымызға құя түсті. Солай еткенде гана Шығыс Пруссия мен Солтүстік Польша аумағы жаудан толықтай тазартылмақшы екен. Элі есімде, ертең шабуылға шығамыз деген күш басқалар секілді біздің белімшеде де шағын митингі етті. Онда майдандар мен армиялардагы әскери кеңестердің үндеуі оқылады.

13 қантар күні таңғы сағат алтында алры шеңтегі батальондар өз шабуылын бастады. "Сталин үшін!", "Отан үшін!" деп бәріміз бірдей алға ұмтылдык. Алапат айқас, қиянкесті атыс толку мен жасқануды, үрей мен қорқынышты мұдем ұмыттырды. Ұрыс алқабы қалып тұман. Ештеңе көрінбейді. Аспандарғы қазба уыр бұлттар тым темендең кеткен. Хабарларға қарағанда самолеттеріміз үша алмай жатыр. Соңықтан бұл күн артиллериинің өктемдігімен отті. Аударалы келесі күні гана түзеліш, жаппай шабуыла қолайлы жағдай туды.

Бірақ, бәрі де қиын жүрді. Ызыл жаудың хейльсбергтік тобына қарсы құрестің өзі 48 тәулікке созылды..

Майдангер: "Мынау алыс қағазы сол күндердің ескерткіші әрі менің ең жоғарғы наградам", – деп екінші бір қағазды қолға алды. Онда: "Қымбатты жолдас! Жоғарғы Бас Қолбасшы Шығыс Пруссиядағы жемісті іс-қимылдары үшін біздің болімге, демек Сізге де, үш мәрте алыс жариялады. Оның біріншісі – Мазур вәзендері ауданындағы қорғаның шебін бұзып откендік үшін жарияланды. Екіншісі – Хельсберг қаласына ие болғандық үшін. Үшіншісі – Ландсберг қаласына ие болғандық үшін.

Немістерді прусс ошагында талқандаймыз. Фашист құзғындарын олардың өз ұларында құртып жібереміз! Сейтіп Берлин үстіне Женіс туын орнатамыз!" – деп жазылышты. Қойшығара осыны оқып шығып, біршама уақыт үнсіз отырып қалды. Манадан бері әсерлі әнгімелеге үйінен тыңдаушылар да үнсіз... Элбette, үнсіздік сырын оның өзінен басқа ешкім де сезіш, білмеген еді. Мүмкін ол Отан тәуелсіздігіне жаңын қиған құрбандарды еске алған шығар. Элде көз адына қара құрттай қаптаған қарақшылар бейнесі елестеп кетті ме екен...

– Ең қиыны біздің майдан – үшінші Белорус майданы өз қолбасшысы Черињховскийден айырылды. Ол снаряд жарықшаынан ауыр жаракат алыш, 39 жасқа қараған шағында ұрыс далаасында кез жұмды. Бұл қайғы қабыргамызға қатты батты. Амал не?

Жаңын шүберекке түйіп жүрген кім бар дейсің? Тас тәбенен бомба түспей-ақ, қойсын. Аяғыңың астынан мина жарылмай-ақ, қойсын. Алайда, бір қанғыған оққа үшырап, бақылых, дүниеге аттанып кетуің әбден көміл. Бір жолы неміс мергені мені де шайт қыла жаздады.

...Тогай шетінде адам қызыққандай мәуелі ағаш түрган. Діңі биік. Жанырағы мол. Тура Байшонаста өз қолыммен өсірген терекке үқсанды. Соның түбінде жау отыр деген ой басыма тіпті де кіріп шықпаған. Сейтсем сол жерден мені дәл шекелегімнен нысанага алынты. Бірақ, қозғалып үлгердім бе, оты мұлт кетіп, он ынымыды

жасатын тесін отті. Мұндайда кек алу – заң. Қасымдагы жолдасым оның езін дәл көздеп қарыш түсірді. Мен сол күнинен бастап мүгедек болып қалдым. Госпиталда емделіш, елге кайтуыма тура келді. Солай, бауырларым. Айта берсем аңғаме таусыламас. Оны жалғастыруды күні ертең аман-есен оралатындардың үлесіне қалдырысам қайтеді?! Бұл да бір жақсы ырым болсын...

Ол майдан хикаяларына осылайша нүкте қойды...

Есінде ме, оқырман, вленнің алмас қызыны Махамбеттің бір кезде:

Сені көдден айырган -

Лашын құстың тәскіні.

Мені елден айырган -

Хан Жәңгірдің екпіні, -

деп аспандагы қызығыш құспен мұндасқаны. Сол секілді ауыр жаракаттың тәскіні мен екпіні Қойшыгараны да мұнайтты. Ол соғыста Берлинге жеткізбей тауын шақса, елде сүйікті кәсібінен – мұнайшылықтан қол үздіріп, сағын смындырыды. Қандай оқінішті!

Айтпақшы, осыпдай өкініш – ата көсіптен ажырау, сонау 1929 жылы өкесі Балғымбайдың мәндайына да қатты соққы болып тиғен-ді. Қатты соққының иесі онда соғыс емес, Кеңес үкіметінің маңдалата дабылдата, дауылдата келген жаппай үжымдастыру саясаты еді. Қойшыара балаңдықтан түбегейлі арыламаса да сол саясаттан салқындықты сезіп, іштей тіксініп қалған. “Бұған дейін бар жиган-тергенің, алдыңа салған азды-көпті малың ортақ меншікке түседі. Қенсең де сол, конбесең де сол. Өкімет солай шешкен. Бұрын бүндай кесімді билікті кім айтыш еді? Еркіндікке кім шектеу жасап еді?”

Шыны керек. Қойшыгарага үжымшарға дейінгі тірліктері озгеше бір даурен сияқты. Көпті хөргендердің айтуы да солай, езінің кез жеткізгенді де сол...

Гурьев қаласының шығысында отыз шақырымдай сырт орай отырған шағын аұмадың түтіні гүзу, ез тіршілігі есінде. Қүзде жайлудан орлады да, қысқа қамданады. Азын-шоғын малына шөп шауыш алады. Құдырын көзеп, асташын жамайды. Потерін жәндең, аула-қорасын тіктейді. Содан соң біршама бел жазып алады да, қала базарына шынады. Құрт-ірімшігін, шуда-жабагысын айырбасқа салады. Киім-кешектерін бүтіндейді. Аяқасты тарығып қалмас үшін үн-тұзын, шай-секерін молырақ қамтиды.

Сырт қаратаңда бүйірі – ак тірлік. Ал, ішіне тереңірек үнілсен, қызығы да, шыжығы да жетерлік. Ой-хой, несін айтасың, бір шаңырақта шілдекана, екіншісінде – тұсаукесер, үшіншісінде – сұндет тоғы. Қыз

ұзатып, келін түсірушілер де аз емес. Қараша озып, желтоқсан күшіне енген кез ауылаға тәні бір жаңа рең өкеледі. Соғым сойылды да, кезек-кезек шакырыс, гү-гү аңгіме кобейеді. Біліктің откен-кеткенді теренірек қаузаіды, біліксіз кеше мен бүтінгін, ішкені мен жетенін көсейді.

Осының борі қызық,

Шагын ауылдың "шаңын фабрикалары" іске қосылатын кезде осы. Үй-үйде жүн тұту мен сабау, ши орабу мен току, киіз басу мен арқан есу бесекесі дүр етіп, нәтижесі жайлауга шыққасын бір жарқ, етеді.

Үзігі мен туырлығы, дедегесі мен түндігі, іргелігі мен бау-шуы жақартған ақ, боз үйлер көз қуантады. Дағаның да сөні.

Шагын ауылды шатын ұстаханалар мекені десен де жаресымды. Бірнеше ұста көрігін гүлетіш, ошак, пев мосы, косеу мен қаута дайындаиды. Арбениң белгашы мен доңгелегін, тертесі мен қалаңын қалыпқа келтіреді. Керегенің үзілген көгін түтеп, уықтарды үштайды. Сакина, білеziк соғып, шолпы жасайтын зергерлер де табылады.

Осының борі қайнаған еңбек.

Қыс осылай оте шықты делік. Мал толдетіп, уыз ішкендер коктем қарсаңыца алдагы қош-қонның қарбаласына кіріседі. Бұнда бытырай кошу дағды емес. Борі іргені бірге көтеріш, бірге аттанады. Барор жерді қонар қонысты бірге таңдаиды. Ол үшін ауылдың бас көтерерлері бірнеше мәрте бас қосып, кектемде, жаз бен күзде қай жердің от, сулынулы болматын бадарлап қайту мақсатында шолғышы шығарады. Олар қайтып оралған соң қайта тоқайласып, ақырын тоқтамға келеді.

Тоқтам тізгін кебіне көрген-благені мол Сұлтанмұратта. Жастайынан жер танығыш, жол тапқыш бол ескен ол табиғат құбылмистарын да айна-қатесіз болжайды. Кісілігіне кішілігі сай. Сөзі өтімді.

Бурынғы адеп бойынша Сұлтаңмұрат ауылдастарына шаруаның жон-жосығын алдын ала білдіріп, малімдеп қоятын. Бұл жолы аяғы ауыр бейбішесіне деген аландашылығы көсейді ме, біраз кешікті.

— Отасы, — деді осы кешігуді сезіп жүрген бейбішесі түскі шай үстінде, — қош-қонның уақыты таяп қалды гой. Ауыл адамдары дер кезінде жайлауга жетіш, мал аузын кокке жеткізек дейді. Мениң жағдайыма қарап оларды жылданы дәгдисынен жаңылдыраганың жен. Ал, біз уақытша осында қала тұралық. Жолға шығыш кетіп, шарананы бірденеге урындырып алсак, оның өкініші омір бойы өзек ортер.

— Өзім де соны ойлаң жүргенмін.

— Оймасаң, солай істе. Ел қамын жоқтай білсек, жаман атақ алмаспсыз. Сабиді қырқынан шытарып, мойның бекіткесін арттарынан жетпейміз бе?

- Жеткенде қандай! Тек борі де ойдағыдай болсын деп тіле!
- Менде одан езге не тілек болмақшы?!
- Еңдеше шайтың, сүт пен қалжа малын алыш қалыш, еді екі-үш күннен кешіктірмей аттандырып жіберемін. Байқаймын, мал екеш мал да елгізіп, даланы — жайлауды аңсантының сездіре бастады.
- Бындық қоныс қайдан бұйырмак?
- Қарабау маңын қаладық. Енді он шақты қунда құлпырып кеткелі тұрган көрінеді.

Сұлтанимурат ертесіне осы ойын ауылдастарына мөлім еткен. Борі де біреузыдан құп алды. Қиис тартқаны біреулер "тәнгек кемпір", біреулер "күйік шалған кемпір" аттайтын корші кейуанаған.

— Эй, Сұлтанимурат, ел көшсе кошे берсін, мен көшпеймін, — деді ол салған жерден.

— Нере? Не жағдаймен?

— Соны да білмеймісін? Ана сенің үйіндегі келіннің айы-күні жетіп отырган жоқ па? Мен оны жүртқа тастан кетпеймін. Толғак, қысты делік. Соңда ерекк басыңмен не істей алмақсын, а?

Сұлтанимурат та, езгелер де аңтарылып қалды.

— Ой-бой, шулап-дулас жүргенде келіншің аяғы ауыр екенін де естен шығарыпшыз той. Ие, Сіздің айтқаныңыз жон, — десті езгелер.

Көп қолдауын сезінген кейуана ойындағысын түгел айтуга бекінді.

— Әуелден-ақ, бір балаңа кіндік шеше боламын деп құлақ, құрышынды қандырып жүрген адам едім. Енді сенің де, менің де шегінетін жеріміз жоқ. Келесі белана дейін өмірім жете ме, жетпей ме, оны болжай алмаймын. Оны бір білсе, бес ұлымды бірдей жалмаган құдай біледі. Ал, айтқаным айтқан, Кошшаймін.

— Қап, бұны буган дейін қалай ескермегенмін?! Қалыңыз, қалыңыз! Осы хабарды естіген келініңіздің қатты қуанары малім. Айтпақшы, кейін бірге кошпейміз бе?! Кіндік балаңызды жайлаудың қақ төрінде бесікке салып, ұлан-асыр той жасармыз.

— Э, солай ма екен? Аңгарымшаңдықты сенен күтпегендеге кімнен күттеміз?..

Уадеге берік, сөзге бекем ауыл екінші таңың алакеуімінде үдерек көшті. Сұлтанимурат оларды Білеулі құдығына дейін үзатып салып, қыстакқа асығыс оралған. Алдынан, ат дүбірін естіді ме, әдеб әдебі күтті ме, корши кейуана жүгіре шықты.

— Сұлтанимурат, сүйинші, сүйинші! Бойбашең аман-есен босанды, үл тарты, — деді. Дауыснанда сра-поа діріл бар. Құлагынан манағы жәндікке ертең козы-лай, бота-куланның жамыраган үні кетпегендіктен

бе, толку есепі ме, ол бір сөт не айтарын білмей қалды. Сосын ғана:

— Сүйіншіңіз озір! — деп, атынан алас-қапас сымсырылып түсті...

Кіндік шеше атанған кейуана қырық, күн бойы тағат ташыды. Жас босантан анаға кеңес беру, қамқорлау, шай-сүтін, сорпа-сұмын өзірлеу секілді сан-сапат жұмысты вә қолымен бел бүкпей атқарды.

Кішкене тіршілік иесі оның бойына соны құш-қуат сымлагандай, кәрі кекірегіне нұр-шуақ құйғандай, аналық жүргегінде сезім жаңарттауды қайта оятудаидай.

Ол сөйті жүріп сәбиге ат таңдал қоюға да ерекше әзірлік жасапты. Сол рәсімге орай жайылған дастарқан басында:

— Сұлтанмұрат, байқаймысың, қазактың балаға ат қоюнда да үлкен мон бар, — деп бастады аңгімесін. — Мына саған Сұлтанмұрат деген есімді ата-анаң, немесе мен сыңқты бір қария жай емес, едің, жігіттің сұлтаны болсын, мұратына жетсін деп қойды. Айтқандары келді ме? Келді! Қазір жігіттің торесісін бір ауылды ісімен де, созіммен де үйбытып отырсын. Қасында жарың, айналанда ел-жұрттың, вуланда малың бар. Енді, міне, мұрагерің де келді дүниеге. Осының борі мұрат емес пе? Мұрат, шырағым! ...Мен мына жаман балаңды Балғымбай деп атағанды жән көрдім. Оның балығын омірлерің байышты да бақытты болсын, соны байлыққа, жән байлығына, рух байлымына ұлассын деген тілекten туындады. Осы тілегім періштегін күллагына шалыпсын!

— Борекелді, жақсы есім тантыңыз. Біз ризамыз!

Сұлтанмұрат та, жұбайы да қуаныш қалды. “Балғымбай, Балғымбай... айтуға да женіл, магынасы да терен...”

Кейуана сезін одан әрі жалғастырды.

— Мені жұрт “тентек” кореді, “тентек кемшір” дейді. Айтсын, айта берсін! Тентек болсаң жениме тентекшін. Кокейдегіні бүтіп қалу маган жат, тіке айтамын. Жақсы болсын деп айтамын. Бала кіндік шешесіне тартатыны рас болса, кор де түр, мына кішкене күшігің ешкімге есесін жібермейтін алғыр, езгеге концілі ишт тұратын жанашыр азамат болып еседі. Тек омір жасын үзақ қылғай!

— Бізге тартса жасықтау согар, Сізге тартсын. Сізге тартса, қызындық, коргенмен, қорлық, көрмейтін кәміл.

— Қызындықсыз омір жок, қарғам. Мына мен жастай жетімдіктің тауқыметін көп коріп естім. Оны да женіш, түрмис құрып, бес бала сүйіш, торт құбылам теңесті-ау деп жүргенде жесір қалдым. Мұны қызындық, деп қабылдағанмын. Ал, үш-торт жыл ішінде желкідей осіп келе жатқан бес үлымның бірінен соң бірінен айрылып, анырап, омырауымды жаспен жүгенді нағызың қорлық болды. Нагыз қорлық...

Содан шығып қалдым. Жігерім жасыды, жүйкем тозды. Бес беләйнің күйігі қойсын ба, қатты-қатты сөз айттынды шығардым. Менің басыма түскениң жолы ормен, қарақтарым. Мына Балғымбайжанның шашырамына жаратқан нем менің бес ұлымдай бес перзент беріп, борін де аман етсе, бақытты етсе, әкесі сенің де, кіндік шеше менің де арманымыз болмас. Ниетім ақ, тілегім түзу адам едім, құдай осы айтканымды қабыл корер деп отырмын.

— Ниетінізді де, тілегіңізді де қабыл еткей!

Ол да жанында құндақта жатқан сәби жүзіне мейірім теге коз салды. Тершіген маңдайында қыртыс біткеннің ізі де қалмаган.

— Келін-қарғам, бүтінгі шайың бұрыннылардың борінен де дәмдірек секілді ме, қалай?

— Ішіңіз, ішіңіз, Қоңыр сиырдың сүті азайлан сайын қоюданып, шайды үйрігіш болыш барады.

— Сүттен де шыгар, пейілден де шығар...

Белғымбайдың кіндік шешесі қызыла курең шайды баптана соралтап, тағы да бір салникалы сөз қозғайтында ыңғай танытты.

— Аның босага козінде жарға сүйеулі тұрган ер-турманың көрдіңдер ме?

— Көрдік, бір жерін жондептек пе едініз?

— Жондайтін тұті де жок, оның. Шалымнан қалтан козайымның бірі-тұғын. Оны енді кім үшін сақтамақын. Ізінді басады деп үміт артқан үлдарым о дүниеге асығыс аттанып кетті. Соңықтан мен осы ер-турманы мына Балғымбайға, өскен соң тақымына салсын деген ырыммен оқелип отырмын. Бұдан қымбет мұлкім болса, аймас та едім. Мендеңі мал сенде де бар...

— Ашыр-ау, мынауыңыз гажап сыйлық, болды гой.

Сұлтанмурат үшінші тұрыш, босагадагы ер-турманы үйдің төріне оздырды. Эн-әсем. Жеп-жәніл. Ұқыпты адомның үстап-тұтқаны корініп-ақ, тұр.

— Осыған байланысты ертеректе қарттар аузынан естіген бір хикаяны вайтсам ба деп едім сендерге. Тыңдайсыңдар ма?

— Құлагымыз сізде.

— Қарадан туыш, хан дөрежесіне котерілген:

... Азамат жетім болмайды,

Халықтан болса панасы.

Бала жетім болмайды,

Қасында болса анасы.

Халық, жетім болмайды,

Басшысы болса данасы, —

дейтін атақты Сырым батырды естіген шығарсыздар. Сол Сырымның қайтыс болғанына жыл толып ас берілген екен дейді. Соған батырдан қарындастын туған Ақжелен бес жасар баласы Есенейді ерітіп борады. Ас тараган соң алыстан келген жиеншарға нағашы жүргіз “Ұлы нағашыңдай батыр бол, би бол!” десіп батырдан қалған қадірлі де қасиетті мұраның бірі – кісе белбеуді беріп ті дейді. Белбеу болғанда да қаңдай белбеу десеңші! Қабат-қабат қайыстан жасалған жалпақ, кісеге алакаңдай-алакаңдай он екі сом күміс жапқан көрінеді. Борі де алтын күмбезді көрінеді. Оқшантайы, сапы қабы, шақыра сауыты бар екен дейді. Бұтан қоса бала Есенейге нағашылары екі теңблі кек құнар, уш теңблі кек құнажын байтал берсе керек. Есеней ессеиді. Балуан денелі азамат болады. Бірақ кісені тағын журе алмайды. “Белбеуине шақ, келе алмай-ақ, қойдым, мен қайда Сырымдай болайын”, – деп екінеді. Сойтіп кісе Есеней үйінің бір қара сандығында жетпіс бес жылдай жатып қалады. Есеней картаяды. Қайы ойлайды. Екі ер баласы ерте оледі. Ұлпан қызы туады. Ер баладан үміті үзіледі. Содан Есеней бір күн Ұлпанаңы шақырып: “Сырым батырдың кісесін немерес-шоберелеріне қайтарып берсек қайтеді”, – дейді. Ұлпан мұны мақұл коріп, жолға шығады. Кісені баяғы теңблі коктердің түқымы – кок бестімен Кіші жүзге алып келеді. “Мынау ұлы нағашыларымыздың асында бес жасар Есенейге тиген кісесі екен. Мен де қартайып келем, енді мұны батырдың жас үрпактары буынсы”, – деп беріп жібергенін айтыш, табыс етеді. Бұл бүкіл ел-жүртты тебіренткен оқиғага айналады. Ұлпаниң келуіне орай, Сырымға тағы да ас беріледі. Ол тойта ұласады. Балуандар бедесін, шабандоздар бойтеге қосылады. Женімпаздарға Ұлпаниң арнайы апарған жүдделері ұсынылады. Қорытындысында Сырымның ел Ұлпана разы болып, қымастықлен аттандырып салыпты дейді. Кіші Шалқар келін “Ұлпаниң колі” деп атапты дейді.

Кордіңдер ме, Сырымның даңқы қандай бінк десен үрпактарының оған деген сүйіспеншілігі мен ұланаты, сыйы мен құрметті талай жылдар етсе де азаймай, аласармай, асқақтай түскен ғой. Міне, онеге көзі қайда жатыр, тағылым көзі қайда жатыр...

Иә, бұныңыз жан тебірентгерлік хикая екен. Рахмет, Сізге! Дегенмен, бір сез бір создің құғынышысы, Сізге да осы жерде бір сұрақ, қойсам ба деп оқталып отырмын.

– Қойыш кор.

– Сол Сырым батырга біздің Қаратай деген бабамыз орі ақылшы, ері қосыны болған дегенді құлағымыз шалады.

– Естісеп жаңылымыспаганың. Мен аз-кем өлөтінімді взыммен бірге

көргө алып кетем бе, айтып кетемін. Дұрыс-бұрысын екшіеу – сендерге аманат.

– Элбette.

– Онда былай: жалпы арғы тектерін қара жаяу адамдар болмадан. Өмірзактан Қаратату туған. Қаратудан Қилембай, Қилембайдан Шонық, Шонықтан Айтболат өрбіген. Айтболаттан – сенсің. Қаратату бабаларыңың Сырымна қындықта қол үшін бере білген батыр, бітпес дауда, ботуасыз шуда кесімді де шешімді сез толғайтын би, әрі шешен болғаны рас. "Атадан жақсы үл туса, елінің қамын жейді" дегендей, мынау балбырап жатқан Балғымбайынаң, немесе оның үрнағы – немере-шеберелерінің ішінен ел билер басшы, сез қадірін билер шешен, қаны мен жаңына мәрттік, адаалық, қайырымдылық қасиеттері сінген қайса азамат шықпасына кім кепіл?!

Шығады, шықпай қалмайды...

Күрметке толы отырыс күн үясына енкейген сатте аяқталды. Ұлы батадан кейін Сұлтанмұрат:

– Қазақтың "Қонағым, бұйымыңды айт" дейтін қағидасты бар еді. Қалауызызды айттыңыз, – деді.

– Мениң бұйымым, біреу, – деді кейуана. – Тіріде сыйласып жүрелік. Ал, кез жұма қалсам, мына келіп екеуің бас болыш, "Ауылдың ақылгейі, Балғымбайымызың кіндік шешесі еді", – деп, шалым мен бес беламның жаңылан орын тауып, ақ жауып, арулаң қоярсындар...

Шагын ауылдың ортақ қуанышына орай қастерлі ата жүртта қара қазан көтерген үш ересек ұзак, отырыш, ұзак, сырласты, үәде байласты. Бұл кезде еткенмен де, бүтіні мен келешегінен де бейхабар бейкүнә себи төтті үйқы құшагында болатын.

...Балғымбай жарық дүниеге келген кез оны жарық дүниеге өкелген дархан далага алыс-жақын, таныс-бейтансыс дүние көсіпкерлері жіті кез тігіш, жиі-жікі қатынай бастиған кез-ді. Неге келеді, не іздейді, нені іздейді – Дархан даланы мекен еткендердің басым көшпілігін бұл сауалдар мұлдем мазасыздандырмайтын, басым көшпілігін келім-кетімнен мұлдем қаперсіз еді.

Келіп-кетушілер де әрқиылғ бірі – тауы шығылыш, тәсі қайтып, Қарғыс атқан олкеге енді аяқ аттап баспастан болыш шошынғандар; екіншісі – қөзделегенін тауып, конілін бірлең, "дәңдеген қарсақ, Құлагымен ін қазадының" кебімен басқан ізінен байлық табуга бекінгендер. Осы соғы лектің өкілі саналатын геолог С.Н.Никитин арнаулы экспедицияны бастап келіп, Доссор мен Ескененің сорын жиектеп, Қарашұнгілдің ойын омыраулап қол бүрғылау станоктарымен алғаш рет мұнай барлау жұмыстарын бастап та жіберді. Жердің

күйкасы жұқа ма, алде қазынасы тойындау ма, олардың ал дегеннен-ақ, жолы болды. Қадімгі жергілікті адамдар күрекшін су шыгаратын 6-9 метр тереңдікten кілкіген мұнайға кезікті. Доссорда – б, Ескенеде – 1, Қарашұңғілде – 5 ұнғыманы қазып, көсіпшілер қалымын елец еткізтер мәліметтер алды.

Жақсылық, хабарды құлагы шаған солын-илемкілік адвокат іле-шала алыстан құрық лақтырып, Ембі аумагынан мұнай барлауга ез егіншін беріш ұлгерді.

1894 жылы – Балғымбай ана құрсағында жатқанда концессия Леман басшылық, жасайтын петерборлық, көсіпкерлер тобына етті: олар Ембі-Каспий серіктестігін құрып, уш жыл бойы қол становімен 60 ұнғыма бұргылады. Оған 800 мың сомга жуық, қаржы шығындағы, Леман осыдан кейін-ақ осы жердегі барлық, мұнай барлауларына жеке езі қожайын болып, іздестіру жұмыстарының көлемі мен техникалық, жарақтаңдырылуын айтартықтай арттыруды. Оның компаниясы Қарашұңғілде тереңдігі 88-ден 275 метрге дейінгі аралықта 21 ұнғымага бұргы бойлатты.

1899 жылы – Балғымбай төрт жасқа толып, кіндік шешесі сыйға тартқан ат үстіндегі ерге түймейдей жабысады жылдың қарашасында жылым бірдің бірінен, N7 ұнғымадан мұнай фонтаны атты. Мұнайлы Ембі үйқысынан оянды. Іле-шала Каратон, Ескене, Новобогат аландастырылған ұнғымалар да мұнай бере бастады.

1908 жылы – Балғымбай түбіт мұрты тебінде, алғашқы мушелді артқа тастанған көктемде Леман кепес Стакеевпен Ембі-Каспий мұнай қоғамын үйімдастыру туралы келісім-шартқа қол қойды. Бірақ, екі жылдан кейін "екі қошқардың басы бір қазанға сыйтмай", ажырасып тынды. Леман ағылашындық, көсіпкермен біргіш, "Жайық-Каспий" мұнай қоғамын, ал Стакеев швейцар көсіпкермен жұптасып, "Ембі" қоғамын құрды.

1911 жылғы 29 соуірде – Балғымбай он жеті дейтін сөйгуліктің жалына жабысып, тепсе темір үзетіндегі дарежеге жеткенде Доссорда N 3 ұнғымадан қуатты мұнай фонтаны бұрқ, етті.

Жасын жіктеп, оны қазыналы өлкедегі қадау-қадау оқигаларға олшем етіп алғанымыз болмаса, Балғымбай бұл тұста ата-бабасының ата көсібін мирас тұтқан белі бекем, зейн-зердесі жетік, ескішіе сауда аның ұлгерден мұрагерлердің бірі еді. Оның кез ашқалы коріл, танып келе жатканы ұшы-қыры жок, омырауын ала жаздай анызак, желпіп, тентек жел жөн-жосықсыз жұлқылайтын кең дала. Мұнда екі күншің бірінде шаң-тозан ұршықша үйірілш, шынышық, ата шаңытады. Жел

шілті тартыш, құйынның қаросы ешкенде көзек көлбеген сағымға тиеді. Ол да көз алдап, қоңыл арбаудың шебері. Ойда жоқта кілегей шымылдық, күрады да, алысты жақын, жақында алыс, іріні кіші, кішіні зор ете қояды. Жеткізбейтін жүйрік. Құрық, салғызбайтын қашатан.

Осы даада күнде түи аумстырганша взгеріссіз қалатын табанды норсе – алтап ыстық, Аңқалы кептірген үстіне кептіре түседі. Ешкімді де, еш нәрсені де аяғысы жок, аямайды да.

Бірі – биік, екінші – жатаган тобелердің арасынан бір-біріне орайын тауып қосылып, тіркесе шұбалған, күн саулеесін тұзы мен тұзды сумна ауната жалтыраган колемі құнан бойгелік тостаган сорлар да тосмын көрініс. Сор жиегіне тоңкеріле енкейгендер, қаталарап келіш, суга бас қойған тоқты-торым, қозы-лақ, дегендер оңбай қателеседі. Олар, басқа емес, тентек жел алдекілідан алған өкеліш, амалсыз ошарылған күис кеуде қлауқиган қаңбақтар шогыры.

Оқта-текте шүйкеленген бұлттан керер қайыр да шамалы. Бір тамшы тамызбай, маңып кете барады.

Балғымбай осыдалаға бауыр басты. Осы дала мінезіне бой үйретті. Көгілдір көктем мен қоңыр құздегі бірнеше күн, бірнеше алтага созылатын көші-қон дүрбелецінің өзі оған сөн-салтанат шеруіндегі осер сыйлайтын.

Олардың тұма-тұыс, жерші-қолеммен жайлалауға жарыса кешкенде күмартта жетіш, қуана қонар құнарлы қоныстары бір жылы қақпакты қара қазан – Тайсойған мен Бүйрек, екінші жыны Қарабау мен Қарнакөл маңы, ушіншісінде – Иманқара мен Қойқара сілемдері.

Шөлге үрүнбас, кенезе кептірмес үшін аргы-бергі жолда жағасын жайлап, сағасын кешіп-кесіп өтер өзендері – коктемде асав, жаз ортасына жетпей момақансып, жыланкоздене ағатын Ойыл мен Қыыл, Жем мен Салыз.

Күнкөрістері малға телінген сон көлдеуден іздейтіңдері – қазоты мен қырықбұнын, ажырық, пен алабота, жоңышқа мен бидайық, қоңырлықтан табуга тырысатындары – ебелек пен жусан, изен мен еркек, бетегелі боз бен қылаң үрүп тұратын селеу. Құдынқа таңдайтындары – шымдауыт тепсек, не сазды ойнаң...

Тортінші улы Салтанат дүниеге келген жылды Балғымбай "Теңдік" балықшы үжымшарында балықшы лауазымымен бастады. Мұлдем тосын кәспі. Жалғыз оған емес, отырықшылықтан горі кеші-қонға көбірек бой үйреткендердің боріне бірдей тосын кәспі.

Содан да шыгар, ауыл ші гу-гу әңгіме. Қым-қуат болжам.

– Балыққа қарап қалған күн қайбір жақсы күн болар дейсін?

Казы орнына қайыс жұтқаңдай орі-сөрі күн кешегін шығармыз...

— Ойбай, естідің бе, жыл сайын бірнеше адам теңізге ытыш немесе жылымға батып кететін корінеді. Өзің аулайтын балыққа озін жемтік болады деген не сүмдік?!

— Басқа түскен баспақшыл. Қонеміз-дағы өкіметтің заңына. Қонбекенде қайда бармақпаз?!. Әлі-ақ қоңдігіп кетерміз.

— Өзен жагалагаппашың озегі талмас демей ме? Аштан өлмеспіз. Бірақ, коштегі қалыш қоямыз ба дег қауіштенем...

Осындай сары уайымға сүйрекен сұық, созді де, үміт отын үрлекен жылы сөзді де Балғымбай кеп естіді. Ести тұра тоуекелге бел буды. Жаман атақ, алмауды мақсат тұтты. Денесін суга сорғызып, табанын қамысқа тілдіріп өзен жагалады. Қауп-қатерге бас тігіп, ақшулан толқынды адуын теңіздің теріне де озды. Ау құру мен ау сүзудің қырсырын бір кісідей-ақ, менгерді. Оны қолқанаты Қойшығараға да үйретті.

Бірақ, күн ете келе байқады, тірліктерінде көпілге қату түсірер түсініксіз жәйттер тым көбейіп бара жатқанға үқсайды.

Мөселен, ұжымшардың ортақ қазанышың балыққа толса да, байлыққа толмайтыны қалай? Бір кенеуі кеткен дүние. Оны жамап-жасқауга, аяғынан тік қоюға қауқары жетер жанашыр адам жөне көрінбейді.

Бұл, бұл ма? Ұжымшарға еріксіз жазылған орта шаруаның біразы құнкорісі төмендеп, шаруашылықтан жылыстай бастады. Ұжымшар құруға белсене қатысқан адамдарды соққыға жығу, үйін ортеу секілді жаман ғадет бой көрсетті. Есеп-қисантың оцин айналдырган кезбояушылар да табылды. Табиғат шіркін де қарын жұбатар қанағатты көре қалғандай тарымшылық жасап, шалқып-шапшып жатқан шалқар теңізді жагалаудан көз көре кері ала қашты. Қысқасы, шығанақтан шырай, шаруашылықтан береке кетуге айналды.

Балғымбай осыларды бағалап, бағамдаپ үлгергенше іргесі сөгілген Ұжымжар өз-өзінен тарап та тынды. Қайранда қалған балықтай сөмсіреген едің тоз-тозы шықты, жан-жаққа бытырай көшті. Біреу Жайық бойындағы өзге шаруашылықтан тиянак, іздесе, екіншілері жақын-тусын, көз танысын сағалап, қалаға қарай оймысты. Үшінші біреу ботадай боздаپ, кіндік қаны тамған даласына асықты.

Ал, Балғымбай-шे?

Ол "сынап тағдырдың орға жыгуы да қыны емес екен-ау" дег қапалана бас шайқап, "Ендігі өзек жалғап, енсе көтерер жеріміз өндіріс болуы керек" деген тоқтам жасады.

Кисе – киім, слуса – сусын, сойса – талшық болатын майдан қол

көтеріл, балық, тоңғергеш опа таба қоймаган жайбы Қиласи та, еңбектің дәмін ерте татып, ширап шыныққан зіргіттей үлы Қойшыгарасы да, мектепте білімге дең қойып, он-содарын танып қалған Өтебі мен Өталісі де осыны жөн көрді. Бұл төтенше шешімнің мәнісінен бес жастагы Салтанат пен уш жастагы Мақаш қана бейхабар-ды.

Балғымбай үшін қаладағы өндірісте ең оңтайлысы құрылыштық болып шықты. Ол механикалық зауыттыщ (кейін машина жасау зауыты) Мадениет үйін салушылардың сапына қосылды. Мұнда да күндіз-түні қайнаган жұмыс. Тас қалайды, балшық, илейді. Дегенмен, су үстіндегі қалтылдақ, қайықтан құтылып, алшаңдаған қара жер басқаны өзі үшін взгеше бір қуаныш.

Бір күн оны зауыт басшылары шақыртты. Бұндай шақыртуды дағдыдан тыс норсе дең үққан Балғымбай кеңіліне секем алған қалған. Сейтсе үрей шақыратып да ештеце жоқ, екен.

— Еле Ембі мұнайы ауадай қажет болып жатыр. Сол қажеттіктен Қандығаш-Гурьев теміржолын салу жоспарланды. Жол құрылышына қайратты мамандар керек. Соның бірі етіп тізімге сені жаздық. Қарсы болмассыц, — деді басшылар.

— Үйгарым жасап қойсаныздар бас тартып не қылайын, — деді ол. — Қайда да бір жұмыс қой.

Балғымбай жалтақтамады. Жалтақтау өуел бастан бойына сіңбеген қасиет-ті.

Қолына жолдама алған Балғымбай үйін Ескенеге көшіріп апарып, озі ұзындығы 518 шақырымдық Қандығаш-Гурьев теміржолын тесеушілердің қатарына келіп қосылды. Байқап-болжап қараса, бұнда да бармағын балға батырган ешкім жоқ. Техника енді-енді келе бастаған. Кеп жұмыс қол күшімен атқарылады. Бүкіл трассаның жартысынан астамы тірі жан мекендерейтін елсіз, сусыз шол даланы кесіп отпек. Жергілікті құрылыш материалдары, сіре, тапшы. Осы секілді көз көріш, жүрек сезіп түрған қыруар қындыққа бас құрылышы — "Союзтрансстройдың" басшылары қалай қарайды екен дең әркімнен соз тартып қараган. Олардың айтудың, қаймығу жөн емес, Бөрін де жену қажет. Теміржол желісі 1939 жылдың ақпан айының аяғында іске қосылуы туі!

Екпінді құрылыш басы дөл құмырсқа илеуіндей. Құжынаған адам. Гурьев-Орскі мұнай құбырының басшылары осында, аз-кемі жоқ, 2000 қазақ жұмысшысын ауыстырыпты. Іле-шала оларға сонау Воронежден, Курсқіден, Куйбышевтен, Орал мен Сібірден, Башқұрт пен Татар елінен жүзденген тілеулестер қосылды. Трестегілер осы непір күшті бірден

"соға тустік" және "онтүстік" аталатын екі учаскеге беліп, 1936 жылдың 19 мамырында Қандығаш беттөн, 26 мамырында Гурьев беттөн ұлттықтар жұмысты бастап та кетті. Екі құрылымдың басқармасын құрды.

Дамылсыз еңбек басқалармен бірге Балғымбайды да шарға салған болаттай шыңдаш үлгерді. Күрек пен кеппенде құттар сілтеген ол аудел екпінді, кейін стахановшы атанды. Жұмыстан тыс уақытта сауатсыздықты жою үйрмесінде сауатын, стахановшылар мектебінде кәсібін жетілдірді.

Ағаш шебері, тас қалаушы, белташы мамандықтарын жүрексіндей атқарап дәрекеге жетті. Екі жасқа есейді.

Ал, екпінді құрылыштың дүбірлі көші күн сайын ішері озын, мұнайлы олке әумағына екі жақтан сұтына жақындаған түсті. Осынау көш легінде Балғымбай да екпінин еселең, алғы тарта берер ме еді, қайтер еді, егер екінші ұлы Өтеш ойта ой салар үсінис жасамаса...

Бұра Өтептің мұнай техникумын бітіріп, Ескенеге келген беті еді. Шай үстінде:

— Сіздерге Ата Көпек дейтін түркімен ақынының бірер азіл әңгімесін айттып берейтін, — деді ол.

— Айт, айт! Біз қосылып күлмегелі қашан?

Бір молда Ата Көпекті ұялтпақшы болады.

— Жасың болса, міне, алғысқа келді. Не бір намаз оқымайсың, не ораза ұстамайсың, құрбан шалу дегенді тоғы білмейсің. Сонда жумакқа қалай бармақсың? — деп сүрайды.

Ата Көпек басын иш:

— Молдекем-ау азің арқалап барасын да, — деп жауап береді.

Дастанардан басындағылар біраз күлісін алды да, "Мұны неге айттың дегендей Өтепке аңтарыла қаралды. Балғымбай да аң-тан. Маган ариады деді ме, салден кейін:

— Балам-ау, мұсылмандастың қашып жүрген мен жок. Бірак, намазға да, оразай да, құрбан айтқа да уақыт керек, уақыт, — дей салды.

— Эке, — деді Өтеш, — бұл азіл. Молдага үқсал Сізге намаз оқы, ораза ұста, құрбан шал, соңда жумакқа барасың деп үгіт айтпақ, емесін. Бес ұл есіріп, төрбиелеген кісінің орын онсыз да жумакта болады деседі. Кезі келгенде Сізді де, шешемізді де жумактың торіне бесеуміз-ақ арқалап апарамыз. Ал, сол жумакта дейін Сіз бізге керексіз. Қазір тесеп жотқан теміржолының күні ертең-ақ салынып бітеді. Демек, ол уақытша жұмыс. Одан кейін тары қайда бармақсыз? Сондықтан тұрақты тишик, орнықты орын қажет. Ондай тишик, пен орын Сізге де, Койшығара ағайта да өзір. Бөріміздің бірге болғанымыз дұрыс...

Балымбай ойланып қалды. "Бәріміз бірге болайық дейді. Шынында да бізді адда қандай күндер күтпін тұр. Бірге болып, бірге жүріп, буын бекіткен де жен-ау".

— Теміржолда танысқан Николай деген тамырым "Улken болсан, кішін де тыңда", бұл орыс мақалы, — деп талай рет ақыла ақыл қосқан еді. Жөнс айтқаны мұлт кетшептін. Жарайды, сениң айтқаның болсын, — деді ол. — Алайда, білімсіз адамнан мұнайшы шыға ма? Келістіре алмай келекеге қалмаймыз ба?

Бәрі де келіседі. Өмір үйретпей қоймайды. Оның мектебі шынайы мектеп. Қала берді қастарында мен бар емеспін бе?

— Мақұл, мақұл. Қозімізді жеткіздің.

Өтеп қуаныш-ақ кетті. Оку деп оқшау кетіп, әке-шешенің, ағайын туыстың ыстық құшагын сарынганы бал-бұл жанган бет-әлпетінен айқын аңғарылып-ақ, тұр.

— Менің бұндай ұсыныс жасауды жаңағы Ата Көпектің комектескенін жасырмаймын. Тағы бір әңгімесін тындан қарандаршы, — деді ол.

Бірде Атага Потдан деген жерлесі жолығады да:

— Біздің өлкеде болдыңыз ба, — деп сұрайды Атадан.
— Болдым,
— Ендеше менің туыстарымның халі қалай екен, неңдей жаңалығы бер?

— Оларда қазір жаңа ит бар корінеді.
— Бүрінші иттері қайда екен?
— Өлген түйенің етін жеп, жарылып өліпті.
— Ал, түйе қалайша өлген?
— Әкең өлген соң қарайтын кісі болмаса керек.
— Экем қалай дүние салған?
— Байгүс анатының ажалинан кейін өмір сүре алмапты...

Балымбай, осыған орай, езінше түйін жасады: "Аныр-ай, алыс жүргенің жаттан да жаман болуы қыны емес екен-ау. Түйе мен иттерге жаңы ауырмасын-ақ, ал әке-шешесінің дүниеден откенін біреуден естіп, беті бұлк етпей тұрган жаңағы Потданың қандай безбүрек, қандай тасбауыр. Құдай сондайдан сақтасын!"

Сейтіш, 1938 жылдың жазында бір шаңырақта үш бірдей мұнайшы пайда болды.

— Теміржол құрылышынан ауысқан Балымбай — Ескене мұнара қурастыру цехына ағаш шебері, балықшылықтан кейін қолайлы жұмысқа қол жеткізе алмай пушайман күй кешкен Балымбаев

Койшыгара – Ескене көсіпшілігіне мұнай ондіруші оператор, мұнай техникумының үздік бітіріп, осы көсіпшілікке жолдама алған Балғымбайев Өтеп – мұнай ондіруші шебер мамандықтары бойынша іске кірісті.

Мұнара құрастырушылар Балғымбайды мұлдем жатырқамады. Қайта бұрынғы ағаш шебері басқа жұмысқа ауысып кеткендеңдіктен колдары кесіліп қалғандықтарын айтты, құшақ жая карсы ады.

Мұндағы басты міндет – мұнараны тез, арі сапалы құрастыру екен. Бұл жауапты шаруадан Балғымбайға тиесілісі де аз болмады. Бір жақсысы орталарында, техника мен коліктің тапшылығын әбден сезінгендейдіктен де шығар, "мынаны сен атқарасын, мынаны мей" деп көріліп, көрілдесуші жоқ. Бәрі жұмыла кіріседі.

Ол кезді бұрынлауда жалпы мұнай енеркосібінде "агаш дәуірі" дейді екен. Ал, ағаштың аты – ағаш жармады, сыйнады, ісінеді, шіриді. Ауырлықты көтере алмаган ағаш мұнарапың сатыр-сұтыр сыйнап, көз көре жантайып қалғанын талаймал ез көзімен көріпти. Соңдықтан ескі-құсқы мұнара сұлбасын жамап-жасқап пайдала асмру да, бір жерден екінші жерге шашау шығармай көшіру де биік парыз. Қайткенде де ондірісті тоқтатша керек.

Осындай сан-санат қапылыште тәжірибесі де, білігі де аз Балғымбайдың сыр беріш қоюы әбден мүмкін-ді. Бірақ, оған араша түсер күш табылды. Оның ең бастысын талай қындық қазанында қайнап-шікен қайсарлығы десек, қағанының орнын үжым мүшелерінің жанашырлығы, баласы Өтептің білім-білігі толтырды. Балғымбай бұларды да місе тұттай мұнара құрастырушылар үшін ашылған ариналы курсқа қатысты. Үйге келе сала естіп-благені Өтепке айтты, дұдамал түсінігіне түзету енгізіп отыруды да ұмытпады.

– Оу, балам, мұнараның үшар басында "кронблок" дейтін тетік бер екен. Ол не қызымет атқарады, маган соны үгіндерін жібер, – дейтін.

Келесіде "талевый блок" деп "кроуктің", одан әрі "подвеска" мен "вертулютің" сырын аштыратын. "Койшыгара, сен не биліг, не үйрендің, білмегенінді, түсінбегенінді Өтеп ішінен сурал алуға арланба", – деп қоятын, айда-санда.

Осылайша Балғымбай ортага сініп, озін ісінде сана, сезінде береке бар адам ретінде танытты. Шаңырагына шырай еніп, босагасынан жиі сымалайтын жұтаңдық, ығыса бастады.

Бір оқиіштісі – тірек көріп жүрген Өтебі күзде Армия қатарына аттанип кетті де, орны ойсырап қалды. Оның ендігі сүйенері Койшыгаресы еді.

Кұдайға шүкір, ондірістегілер Койшыгараны да бірден

бауырларына тартып, үйіріп әкетті.

— Өй, Қойшыгара, шыныңды айтсы, окең сені аузел бастап қойшы қылымы келіп Қойшыгара атаған той. Бірақ, сен бугіннен бастап мұнайшысың, қой бекітісің, станок-качалка бағасың, — деді алғашқы онғимелерін азіл-қалжына тоғытқан аға оператор Бекмұрзинев Айдарбай мен участке шебері Элжібаев Садыр оны орталарына алыш.

— Бірден ескертіп қоялық, жасық, жасқаншақ адамнан мұнайшы шыққайды. Қиыпдақ, атаулыны жігерлі болсаң ғана, айтқан ақыл-кенесті зердеңе жедел түйсөң ғана менгересің. Ұлken ағаларымыз бізге соны үйретті, соған төрбиеледі. Түсіндің бе?

— Түсіндім...

— Онда индіріс алаңын арадауга шығайың,

Ушеуі Ескененің шығысын бетке алды. Айдарбай сейлем келеді.

— Сен аұылдан келгендейктен аұылдың түсінігімен сейлейін. Мәселен, анау басын шұлғып тұрған станок-качалканы, былайша айтқанда, сиырмен салыстыруға болар еді. Сиырдың сүті тілінде дегендей, станок-качалканың онімі қуатында. Қуаты артқан сайын онімі молая түседі. Бұрын бұлардың онша жетілдірілмеуіне байланысты тереңдік сорантарының жүріс ұзындығы 1, 4 метрден аспады. Олардың үйкелістегі ашық тұрған бөлігі тез тозатын. Бақылау-олшеу аспантары, зерттеу апараттары аз пайдаланылды.

Садыр Айдарбай сезін іліп әкетті:

— Бұлар жағынан козіміз енді-енді ашылып келеді емес пе? Откен жылдан бастап Ембі кәсіппшілтерінде үңғымаларды зерттеуге ариалған алғашқы аспап — Яковлев апараты пайда болды. Сол арқылы үңғымалардың күш-қуатын анықтау мүмкіндіп туса, станок-качалкалардың ер түрін енгізу әрбір үңғымаларға негұрлым ынгайлы тәсіл табуга, суланған үңғымалардан сұбықтықты сурыштап алуға, үңғымаларды күм тығындыларынан тазартуга жол ашты. Болашақта бұлардан да жаңа, тиімді апараттар келмек. Оның иесі сендер боласыңдар!

Садыр Қойшыгараны қаусыра құшақташ, арқасынан қақты. Сырласу келесі күні де жалғасты.

— Қойшыгара, — деді Айдарбай ағынан жарыла сейлем, — сен мені осы саланың аса білгірі санамай-ақ, қой. Жұмысқа кіргеніме бірақ, жыл. Соңда да көш соңында қалмай, біраз жайтті аңғарып, коңілге түйдім.

— Айдарбай аға, солар жөнінде айттыңызшы...

Жиырма екіге жаңа толған балаң жігіттің ер нөрсені білуғе, біле түсуге құмарлығы мен құштарлығын көзінен таныды ма, олде

жүзінен аңғарды ма, сол күні Айдарбай қоңыл қойнауындағы "қазынасын" аямай-ақ ақтарды.

— Үңғыманың не екенин айттым той. Оны пайдалану адісін үш топқа боледі. Біріншісі – фонтаңдық, бунда мұнай үнғымадан ез-өзінен ағыл-тегіл атқылайды, екіншісі – мұнайды үнғымага сырттан айдалтап тығыздалған газ қуатының кәмегімен алу, үшіншісі – сорантых, мұнайды сорантардың әр түрлі түрімен шыгару. Бізде осы үшінші адіс басымырак. Ал, ең кереметі фонтаң той, шіркін! Оны, асылы, өз козіңмен көргенің дұрыс.

— Бұл айтқандарыңызды жақсы үқтый. Енді насос қондырыны туралы түсінік берсеңіз...

— Жарайды, ол үнғымадағы сорантан жөне үнғыманың аузы жаһында жерге қондырылған станок-качалқадан тұрады. Сорантың не екенин кейін, жер үстіне шыгарғанда көрсің. Станок-качалқана келсек, онда негізінен алғанда, рама, тенгергіш, тенгергілітің басы, қарсы салмақтар, шатун, кривошип, редуктор, электр двигателі, тежегіш, тіреуіш, кривошиптің қарсы салмағы секілді бөлшектер бор.

— Рахмет, Айдеке! Біраз нәрседен көзімді аштыныз.

— Бұлар аліппесі ғана. Көзді аша тусу үшін, алдымен, білім керек.

— Эрине, өзірге ол жағынан үяттымы...

Иә, құлагымның түбінен күнде ызыцдайтын бір заржаққа қайдан тап қылды мені деп теріс айналып жатқан Айдекен жоқ. Өзі қиңіліп қалса:

— Осыны ішің Өтептен сұрашы, — дейді, немесе бөлімше шебері Әжібаев Садырга жүгінеді. Тіпті амалы таусылып жатса, кәсіппіліктің ага механигі Дорбин Бағытқа барыш ақылдасуды ұсынады.

Нарыз қемқоршының қасиеті емес не бұл?!

Сойтін жургенде екі жыл зыр етіп, мұнайшылық кәсіпте зор болмаса да, қор болмасын мойындаған, жас қанатын енді-енді қомдай бастаган Қойныштар да Армия қатарына аттанаңып кетті. Балғымбай бутан да көніп: "Тыныштығы болса, барі де ештеңе емес", — деп, шүкіршілік етті. Бір күні баласынаң, қай кезде жазылғаны белгісіз: "Ұлы Отан соғысы басталды. Мен соғысқа кетіп барамын", — деген үрейлі хат алды. Үрейте үрей қосылды. Фин соғысынан аман қалған Өтебі тарға да қынды қырғынға кірмек пе?

Міне, тағдырдың ісі. Бір шаңырақтың бейнетін зейнетке ауыстыру қамындағы бейкуна жандардың бас-аяты бірер жылда жан-жакқа быттыраш, ауыр жүктің қырақ алты жастагы Балғымбайдың иштына түсерін кім болжап білгендей еді?

Дегенимен, ел-халқы сияқты Балғымбай да ауыр сыннан сурнібей етті. Ол Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің Қызыл Тұзы жеті рет жеңіп алды, оны мәңгілік сақтауға қадыру құқығын иеленген ескенеліктердің ерен еңбегіне ерекше үлес қости; "Қазақстани мұнайшысы" таңқ колониасын жасақтау, майданға азық-тұлға, киім-кешек жөнелту бастамашыларының бірі болды; Доссорда жерасты қабатына су айдан қондырысын іске қосудың миңызды тетігін өз қолында үстеді; Қошқар кен орынын пайдалануға берілуіне маңдай терін токті; Ұлы Жеңістің қуанышын көрді, соғыстан аман-есен оралған үш арысын құшағына қысты; бес ұлының оқып азамат болуына, отау тігіүне қамқорлық жасады; бірнеше ондаган немере, шобере сүйді, мұнайшылық, кәсіпте Балғымбай өзіндеңегін калап, 1972 жылдың 77 жасында туған тоңырагынан мәңгілік мекенін тапты..

Денсаулығы мұнайшы көсібін жалғастыруға мүмкіндік бермеген Қойшығара қала сыртындағы "Теңдік" үжымшарына мүшелікке етті.

— Қойшығара осы үжымда (кейін кеңшар болды) зейнеткерлікке шыққан 1978 жылға дейін мотор жүргізуі, кекеністерді тұздаушы шебер қызметін атқарды, абыройсыз болған жок, — дейді зайнабы, жеті перзент анасы Ақтерешева Қантзира апай. — Бірақ, оле-блгенше жарық, күнін мұнайшылықты аңсаумен откізді.

Сондайда ерекпітеген қоцилін басу үшін:

— Баріне кіналі соғыс, бірақ одан аман келгеніце, бүтін сен тыңдырмаганды балаларың тыңдырыш жатқанына таубе ет, — дейтінмін.

— Шыныңда да таубе етеміз. Әкесінің көсібін қыздары: Нұрзина, Залиха; ұлдары: Нұрман, Бейбіт, Мұрат, Самат; келіндері: Айнаш, Ағила жалғастырыш жатыр. Оны одан әрі жалғастырамыз деп қанатын комдаң жүрген немерелері де көп. Құдай берген бағын қайтып алмасын тек.

Иә, Қойшығара шаңырагында бақыт құсының мәңгі үя саларын тілеген абыз Ана жүргегінің дүрсілі мениң құлагымда тұр...

Келелі істі копчен шеш,
Шыныршық атса ешен шеш.
Асқынған істі асықтай,
Ақылта салып, ертең шеш.
Алдыңа қандай дау келсін,
Билік алтасац – тұра кес.
“Мұның қалай?” – демесін,
Алтын-жакын конілдес.

Ақтайлақ би



БАЛҒЫМБАЕВ Өтөл (1917 жылы қараша айында Гурьев қаласында туған – 1966 жылдың қайтыс болды) – мұнайшы, партия-кеңес қызметкері. Ұлы Отан соғысына қатысушы Атырау мұнай техникумын (1938) және Қазақстан КП Орталық Комитеті жаһындағы Жоғары партия мектебін бітірген (1952). 1945 жылдан партия комитеттерінде мұнай меселелерімен айналысты: өзелі облыстық партия комитетінде, 1948 жылдан Мақат ауданың, партия комитетінде нұсқаушы, 2-хатшысы болды. 1952-54 және 1958-60 жылдары Атырау облыстық партия комитетінде болім менгерушісі. 1954 жылдан Жылдың ауданың, партия комитетінде бірінші хатшы, Атырау қалалық атқару комитетінің төрагасы, 1963 жылдан «Қазақстан мұнай» (кейін «Манғыстаумұнай») бірлестігі бастышының орынбасары қызметине жіберіліш, Манғыстаудағы Өзен, Жетібай кен орындарын иероруге тікелей қатасты.

Еңбек Қызыл Тү, «Құрмет Белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталған.

(түңгыш «Қазақстан мұнай энциклопедиясынан» үзінді)

Балғымбайдың екінші ұлы – ӨТЕП аудандық, қалалық, өлкелік партия, Кеңес органдарына мүші, депутат болып сайланған, Қазақстан Компартиясының VIII, X съездеріне делегат болып қатысты.

Займыбы Сарсенова Ботен – ұлагатты ұстаз, қазір құрметті еңбек демалысында.

Өтептің ұлкені – Нұрлан Өтепұлы, Алматы политехникалық институтын бітірген. Маңыстау, Атырау, Ақтөбе өңірінде қарапайым мұнайшылықтан Қазақстан Республикасы мұнай-газ өнеркасібі Министрі, "Қазақой" ұлттық мұнай компаниясының президенті дөрежесіне дейін ости. Қазір республиканың Премьер-министрі.

Нұрланнан кейінгі ұлм – Нұрберген де, мұнай қосіпшілігінде мол тажірибе жинақтаған маман. 1983-86 жылдары Кеңес Одағы геолог-барлаушыларының басшысы болып Пакистанда еңбек етті. Бұл күндері Канада компаниясының Қазақстаңдағы өкілі.

Саламат те мұнай саласында. Энуарбек Теніз кеңіншіде жұмыс істеп жүріп, ауыр сырқаттан көз жұмды...

Адам беласына, кез-келген тіршілік иесінін бір-ақ, рет берілетін өмірде Өтеп біреуге ага, біреуге іні, біреуге құрдас, біреуге ағайын-тұыс, басшы да қосшы бола жүріп не қасиетімен, не еңбегімен есте қадды?

Әнгілемеміздің әлкиссасын естеліктерден бастайык. Олардан сағыныш лебі, жүрек дүрсілі, құрмет пен ізеттің үлгісі сезіледі...

ҚҰДАЛАЕВ Қуашы:

– Бұл жасқа келгенше, Абай айтқандай, "жақсы откіздік пе, жаман откіздік пе, әйтеур бірталай өмірімізді откіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық, – әурешілікті көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық".

Осындай кезде жалын-жастықтың қызығын бірге боліп, еңбекте қалтар тер төккен, шын шиетпен сыйласқан жаңдарды қалай үмытарсыз? Солердин бірі, бірегейті – Балғымбайдың Өтебі еді гой. Адамгершілігінің молдыны, жолдасқа ададығы болар, бізді бауырына тартып, шексіз қамқорлады. Колымыздан іс келеді-ау дегендерімізді қолдан, бақылауга алып жүрді. Кездесе кеткенде: "Осы Шамбай не тыңдырыды? – деп Оразалиевті, – алғі Ергожадан не хабар?" – деп Таумановты сұрастыратын. Ешқайсымыздың орынсыз сөз естімеуімізді, қақпай-соктай кормеуімізді ойластырып, қорғайтын. Арамызда хеттамага түспеген, бейресми келісім бер-ды. Оны ешкім бұзбайтын, бұзуга тиісті де емес еді.

Өтеп оте адал, таза адам болатын. Біреуден бірдене даметпейтін. Жақсылығын бұлдамайтын. Туралиқты, әділдікті сүйетті. Ойындағысын

бұлпесіз айтып тастайтын. Үлкенте де, кіміге де солай еді-зу.

Істе үйнімдастыру қабілетімен ерекше козге түсетін. Күрделі маселелер көтеретін оларды қалай, кімге барыш шешуде де шеберлігі асып жататын.

Мұнай министрлігінде Оруджев дейтін орынбасар болған-ды. Барынша ыссы, жұмыс бибымен келген сайын екі аягымызды бір етікке тығып кете жаздайтын. Сол кісі:

— Осы мұнайлы Ембіде менің көнілімді жібігпей қоймайтын бір кісі бар. Ол — Өтеп Балғымбайұлы. Меселе қоиса, оны дөлеңдей біледі. Қаржы сұраса, қайда жұмсайтынын, қалай жұмсайтынын алдына жайш тастайды. Макатта жүргенінде де. Жылдыңда болғаныңда де солай істеді. — дейтін.

Ол өзінің іскерлігін қалалық, Кеңесті басқартанда, Мангистауда жарқыратада көрсетті. Өттең, омірі қысқа болды...

САҒЫНБАЕВ Мұсабай:

— Мен 1950 жылы 21 жасымда Макат аудиторы қаржы болімінің менгерушілігіне жұмысқа бардым. Өтеп аудиторкомың екінші хатшысы екен. Мені қабылдап, ақыл-кеңесін айтты. Қаржының айналасында шатақтың көп екендігін ескертіп, сақ болуымды отиці. Жасай алмайсың деп, онменниен итермеди. Осы ізілігі, шиеті мен қамқорлығы менің омірімде ошығаң із қалдырым. Ол даништан Абайдың: “Егер де есті кіслердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мартебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өз-өзінен есеп ал!” — дейтін сезін жи-жің еске салатын.

Кейін, 1958 жылы облыстагы ең ірі кеңшар — “Балқудыққа” директор болып бардым. Сол тұста ол аума шаруашылығы саласында жасамаса да Азғыре келіп, шаруашылығымды көріп, көнілге түйтегенін ортага салып жүрді. Ал, қаладағы жиналыстар мен бас қосуларда коре қалса, айналасындағыларға: “Кішкентай деп қомсынандар, бұл ең үлкен кеңшардың директоры”, — деп таныстырудан жалықпайтын. Сөйтіп, ол мені ағамдай, оқемдей баулыды. Оган өзінді борышты саваймын. Бір есте қаларлық жай — ол тұра, арі тауып сойлейтін. Откір сыйнайтын. Сол себепті онын созін естуге құмартқанбыз.

Мұнайшылар аудиторида бұлардан исқан аудитті азірге білмеймін. Бері де білімді, абыраймы, біріне-бірі торбиеші болған жандар. Әдепті үрпақ, әсірді. Өтәлімен аралас-құраласын. Салтанат екеуміз бір жылдың томі едік қой. Макат — қимас досым.

ЛҰҚПАНОВ Газиз:

— Өтеп Макат аудиторына екінші хатшы болып келгенде мен оку

бөлімнің менгерушісі едім. Эуелден де бір-бірімізді біletінбіз, етепе арасын көттік. 1941 жылы педучилище бітіріп, алғашқы еңбек жолын балықшы поселкесінде бастаған Бәтен женгеміз мектепте үстаздық етті.

— Отептің жұмысыша байланысты коши-қонымыз кебейшп, тұрақтан қызмет істей алмадым бол. Эйтпесе "Халық ағарту ісінің үздігінен" де жогары атаққа жетер ме едім? — дейтін ол кейде азідей сөйлем.

Отекенің бірнеше тамаша қасиеті ойда қалды. Ол сөз қысынына жүйрік адам еді. Қандай қыныңдықтан да жол тауып шыға алатын. Кадрларды орынсыз жазага бермейтін. Кемшілікке білместіктен үрінди ма, алде әдеп жасады ма, соны зерттеуден уақытын аямайтын.

1958 жылдың жетекшісінде облыстық оқу боліміне орынбасарлыққа ауыстырылды. Қалада уй мәселесі қын. Содан туыстық қатынасы бар Есенжанов Жетпісбайдың үйінде жаттым. Отептің қалада Кенес тәрагасы болып істейтін кезі. Бірде ол маган:

— Сен Жетпісбайдың үйінен кетпе. Ол сенде пәтердің жоқ екенин менің құлагыма құйыш отырудан ерінбейді. Айта берген соң түбінде бірдене шығады, — дейді.

Ақыры обком хатшысы Элсейитов Тұсінің арасынан, Отекенің кемегімен үй мәселесін шештім-ау.

1964 жылы Алматыга көштім.

— Неге көшесің? — деді Отеп.

— Алты бала бар. Алды мектеп бітіріп жатыр. Соларды оқыту үшін астанаға жақындағанды жөн көрдім.

— Мұның ақыл екен! Бірак, онда қандай жағдай болады?

— Министрлік жұмыс береді.

Кейін Отекең іссапармен Алматыға келіпті. Көшеден үлкен ұлымды коріш, бетінен сүйіп, бар жағдайға қашығыпты. "Бұл жолы соға алмаспсын. Келесіде міндетті турде сіздерге барамын", — деді. Алайда, ол үәдесіне жете алмады. Манғыстауда жұмыс үстінде қайтыс болып кетті.

Откеннің бәрі естелік. Жыл сайын обком пленумына мәселе дайындау үшін құрамында сегіз адамы бар комиссияны бастап берғанын әлі күнге ұмыта қойған жоқсын. Мұқашев Саламат — ауданның бірінші хатшысы. Күндіз бытырап кетіп, кешкі қонақ, үйде бас қосамыз. Отекең не тыңдырығанымызды сұрап алады. Бізден жазбаша ештеңде де талап етпейді. Күнде ауызша айтқанымызды ойна түйе берген бол. Қорытындыда бәрін мәддіретіп айттып шықты. Ондай қабілет кімнің қолынан келуші еді?

РЫСЖАНОВ Әміржан:

— Ой, несін айтасың, басшысы Отеп болып болып тұрганда кең

Жылшоидың багы талай өрледі. "Білекті бірді жыгады, білімді мынды жыгады" дегендей, оның сауаты қандай еді, іскерлігі қандай еді, адамгершілігі қандай еді! Сондай қасиеттерімен елді үйріп екеті. Оның қызметтегі талабы мен жеделдігіне айтуыр басының атаны жүргендердің біразы тотеп бере алмай, өзінен-еzi обдырап қалды. Ел ішінде кім жок, оны сезбен елітіп, дастарқапымен алдарқатып, ықпалын откізгісі, бұнын жатып, аяғынан оқыс шалғысы келгендер де табылды.

Ұмытпасам, 1955 жылдың күзі болар, ауданда сауда қызметкерлерінің активінің откізу жоспарланды. Міне, сол жиналым аудандық Кеңес атқару комитеті (Назымов) мен аудандық сауда болімінің (Наукеев) жауапсызың көрсетуінен уақытында отпей қалды. Осылан орай атқару комитетінің активке қатысуға тиісті адамдардың бір тобына келмей қалу жоюнде нұсқау бергені белгілі болды. Отеп бұндай кемшілікке тәсілін бе, кіналілерді дереу жауапкершілікке шақырып, жеті күннен кейін актив жиналымын откізіп тынды. Принциптілік деген осы емес пе?

Сол тұста ол ауыл шаруашылығын дамытуға айырықша көніл аударды. Жиі-жін аралаш, кадрларға қолдау білдіріп отырды.

— Кейбірі білімі жағынан жетекшіде болмаса да, бірақ тәжірибесі мен іске берілгендігі жағынан Тасқорин Жұбандықтан, Сұлтанов Айтқалидан, Қараманов Рахметолладан, Мұхтаров Мұхиттан, Жақашев Саламаттан, Жарылғасов Ақмұрзадан, Құдайбергенов Есеннен, Таласов Сұлтанғалидан, Шекірова Сөліден, Мергенбаева Жанбопеден, Оразбаев Абдолладан, Ершую Назердан асын түсер адамды шаруашылық, айналасынан көре алмай жүрмін, — дейтін ол.

Мақтаңғаным емес, есеп-қисап жұмысының маманы ретінде мен де ауданның, оның бірінші басшысы Отептің тапсырмасын талай рет тап-түйнектай етіп орындағым. Өз басым Отептің Жылшоидаты ізі ешуақыт өшпейді, талай үрпаққа үлгі болады деп есептеймін.

ЕСЕНЖАНОВ Жетпісбай:

— Отекенің 6-7 жас ағалығы бар. Онымен екі мәрте, біріншісі – Мақат аупарткомында болім бастығы, екіншісі – қалалық, Кеңесте тораганың орынбасары болып бірге жұмыс істедім. Мақатта мұнайдың білгір маманы ретінде танылды. Қосішпіліктерде онімділік пен сапаны арттыруға, сондай-ақ халықтың соғыстан сынған сарын кетеруге үлкен күш-жігер жұмсады. Ал, қалада көркейту, көркітедіру жұмыстарына кеп көніл болды. Мұнай жағатын қазандықтарды жою, кошеге, жану жүргіншілер жолына қаралайым әдіспен асфальт тесеуді қолға алды. Көпір құрылышына азірлік жасадык. Куаты 35 мың текше метрлік

темір-бетон бұйымдары зауыты, асфалт-бетон зауыты салынды. Бес көтәрмә үйлер бой көтерді.

Сол кездің бір "сырқаты" бар еді. Кейбір жалған абыробайға буес басшылар істелмегенді істеді дең қосып жазып жіберетін. Өтептің жиіркеніш көретін нөрсесінің бірі осы болатын. Петровский атындағы зауыт бесшылары 782 шаршы метр тұргын үйдің актін ресімделмегені, тіпті атқару комитетінде бекітілмегені белгілі болды. Соңдагы Өтекеңнің ренішін көру бізге ете қыны тиңді. Осыдан кейін ол құрылымын саласын қатаң бекітулауда ұстауды тапсырды. Курделі қаржының қаншасы қалай игерілгенін қалт жібермей біліш отырды. Ешкімге де босаңсып, босбелбеулікке салынуга жол бермегі.

Оның адамдарды жұмысқа жұмыздыру төсілі ерекше еді. Талабы да жоғары болатын. Қазақшага да, орысшага да сауаттылығы әркінді-ақ, тангадыратын...

АЙБАРОВ Айдын:

— Қаланы көркейтүге сіңірген еңбегі үшан-төңіз. Соның ішінен оның Жайық өзенінің қала ішіндегі ариасын бекітуді тұңғыш қолға алушы болғанын бөле-жара айтқым келеді. Мәскеу көшесіндегі сметалық, бюро деген мекемеге (бастыры Захарьян) адеі тапсырма беріп, материалдарын дайыннатқаны есте. Мерекелерде театрландырылған корініс жасау, ұжымшарлардан ат алдырып, бейге үйімдастыру — Өтекеңнің жаңалығы. Қала маңында отырғызылған алма ағаштары қандай еді?! Олардан тонналаған алма жиналатын. Қазіргі университеттің он жағында биологиялық бақ есірілді. 1960 жылы қалада сырға зауыты, құты комбинатында наубайхана, кислород цехы, газ толтыратын станса іске қосылды. Мектептер жүйесі кеңейді.

Бір гажабы, Өтептің ұсак-түйекке балап назардан тыс қалдыраған меселесі жок. Бізді де соған үйретті. 1962 жылдың мамыр айы басында N 29 жол-құрылым басқармасының бастығын шақырып алыш, Жайық өзенінің сол жақ жағалауындағы жағажайды (пляж) он күн мерзімде толық тортіпке келтіру жөніндегі өкімін қолына ұстетип жібергенін, қала мектептері аумагында санитарлық жағдайды жақсартып, жасыл желек қорын есіру туралы аринайы шешім қабылдағанын үмітқан жоқтЫН. Сол алпыс екінің мамырында қалада несер жаңбыр жауып, Доссор көшесіндегі N 6 үйде тұрган алты отбасы мүшелерінің үйдің құлауга жақын тұрганын айтып, тұра Өтекеңнің өзін іздең келгені күні кешегідей көз алдында. Ол дереге комиссия жіберіп, "Қазақстанмұнай" бірлестігі комбазасының бастығын (Холошинок),

төмөржол болімшесінің бастылын (Карағаспақов), Петровский атындағы зауыт директорын (Хатиошенко), "Гурьев" санаторийін бес дәрігерін (Лобанова), № 5 автобаза директорын (Шепетовский) жепа шеккендерге патер беру немесе жеке патерлерді жалға алуға міндеттеген-ді. "Аламдардың мұн-мұқтажына сезкос қарууга болмайды, оны тез шешу керек", – дейтін ол.

АЙТҚАЗИЕВ Оразбай:

– Балғымбай жездеміз бен Қылап апамыз жарық, дүниеге бес үл екелді. Бөрі де тәрбиелі болып ости, едіс сыйлы азаматтары атанды. Дегенмен, Отептің қылышы, адамгершілігі, кішпейілдігі, ағайын-туысқа жанашырымы басым еди.

Улкен қызым ауырып, тесек тартып жатып қалды. Ауылдың адеті – балгер іздейді, бақсы шақыртады. Сойтіп жүргендеге алты ай уақыт етіп кетті. "Қой, мына болапы қор қылдық-ау, жұмысы да көп шыгар, соңда да Отепке апарып, комек сұраймы", – деп Ицдер ауданының Кулагиев селосынан қалаға алып келдім. Келген бойда ауруханага орналастыруға комектесті, сойтіп қызым қырық, күнде сырқатынан құдан таза айықты. Ол, ол ма, Отеп ауруынан айыққан оны үйине жатқызып, медицина училищесінде оқытты. Ал, өзге адемдарға көрсеткен қамқорлыты қашама! Адам денесінің патшасы – жүрек десек, таза, елжіреп, әділдікті аңсан тұратын жүрек Отепте болғанына ешбір шубо келтірмеймін.

Өмір бақы тынымсыз тіршілік оргасында, иғліктер мен ізтіліктердің терең ірімінде жүрген Отеп қысқа ғұмырында не тыңдыра алды, жапы зеге құмар, неге қас еді, адамдар оны қандай қасиеттері үшін қадір тұтты дейтін сан алаң сұрақтардың біршамасына енді қал-қадерімізше езіміз жауап іздел көрелік.

1949 жылдың шілдесі еді. Қазақтың көрнекті қаламгері Габдол Сланов іссапармен Атырауга келді. Ботен адам емес. Қызылқожадаты Тайсойғаниның тулеғі. "Арман ағысы", "Кең өріс" повестерінің, "Дөң есқан", "Шалқар" романдарының авторы. Оның үстінен еңбек жолын Мақат қасішшілігінде бастап, үзак жыл мұнайшы болған. Мұнайшылар омірінен "Жанартау" романын жазған.

Ол келген бігте бас штабка – облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Ралиев Сәлімжанға кіріп, озінің бүл жолы мақсаты да "қара аттын" ондрушілер қауымымен жүздесу екенін молім етті.

– Сізден бір етінші, – деді ол, – маган бірер күнге оперкасп-транспорт боліміндегі нұсқаушы Балғымбасев Отепті қосыны етіп берсеңіз екен. Жас болғаймен ойга түйгені көп сырласым еди.

— Өтіншінің дұрыс-ау. Бірақ, біз Өтептің откен жылы Мақат ауданында екінші хатшылықта жібергенбіз. Келешегиен үлкен үміт күткен кадрмызыдан бірі. Қайнаган өмір ортасында біраз шынықсын, тәжірибе жинақтасын дедік.

— Дұрыс шешім. Аа, бірші хатшысы кім?

— Оспанов Құлқайым.

— Жылымойда кім?

— Өтебаев Сағи.

— Міне, гаже! Матаң аттың басын өүелі Ембінің кіші ордасы Доссорға, одан орі кең Жылмойга бур, десенізші...

Иә, Габен бұдан екі жыл бұрынды сапарында онеркесін-транспорт болімінде иускаушы болып істейтін Өтептің інісімен етепе танысын, емен-жарқын сырласқан-ды. Жас келіп батеппің қолынан шай да шікен.

Сол жолы Өтептің 1938 жылы Гурьев мұнай техникумын бітіргенін, қазан айына дейін Ескенеде мұнай ендіру жөніндегі шебер болып істеп, Армия қатарынша шәкірттегін, фін соғысмен қатысқанын, одан Ұлы Отан соғысы лап етіп, Ленинград майданындағы қанды шайқастардың қак ортасында болғанын, Пушкин қаласында авиамеханиктердің аскери мектебін, Батайскіде үшқыштар мектебін бітіріп, истребительдер полакінде қызмет еткенін өз қулатымен естіген.

Жазушы журналистердің кай кезде де адамнан ішкі жан сырыш ашпай, ақтармай қоймайтын қасиеті бар емес не? Габен де сол адіспен оның ата-тегін тәнгіштей сұрац, ерекше қуанышқа боленді.

— Ойбай, Өтепжан-ау, кішкенттай кекірегінде үлкен қазына жатқанын бұттан дейін білсеміш? Сонда сенің арғы бабан анау тарихшы Бяткиннің “Сырым бетірмінде” айтылатын Сырымның оң жолы, би, батыр да шешен Қаратав болып шықты рой. Иә, иә, тұтқындағы Сырымды босату жөніндегі хатқа он адам: Серілбай, Тормамбет, Абдулхалел қожа, Қеккез би, Шүкіролі батыр, Доссан би, Барак, батыр, Мұрат би, Сыныра би қол қойса, соның бірі — Қаратав. Кіші жүздің хана Нуралы билік басынан шеттегілгенде ел тілгінін Элім үuletінен Сартай би, Қаракобек би, Мұратбек, Жетіру үuletінен Тіленіш батыр мен Жанболат батыр. Байтулынан Сырым мен Қаратав би үстаган. Бұл тақырышқа скеуміз тағы бірде қайта оралармыз. Солай ма?

— Әлбетте...

Тұс аудағында жолға шықты. Доссор вәзіне қашиншан таныс олке. Тұған Тайсоғанына бара жатып, адамдарын құмай, талай рет аунап-кунаган жері. Тусынан асырыс откен кезі де бар. Сондай кезде де, жазушының өз созімен айтсалы, Доссоры: “Ембі тарихында елеулі орным

бар; осынау кең аймақ, байлығын игеруде атқарғаным көп; талай бүргышы, шебер, инженерлердің бесіті, Отаны, жатагы болғанымын; Мен батырлардың ордасынын. Маган соқынғанмен Байбақты өүлиені атташ кетпесін анық", — дегендей қол бұлғап қала берады...

Бүгін сол Доссорына, Доссордагы Өтебіне асырап келеді.

Улкен жолда ойына небір өкігалар оралды. Ал, өкіга адамсыз, адамдардың қам-қарекетінсіз еткен бе? Сол себепті Ембінің Қарамендиев Шуакқали, Тереханов Ақберген, Досбаева Балғаным, Өрекешев Сәрсен сынды талай майталман мұнайшылары бастаң кешкенде коз алдынан қайталац өткізіп шықты.

— Келдік, ага, — деді бір кезде журғізуіш алқынған "арғымагын" кілат тоқтатып.

— Рахмет, інім! "Арғымагың" Тайбурылдай екен.

Аупартком уйі алдында оны бойы енгезердей, қонырқай жүзіне белана көзі ерекше жарасын берген тұлғалы адам — Оспанов Құлқайым және езінен жасы бес-алты жылға кіші болса да, қатар жүрген жолдастарандай сыйлас Өтебі қарсы алды.

Амандақ-саулықтан кейін Құлқайым Габдолды жұмыс кабинетіне бастап апарып, Доссор-Мақаттың тыныс-тіршілігімен қыскаша таныстырып отті де, езінің нақпа-нақ, сойлейтін дағдысымен:

— Енді қонақтың қайда барғысы, кімдермен кездескісі келетінін сүрайық, — деді.

— Осында автомобиль жөндеу зауыты бар екен, соны, электр станасы мен демалыс бағын көрсем бе дең отырмын.

— Онда Сізге Өтеп Балғымбайулы жол басшылық жасайды.

— Келістік.

— Өтеп, бар жаңалықты айтта бер, құлағым сенде, — деді Габдол автомобиль жөндеу зауытына бет алған жолда.

— Бұл зауыт бүрінші жөндеу шеберханасының ізінде құрылды. Бірнеше цехі бар.

— Өндірістің ақдулы техникасын жөндеу үшін енді ешкімге жалыншылды емесспіз десейші.

— Иә, солай. Кадрларды да езімізде даярлап алдык.

— Дауыс болған.

— Зауыттың болашағы да зор. Алдаты бесжылдықта осында 1В2-300 двигательдерін, СКН-3, СКН-5 станок-качалкаларының редукторларын, жиырма торт метрлік бүрғылау мұнарасын, тағы басқа күрделі машинилар, аспаптар, қосалқы болшектер шыгару қолға алынбақшы. Біз Қошқар, Комсомол көсіппшіліктерінде механикалық шеберханалар

ашып, ескі шеберханалардың станок паркін қайта жарақтаңдыруды қолға алдык. Қоңыр-Сағыз, Сағыз-Мақат, Комсомол-Мақат, Тентексор-Байшонас мұнай құбырлары төседі. Бұргышылар Данғардан, Ескене көспілігінің солтустігінен мұнай көздерін тапты. Олардың алдағы уақытте Қарсақ құрылымынан бірнеше нүкте қазбақ ойы бер.

— Қасішіліктерде де взгеріс аз болмас?

— Аз емес, арине. Оларда неғұрлым енімді станок-качалкаларды, сораптарды, бірнеше қабатты қатар пайдалану, қабетқа су айдау, ұнғылардың жондеуаралық мерзімін ұзарту, пайдалану коэффициентін арттыру, тоқталыста тұргандарын жедел жондеу басты назарда.

Елеулі жаңалық деуте тұрарлық бір жайт — откен жылғы мамыр айында Мәскеуден Мемлекеттік комиссия келіп, үш алта жұмыс істеді. Мұнай өндірісі қәсіпорындарының қызметімен және қолда бар геологиялық материалдармен танысты. Сол комиссияның жұмыс қорытындысы көрсеткенідей, қырық жылға жуық өндірістік пайдалану кезінде Ембі мұнайлы ауданында мың бес жүз түз күмбезі құрылымының отыз екі күмбезі гана берланышты. Оның жиырмасында мұнай бар екені анықталған, он кен орнынан мұнай өндіру жүзеге асырылады екен.

Комиссия мұнай горизонттарының тайызда жатқанын (600-1110 метр) жыныстың тез бұргыланатынын, салыстырмалы турде алғанда орташа айлық мұнай өндіру деңгейінің жогарылығын, мұнайдың сапалылығын көрсете келіп, Министрлер Кеңесіне бұл өнірде барлау жұмыстарын орістету женинде ұсыныс бермекші болып кетті.

— Демек, Ембінің данқы олі-ақ, талайды таңданырады десейші...

Ғабец осындағай көтерінкі көніде зауыт табадырығынан аттап, ұжым қызметімен, өндіріс шамшырақтарымен жете танысты.

— Мине, Шығанақов Әбіш дейтін шеберіміз. Соғыс кезінде бес-алты станокты қетар зыр айналдырыған белгілі стахановшы.

— Бауырым-зу, екі қолмен бес-алты станокты қалай гана менгердің?

Ғабец аң-тәң.

Аз-кем тосылып қалған ұяң мінезді Әбіш:

— Шеберлік пен ындағат не істептейді. — деп жымия құлді.

— Енді Әбіштің шекірттерімен танысыныз.

Отеп пең зауыт директоры Ғабенді фрезер және ажарлау станоктары тұрган цехқа бастады.

— Мына аққұба қызы Галина Зотова, аның Серкебаева Үркін, оның арғы жағында тұрган Анастасия Приданова. Бөрі де фрезершілер.

— Қыздарыныздың жузі ғүлдей, көзі оттай жайнап тұр екен...

— Бұлар Сіздің очеркінің емес, роман-повесінізге кейішкөр бола

алатын жандар. Бірдеңе жазатын шығарсыз.

— Эрине. Мен қыздарға берген үәдемді жерге тастаған жан емеспін!

Зауыттан қанаттанып, электр станасы мен демалыс бағыттан бойына
куат жинағандай куанип шыққан Габекең Өтепті қолтықташ алыш:

— Енді оз омірінде мені тұғылдырорлық не норжे бар, соны айт! — дед.

— Адам таңралатып да ерекше өкіті бола койған жоқ. Мыналарды
оның қатарына жатқызуға бола ма, болмай ма, оны айта алмаймын.

Мәселен, Батен келішілік босанып, әкеміз балғымбай туңғыш
нemerесін сүйді.

— Мине, жаңалықтың кекесі!

— Аты кім?

— Нұрлан.

— “Бала – қымбат, немере – ыстық”, — демекші, Бекең бір жасал
қалған екен гой.

— Устіміздегі жыл басында бізде республика Фылым Академиясының
хөшпелі сессиясының откесінен хабардар шығарсыз. Жаңағы
қішкентай Нұрланға сол сессияға қатысып, уйімізде қонақ болған
Қаныш Имантаіұлы: “Улken азамат бол!” — деп бата берді.

— Борекелді! “Қайыштан тапқан алтыннан, ақсақал берген бата
артық”. Қанекендей кісі төресінің аяулы алақанынан тараған шанағат
Нұрланды, көр де тұр, талай бінкікке самғатады әл.

— Жаңалықтың бары осы болды, Габеке, әзсінбаныз.

— Біреүін жасырып қалдың. Оны өзім-ақ, айтып берейін. Сенің
руы “Ысық,” деп жариялған Кипони Огай есімді інің бар қорінеді.

— Оны қайдан естің-білдіңіз?

— «Ел құлагы – елу» емес не?

Габеке мен Өтеп біраз күлісін алды.

— Иә, ол менен уш жыл кейін, 1941 жылы мұнай техникумын бітірген
еді. Жұмысына адал, орі же жеке мәмантан. Қазір Макат көспілшілігінде бас
инженер. Екеуміздің көзіліміз сінбек пен достықта жарасты. Ол мені ага
деп сыйласа, мениң оны іні деп қадірлеуімде шек жоқ.

— Ендеше, бәрі де күтті болсын!

Ертесіне Өтеп Габдол ағасын Сагыздан, Бекбикеден орі асын,
Жылымай шекарасына дейін шығарып салды.

Қоштасу қашан да қыны. Содан ба, Габен қатты толқып, былай деді:

— Өтепжан, сен бағың бар жігітсін! Қолға алған, ойға түйген істерің
онғарыла берсін, қанаттың талмасын!

— Коріскеніше, күн жақсы болғай!

...Өтеп жастайып да асеріпіл еді. Сонысынан ба, қонақты үзатып

салған бетте машинаға отырып, кері тартып кетуге асыға қоймады. Жол жиегінен біраз ұзап, жан-жагына сүйсіне көз жіберді. Есіне хатшылық жұмысының алғашқы күндері түсті..

„Отеп іске беріле кірісken. Хатшымын дең жайлы кабинетте шіреніп отырып алмады. Өндірісті түгелдей аралап шықты. Жұмыснылармен, мамандармен кездесті. Олардың жогы мен жітігін, қажеті мен зәруін екшеп, түгендедей. Үйысын, үнай түгендеудің қамын ойластырыды.

Осы алғашқы қадамдарын бірінші хатшыға мөлім етіп еді, ризалық білдіріп, қосымша ұсыныстарын айтты.

— Бағытың дұрыс. Дегенмен, бізде мұнай өндіруде технологиялық, режимдерді белгілеу, геологиялық зерттеу жағы мұлдем қалыс қалған. Жұмыс істеп тұрган ұңғымалар қорын тиімді пайдалану, бұргылауда шашшандықты арттыру, бұргылау қондырығыларын құрастыру мен бөлшектеуге кететін уақытты барынша қысқарту мәселелерін батыл қолға алмасақ, болмайды. Соғыс адамдар секілді өндірістің жүйкесін де мықтап жүккаратты. Жүқарған жүйкені дер кезінде сауықтырмасақ, кеш қаламыз, — деді ол. — Электр стансаларында ырғакты жұмысты қамтамасыз ету, құрылыста ерескел артта қалушылықты жою айырықша манызды. Алда, 31 қаңтарда өтетін аудандық партия конференциясында осы секілді өзекті жайттарды сезегіп, нақты уақыты мен жауапты орындаушыларын көрсету арқылы қапысыз ойластырылған шешімдер қабылдаута тиіспіз.

Отеп солай істеді де: 1949 жылы үмітті кен орындары — Қошқарда, Комсомолда, Доссорда, Тентекорда, Байшонаста бұргылау жұмыстарын өрістету. Доссор мен Мақатта, Сағыз бен Байшонаста ұңғымаларды пайдаланудың екінші адісін жетілдіру және кеңінен енгізу. Ескене мен Сағызда жерасты қабаттарында жарылғыш заттармен қуыс жасап, ұңғымалар диаметрін есіру, электр стансаларын толық жұмыс режиміне көшіру, ол үшін I мамырға дейін Доссордагы бу-трубина электр стансасын пайдалануға беру, жыл аяғына дейін Қошқар, Комсомол көсіппшілктерінде жайнастыру жұмыстарын толық аяқтау. Доссорда I сауірге N 19 кәсіптік училище, I тамызға 280 орындық мектеп үйін түргызу белгіленді. Одан ері соғыс жылдарында майданды сапалы мұнай өнімдерімен үздіксіз жабдықтып, Ұлы Женісті жақыннатуға елеулі үлес қосқан көсіппшілктерде еңбекті үйнамдастыру өдістерін жетілдіріш, басқаша құру, өндіріс мәдениетін арғызыру батыл қолға алынды.

Бұл кезде тұрмыстық, жағдайды жақсарту, ең бастысы — адамдардың еңсесін көтеру қажет еді. Аудан басшылары, соның бірі — Отеп те, бұл тұрғыда үзбей ізденді. Ізгі бастамалар мен оң

тәжірибелерді зерделеп, зерттеуге дең қойды. Асыл мен жақсыны өз орталарынан табуды да үмтігнеді.

— Бізде бәрі де бар, — деді Өтеп өндіріс жетекшілерімен бас қосудың бірінде, — салыстырып қарасаңыздаршы, "Қазақстанмұнай" бірлестігінде ұғымалардың бүргілаудың орташа шапшаңдығы небары 315 метр-ақ, ал өзіміздің Қошқарлық, бүргілау шеберіміз Есқариев Рамазан оны 1500 метрге жеткізіп отыр. Немесе автомобиль жондеу зауытының фрезершісі Шығанақов Эбішті алыңыз. Ол екі жылда үш емес, төрт емес, бес жылдық норма орындалды. Тамаша көрсеткіштер емес не?

1949 жылдың тамызында Өтеп озаттар слетін еткізді. Онда әзербайжандық шебер Ага-Гусейн Кафаровтың үңғылар жабдықтарының пайдалану мерзімін үзарту жөніндегі бағалы бастамасын талқылаш, көптін шікірін білді. Соның ізінше Байшонаста, Сағыза, Мақат пен Доссорда еңбек үйімдестірудың жаңа үлгісі — ірілендірілген кешендішаруашылық, есептегі мұнай өндіру бөлімшелерін құруды ұсынған тары бір әзербайжандық шебер А.Багиров бастамасын қолдау науқанының тұсауыш кесті. Негізгі озегінде құр ерікпү тудыратын шалағай шаралардан горі өзекті ортеген өміршең мақсаттар жатқандықтан мұнайшылар ол енегені де жаңдарына жақын тұтып, іліп әкетті.

Дәл осы сәтте мұнайшылар арасында жетілдірушілік және жаңашылдық үрдісі ерекше көзге түсті. Өтеп оны да өшіріп алмау үшін кеңес құрыш, жұмыстың екі бағытта: шаруашылық жетекшілерінің және инженер-техник қызыметкерлердің техникалық творчествоны дамытудағы ролі мен жауапкершілігін көтеру; жаңашылдармен жүргізілетін үйімдік-көпшілік жұмысты жақсарту бағытында жүргізуіне бағыт-багдар сілтеді.

Ол саңада сілкініс пен серпін, жұмыста үмтіліс пен ынта тудыруга жиналыстарды, кеңестерді, техникалық конференцияларды, қоғамдық, байқауларды шебер пайдаланды.

Айтпақшы, шілдеде ауданда құрметті қонақ болған қарымды қаламгер де үәдесінде тұрды. Ол "Атырау адамдары" атты көлемді очеркін қазан айында облыстық газеттің үш немірінде, қараша айында "Әдебиет және өнер" журналына жариялад, 1957 жылы "Бесжылдықтың ернәдері" атты очерктер жинағына енгізілді.

Бұл биік мақсатты қөздеңен мақаттық мұнайшылар үшін, олардың наимис оты жалындаған сезін сойлейтін Өтеп үшін зор құрмет еді.

Екі кісінің басы қосылса әңгіме етері — ауданда болып жатқан соңғы жаңалықтар мен өзгерістер. Біразын Өтеп есімімен

байланыстырыды, оның жеке омірі мен адамдық қасиеттерінде қозғамай қалмайды. Естір құлаққа солардың борі болмаганмен біразы, бірде сирек, бірде жіті, жетіп жатады.

Тыңдау көрелік:

— Есіргі кімге болса да ашық, қонақжай жігіт корінеді...

— Құлқілымр да ыссы адам гой. Содан тайсалмай, келіспейтін мөселелерін жеке озіне айтып салады дегенді естідім...

— Кошеде жолығып қалып ем, құрак үша амандасын, ескі танысыныш, бер жағдайымды сұрап алды. Денсаулығымның оңын тұрмaganын сезгені шыгар, "кутініңіз, емделініз, комек қажет болса айтудан жасқанбаңыз". — деп және қойды. Ойы да, жаңы да таза адамның сойы. Түбінде оны белгілі қайраткерлердің бірі десе, тіпті де таңғалмас едім...

— Екі-үш жаста бір ұлым бар екен. Қазір зайнұбының аяғы ауыр көрінеді...

— Жұмыс десе ішкен асын жерге қоятын тынымсыз жан дейді. Онысы оң истиже бере бастанды гой. Кейбір көсіппшіліктерде мұнай ондиру колемі көтеріле түсken...

Міне, осылайша жалғаса береді.

Өтептің озіне салсан, тыңдырганынан тыңдырмаганы көп. Ауданды оралымсыздық, ысырапшылдық, терешілдік өлі де өршіп тұр. Жинақтан айтса — кедімті жегі құрт.

Осы тұргыда белсенді күреске бел буган Өтепке 1950 жылдың 10 тамызында КСРО Министрлер Кеңесінің "КСР-да мұнай өндіруді арттыру шаралары туралы" қауымсыз мени Мақат көсіппшілігі бастауыш партия үймінің есебін тақылаған аудандық партия комитеті пленумындағы іскерлік ахуал, облыстық партия комитетінің хетішілік екілдігі бар ондіріс болімінің бастығы Мұхамбет Айтұулы Исеновтың соңда сейлекен сөзі айттарлықтай асер етті және есінде үзақ, сақталып калды. Ойткені кемшілікті дер кезінде байқап, оны тұтынбауга себеп-сәлдарды кімге қатысты болса да ашық, айтып, кіналілерді жалғаның жарығына шыгару, ақыр аяғында кемшіліктерді жою жолдарын тайга таңба басқандай етіп айтып беру — үлкен енер. Үлкен енерге ие болу омірлік тәжірибесі, дүниетанымы мол Мұхамбет Айтұұлы секілді тұлғалардың тана қолынан келсе керек...

Иә, бұған дейін талай жауапты жұмыста шындалған, соның ішінде КСРО Ауыр енеркәсіп халық комиссариатында инженер-диспетчер, 1938 жылы КСРО мұнай енеркәсібі халық комиссариаты құрылғанда оның Орта Азия мен Қазақстан бойынша мұнай өндіру болімін

басқарған Мұхамбет Айтуұлы кемшілікті көре, айта білмесін бе? Ол атапмыш қауылға дейін де, қауыдан кейін де Мақат, Доссор, Байшонас хосішшіліктерінде мұнай ендіру деңгейнің томенден кеткенін қынжыла айтты. Себептеріне тоқталында үңғымалардың қайта жондеудің көбеніп кеткенін, көптеген үңғымалардың істен шығып қалғанын, ендіріс мәдениетінің томендейгін, жыл сайын қысқа озірақ пен кадр даярлауга жеткілікті коніл болішибейтін тілге тиек етті.

— Соңда сенім білдіріш, жауапкершілік жүктеген ендіріс басшыларының қаіда қарап отырганы... Тек Байшонастың өзінде 63 үңғымалардың тоқталысқа үшіраған, — деді ол төралқа мен задағыларға көзін сузе қарап. Отеп мұны баршаны ортақ тортіпке шақыру, ортақ миңдетті үңғымалардың белгісі ретінде қабылдады. Ал, екиші мәселені талқылау қорытындысында бұрынғыдан да қатты, бұрынғыдан да азы сын тиегін ағытқанын төбеден наизағай түскендей тосын оқығағана емес, пленумынан кейін көп мәселені қайта қарастыру қажеттігін мәрзен деп түсінді.

Ол былай дед:

— Ізімбергенов жолдастың баяндағасында көзбояушылық түнш түр. Ол бүгін кесішшілік шартты үйлемшілік хатшысы дәрежесінде емес, шенеунік, мәлімет жинаушы дәрежесінде сейледі. Өнім ендіру жоспары толықтай сотсіздікке үшіраған. 223 рет қайта жондеуте жол берілді. Бұндай жағдай Ембінің бірде-бір көспорныңда жоқ. Кесішшілік күні бүгін 2000 тонадан астам мұнайға қарызыдар...

Ерекше откір, ерекше аділ сын! Оны көпшілік откір болғандықтан да үйып тындағы, әділ болғандықтан да жатырқамай қабылдады. "Әділдік екімге де, алсізге де, әркімге де — бірдей" деген осы.

Отеп ойланып қалды.

"Ешкім де жанбай жатып өшү үшін тұмайды, осу үшін, өну үшін туады. Бірақ, оңгіме қалай есіп, қалай өнуде. Мына биік мінберде тұрған Мұхамбет Айтуұлы сонау кезде жоқшылықтан жапа шеккен, еңбек жолын осы Доссорда "Барыш кел, алыш келдің" қолбалалығынан бастаган шикізкіне бозбаланың бірі емес не еді? Енді қарасаң ақылына білім мени білігі, адамдығына қасиет мени қадірі сай салиқалы азамат. Жұмыр басты көп пендешің ортасынан сұмырылып шығыш, бір қауым елдің қамын ойлад, сезін сойлеуге жараган салуалы басын. Оның келешегінің де кемел боларына ешкім шұбо келтірмегендей".

Отеп осы сөт Мұхамбет Айтуұлының кісілік келбеті мен азаматтық боламысының тутаса жындастып, езін еріксіз тартып, еліте баурап бара жатқашын анық, сезініш, байқагандай еді.

"Иа, басшылық тізгінің ұстагандар Мұхандай болса, осыдан ондаған

тасыр бұрын ал-Фараби бабамыз айтқан тұжырымдар бүйгінен корінсе, арман не?"

— Мен қатты сын айтты екен деп Құлекең жаңагы Ізімбергеновті "шіштіріп" тастамасын. Құлекеңнен ол да шығады. — деді Мұхамбет Айтұұлы кетерінде жымия күліп. — Оның қолынаи жұмыс келеді. Тек шаруашылық басшысының жетегінде кетіп, бойкүйездікке үрынған. Бұндай жаман әдептің шырмауына түскен жалғыз Ізімбергенов емес. Ол оның басқа әріптестерінің де басында бар. Егер оларды төменгі буында оздеріңзге сенімді тірек, көрекен көз санаңдар, оятыңдар үйқысынан, жаңаша, отты жігермен жұмыс істеуге үйретіндер. Келістік пе?

— Келістік, Мұха!

Мұхамбет Айтұұлы адам психологиясын зерттеуге құмар еді. Ол Құлқайыр Оспановтың қабілеті мен іскерлігіне шұбә келтірмесе де кейде морт кететін мінезі бар екенін билетін. Білгендейтін де мінездегі ауытқу оны басқа бір шектен шығарып жібермесе екен деп сақтаңады, Құлқайырдың өзін де сақтаңырады. Осы пікірін: "Тай-құлымнан табіскең құрдасымсың, ренжіmessің", — деп мақтамен бауыздагандай етіп бірді-екілі ескерткен де.

Құлқайыр соның қай-қайсысында да ақ жайдақ мінезімен жарқындағанда күліп:

— Білемін, айтпасаң да білемін, ол кемшилігінді. Шаруа тыңдыру деген, Мұха, кейде орт сөндірумен бірдей. Жаңыңды алқымыңа әкеліп тыққанда еркінен шығып кеткенінді байқамай-ақ, қаласың. Эйтнесе мениң ешкімде алар ешім жоқ. Ашуымнаи тез-ақ қайтамын. Кек сақтамаймын. Жүрген жерінде: "ол кісі соңдай да, соңдай", — деп көтермелен жарии қыла жүрініз. Оныңда жүзім сұсты, соган қараң маңыма ешкім жоламай кетер, — деген-ді ол соңда азіл-шының араласыра.

Құлқайырдың күркіреген дауыл мінезінен кейін нәсер жаңбырдың бола бермейтініне ауданға келгелі Өтептің өзі де күе.

Қақаған қыс оргасында мынадай оқиға болды. Құлекең күндегі әдеттіше жұмысқа тым ертелеңтіп келген гой. Келсе, кеңседе жылу жоқ, Жұмыс болмесі қақап түр. Сұрастыра келе сол маңдагы мектеп пен түрғын үйлер де жылусыз. Облысқа жедел жонелтиуге тиіс бір маңызды құжатқа кол қоймақшы бол қаламсанты сия-сауытқа сұғып еді, батпайды, сиясы қатып қалған.

Содан Құлекең ашулансын... Телефонды қолға алыш, бюро мүшелерін, оларға қоса коммуналдық қызмет басшыларын шақыртты да, кезектен тыс бюро мәжілісінде қыс ішінде жылу беру тәртібінің бұзылуына кінәлі санаңдарды алды-артына

қаратпай жұмыстан босатып жіберді.

Бюро біткен соң Өтеп Құлекеңе қайта кірді.

— Құлеке, борі де дұрыс, жауапкершілікке шақырып, жаза беруің де орынды. Бірақ, босағандардың орынна кадр тауып, кемшілікті түзегенше қаша уақыт кетеді! Коммуналдық, шаруашымық, басшыларның он екі сағатқа мұрсат берейік.

— Он екі сағатың олар үшін көп. Сегіз сағат...

— Жарайды, сегіз сағат-ақ болсын. Ақауды сол мерзімде жоя алса, кешірім жасармыз; жоя алмаса бюро шешімі қүшінде қалмай ма?

— Мұның да жөн екен, — деді Құлекең райынан тез қайтын. — Алайда, осы үйгарымның ватижесі үшін өзін жауапты боласын. Соны ескер!

Сейтіш мойнына жауапкершілік жүті түскен коммуналшылар кешке дейін жанушыра қимылдаш, кесімді уақытта жылу беруді қалыпқа келтирді және осла оқиғаны өздеріне үмітталмластай сабак етті.

Өтеп те қызметтік дипломатиясына жана бет қосты. Қарым-катьнастеги сенім мен ізгіліктін, қаршайшылдылық пен кішілешілділікін адамдарды қуанышқа белеп, мереян үстем етегініне тағы да коз жеткізді.

Жалпы, Өтептің пайымдауыншо, адам баласы өз өміріндегі есте қаларлық жайттарды көп, не аз деп үшқары шікір айттып, күмәнді олшем жасағ жатпайды. Бірақ, олардың қайсыбірінің қамшының сабындағы қысқа рұмырда шешуші тетікке айналары ақын. Осы орайда елуіші жылдың тамызында Ізімбергенов Қожахметтің аспанында нойзатай ойнаган күнді елемей оту әділдікке жатпас еді.

Шынына келсек, Қожахмет басына борік кигеніне, беліне белбеу таққанына, қолтырыла папка қысқанына моздің бірі емес екен. Намысқа шауыш, оділ сыйнан лайықты қорытынды шыгарды. Байшонеста талайдың енегелі іске бастады, талай орісті шаралың жүзеге асуына мұрындық болды. Ақыры оның іс-тәжірибесі республикаға мәлім етілді. 1966 жылы Алатыңдағы баспадан "Байшонас мұнай көсіппшілігі партия үйімінің жұмыс тәжірибесін" атты кітапшасы басылып шықты.

Қожахмет кейін сол айтулы күнді бойына туда біткен байсалдылық, бесігіне болеп, "Мениң үйқымды шайдалай ашиқтың күн" дегі жариялады. Әділ сыйнан исесі Исенов Мухамбетті "Өміріндегі бетбұрысты кезеңдерін көшбасшысы". Балғымбаев Өтепті "Азат ойдаң тұнығы" атап кетті.

Айтылған сез — атылған оқ, Дегенмен, кейбір тұстастары оның бұл айқындалмаларын анықтағысы келді ме, алде басқа ойлары бар ма, қавқакылдан сұрақ қоюға ауестік білдірді.

— Оу, Қожеке, көшбасшын түсінікті, ал "Азат ойдаң тұнығы" дегенінің мәні неде? — дейді олар.



Адамды алға арман жетелейді. Балғымбай қарттың талай рет:
"Мениң де үрпағым, адал еңбегімен елге сыйлы үлкен өuletке айналар", -
деп армандаганы, хақ. Ата арманын іске асырушылардың бүгінгі бір тобы



Койшыгара мен Қанзира өз үрпағы арасында



Койшығараның үлдәрү, немерелері және көліндері Алатау аясында



Нұрман Қойшығарауы/ іссапармен Францияда



1938 жыл. Гурьев мұнай техникумын
бітірушілер (солдан онға): Әтеп Балғымбаев,
Таумұш Жұмағалиев және Арон Ибрашев

Өтептік 4 арысы: Нұрлан, Нұрберген, Саламат және Әнварбек (1982 жыл)





Өтептің жұбайы Бәтен жөнгей - болашақ мұнайшы
Жәнгір шөбересімен



1956 жыл. Қазақстан Компартиясы VIII-съезі делегаттарының бір тобы.
Сол жақтан бірінші - Өтеп Балғымбаев



1960 жыл. Қазақстан КП Х-съезі делегаттары.
Жоғары қатардың оң жағынан екінші -
Әтеп Балғымбаев



1961 жыл Қалалық атқару
комитеттің тәрағаларының
Бүкілоджық кенесіне катысушылар
Дн. жағынан бірінші - Степ Балғымбаев



Ел Президенті Нұрсултан Назарбаев
Қотыртас көнін іске қосу сөтінде. Қасында
Нұрлан Балғымбаев және Махамбет Батырбаев



Нурберген Өтепұлы
мұнай кәсіпшілігінде
(оң жағында
Балтабек Қуандықов)



Бұырқанда дамып, торінде мұнай селі аспаша атып, газ алауды алаудай жанган қазыналы жердің баршасында құрылғыс объектілері үшін жобалау-сметалық, құжаттамалер өзірлеу парызын арқалаган бұл үжымдағы жұмыс оның оң жамбасына дөл келген онттайлы қам-жарекетке айналды. Әрине, бірден солай болды деу асылыш, та шыгар. Алғашқыда жүрексінген, жан қипап, жана шеккені рас. Бірақ, қанша легенмен соныста, өмір мен әлім сот сыйын беддесе кететін майдан алаасында жүрген жоқ, қой. Қажеттік туганда, жан алқымға келгенде, оңда да дұрыс шешім қабылдан, талай түйіктан еңсе түсірмей, есе жібермей құтылды емес пе? Ал, мына жerde қайнаган қазан – бейбіт еңбектің қазаны. Оның құлагын ұстаяндар бейбіт өмірдің берекесін есіріп, берекеттің тасытсак, деген ортақ, мақсат, брегей мұдденің иелері. Ешкімді оғименін итермейді, оңешінен қысып, өзегінен теуіп, етейсіттейді. Қайта құшагына қыса түседі, бауырына тартып, барды боле жейді, боле ішеді. Куанышқа да, қайғыга да ортақ. Сурінсен сүйейді, кемшілігінді түзеп жақсылығында жария етеді. Іштарлық, пен бекай есеп босағадан сыйғаламаган соң, тоғышарлық, пен төрешілдік терге озбаган соң ауа да таза, ахуал да онды. Өтолі осындай ортага тап болғанына риза. Бәгым деп болжам жасады, бақыттым деп қуанды.

Мұнисы орынды да еді. Өзінен үш-төрт жыл бұрын институтқа Бекуден, Грозныйдан, Майкоптан, тары басқа қалалардан эвакуациямен келген В.Г.Семенюк, М.П.Штопоров, С.М.Праведников, Е.И.Целиков, В.Н.Горсенский секілді кәсіби шеберлігі жоғары мамандардың қай-қайсысы да қол үшін беріш, қамқорлаудан жалыққан жоқ.

Соның ішінде институттың 1943 жылдан 1961 жылға дейінгі директоры Владимира Григорьевич Семенюктың орны ерекше. Ол соғыстар шыныдалыш оралған жас жігіттің бойынан өршіл талапты, ісінен ізденіштікте таныды ма, оку-тоқуын жеткіліксіз демей, бірден аға техниктікте сенин тапсырып, төрт жылдан кейін тары бір үзін сатыға көтеріп тастанды. Жобалардың бас инженеріне тағайыннады.

Іздестіру-зерттеу бөлімінің бастығы Борис Артемьевич Топчевский де Өтәліге ез көнілінің төршеген орын бергендердің бірі болды.

— Аса сауатты, оқыган-тоқығаны көп Борис Артемьевич мениң көкіретімнен саңылау көрғен шығар, бірден жетекке алып, маман ретінде қаз тұрып, қауқар жинап кетуіме көп енбек сінірді. Сол жүргендеге езінде де жоғары білім жоқ еді, — дейді Өтәлі.

Осыны айтады да, мектептегі үстазы Имзин Қайдарды, үшқыштар мектебіндегі нұсқаушысы Землянковты (екіншкө орай, есімі есінде қалмаған), майдандарға звено командирі Коптев Петр Александровичті еске тусыріш, олардың ез өміріндегі орнына тиесілі баға беруге асыгады.

Қайдар ағайы математика пәнінен сабак берген. Несін айтасың, ез ісінің шебері болатын. Құйма құлагы, зерек зердесі бар шәкіртке математика ілімін, бұрынғыша айтсак, тайга таңба басқандай, қазіргі заманың тілімен айтсак, компьютердің қамбасына құйғандай төклемеш шашпай, мәңгілік қадеге жарайтындаидәрежеде сыйға тартатын. Соның Қайырын көп көрді. Автомеханиктер мен үшқыштар мектебінде, политехникалық институтта, тіпті күнделікті қызыметінде математикадан мудіріс көрғен, мүкіс түскен тұсы жоққа тән. Көп адам "математикадан үстазың кім болыш еді" деп атын естүте құмартатын, риза көнімен басын шайқайтын.

Землянков самолетпен ұша білу мен қона білудің қыр-сырын ұғындыратын, мұлт кетуді мұлдем ұмыттырып, балапан жүректі баһадур жүрекке айналдырмай қоймайтын нағыз тастайын толімгер болатын. Әуе жаттығуы кезінде Өтәлінің үшудың "академиялық," тәсілдерінен ауытқыш, езінше езгеріс жасап, өнер көрсете білетініне разылдыры шыгар, ол жынысп, оң көзін қысыш масаттанып қалатын. У-2-ден әрі икемді, әрі үшқыр езге бір самолет тақымына тисе, Өтәлінің "үршық ніру" ме, "шыр кобелек үйірілту" ме әйтеуір күміс қанаттың аңы терін сызырып алары анық. Қабармандақты тілейтін мамандық, романтикасына берілгені сонша, үнемі қынданып, көнілін шексіз қияга самғатып жүреді. Үстазына шәкіртінің осы қылықтары әбден-ак үнайды. Өйткені батыл ой — батырлыққа серік.

Ал, звено командирі Петр Александрович нағыз қатаң таланттың адамы еді және әркімнің ез іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарауына зор мән беретін. Оның ойынша, аспанда үшү-өнер, сонымен қатар — ерлік те. Өнерді тек таланттар, ерлікті тек ержүректер ғана жасай алмақ.

Бірде Өтәлі торт жарагыны госпитальға жеткізіп оралған. Аэродромда оны Петр Александровичтің езі күтіп алды. Жүзінде мазасыздық бар.

— Бүгін салмақ саған түсінкірейін дег түр, — деді ол. Ас-сұмының ішіп, самолетің жаңар-жагармай құйып алған соң тағы да екі рейс жасауың керек. Иван Старчев ұшу тәртібін бұзды, бағанага оң жақ, қанатын соқтырып алды. Желдің қолайлы болмай тұрғанын өзің де сезген шыгарсың. Абай бол! Аман-есен оралуыңа тілекtesпін.

Ол майданда ешкіннің де мутедек болыш қалмауын тілейтін. Өйткені оған мертігудің қасында өлімнің өзі түкке тұрмастай көрінетін. "Если смерти — то мгновенной, если раны — небольшой" деген әннің сезін жиі қайталайтыны да сондыктан.

...Шыныңда да, желең қарсы ұшып, желең қарсы қону ұшқыш үшін үлкен көмек. Олай болмай, жел ұшу аманының тұра аш бүйірінен соқса, жай соқпай өрши, өрекши соқса, ол шеберліккің сынға түсер шағы. Майдан даласында кокжиееккө дейін косілген кеңістік кездесе бермейді, алақандай алаңнан тез көтеріліп, сондай алаңға аман-сау қона білуін қажет. Ауытқыш кетсен, бірденеге ұрынарың анық. Жаңағы Иваның сән соғын Қалғаны алдын-ала қам жасамағандығына.

Өтөлі берілген тапсырманы бұл жолы да мұлтіксіз орындады. Тағы да екі рейс жасап, жарақат жаңына батқан, тіршілікten үміт үзе қоймадан торт жауынгерді госпитальға жеткізді.

Сол жолы Петр Александровичтің разы қоңыліне күә болар ма едіріз? "Міне, менің бетырым, міне, менің қыраным!" дег арсаландаі қарсы алып, Өтөліні құшарына құшарлана қысты. Бетінен сүйіп те алды. Содан өрі байсалды қалпына түсіп, ойға беріле тіл қатты.

— Білесің бе, аспаландырылған шайқас әскери енердің қайталанбас шығармасы. Сен бір күнде он рет көтеріліп, жерге он рет қонып, сегіз қыны тағдырга араша түскен екенсін. Демек, сен алты қайталанбас шығерма жаздым немесе оны дүннеге өкелдім деуге қақылсың.

— Петр Александрович, бұл менің жауынгерлік өрі адамгершілік міндетім рой.

Асыра мадақтауды сүйе қоймайтын Өтөлі бірден қорғаныска кошті.

Командирдің де айтқанынан қайтқысы жок.

— Солай солай рой. Бірақ, меселенің түйіні сол міндетті кімнің қалай атқарғандығында. Тәртіп шеңберінен шығып кететіндер мен міндеттіне салғырт қарайтын әлдебіреулердің өрекеті менің арқама аяздай батады. Осының түсін. Қалай дегенимен сен ерледін. Саған деген сенімінде шек жок.

Бұл оның шын сезі, шынайы сырь ед...

Өтөлі институтта қызы еңбекке бас қойды. Бұрын не тындырылыш, неге назар аударылғанын білу мақсатында откенді де зейін қоя шолып

шықты. Осы шолудың өзі үжымның қысқа мерзімде қыруар шаруа бітіре алғашна көзін жеткізіп, көнілін тогайтты.

Сұрапыл соғыс өрті лапыдаң, жер-дүниені шарпың жатқанда Доссор, Сағыз, Мақат, Байшонас, Құлсары, Қосшагыл, Комсомол көсіпшіліктері "майдан үшін қаша мұнай керек болса, сонша мұнай береміз" деген ұлы ұранмен жұдырықтай жұмыла енбек етсе, институт солардаң сенімді серігіне, тегеурінді тірегіне айналыпты. Солар үшін мұнайды жинақтаپ, тасымалдаудың ең онтайлы жобаларын жасапты: Комсомол-Бекбеке-Мақат, Қошқар-Сағыз, Тентексор-Байшонас мұнай құбырларының, Байшонас-Тентексор суағарының, электрлік беріліс желілерінің, Гурьев қаласы мен жағағы мұнай көсіпшіліктерінде түргын үйлердің, алеуметтік-мәдени объектілердің, өндірістік гимназиялар мен тұрақжайлардың алдын-ала тұсауын кесіп, құжаттамаларын дайындаңты. 1942 жылдың аятында бұрынғы кішкене топтар орнына арнаулы жобалару болімдері құрылышты.

Мұның өзі, уш-төрт жылдан кейін Оталінің өзі күөгер болғаныңдай, жағаты жұмыстарды 1948 жылы ашылған Тереңөзекте, 1957 жылы ашылған Тәжігали мен Төлесте мұлдем жаңа сиатта, терендете, жетілдіре жалғастыру мүмкіндігін туғызыды. Біраз құжатты санада сараптап, көнілде түзген мақсаткер мамандардың бірі Өтөлі болатын.

Ол осы кезеңде жоғары білім алуды алдына бік мақсат етіп қойды. Жатпай-тұрмай ізденді. Орта мектеп қолеміндегі оқу бағдарламасын түгелдей қайталап шықты. Ақыры 1952 жылы, өзірлігім біршама деңгейге жетті-ау деген тұста Мәскеуге барып сырттан оқытатын Бұқілодақтық политехникалық институттың құрылыш факультетіне окуға түсті. Оны 1960 жылы ойдағыдай бітірді.

Балқім осы жолдарды оқыған беймәлім оқырманиның бәрінің болмағанмен бірінің езуіне "серіз жыл оқыса, өрине бітіреді" деген мысыл үйірілуі де мүмкін-ау. Бірақ, ажал аждаһасының аузынан күні кеше оралған азаматтың бойын тез тіктеп, мүгедектікті жеңіп, Бетимөмен отау тігіүі, қос ұлдың маңайынан иіскеуі, сөйті жүре студент партасына отырып, білім бұлатына алаңсыз бас қоюы елеулі де ерен іс емес пе? Да! осындаған ыжадағат екінің бірінің бойынан табыла берсе қандай ғанибет! Ал, оқу мерзімінің аз-кем ұзарып кету сырғы алғашқы жылдары деңсаулығының аяқ астынан сыр бергенінде, одан кейінгі бір жылдары нойп жұмыстың тап келіш, бас көтергенинде, барлық бақылау жұмыстарын, сессия сайын емтихандарды тек Мәскеуде, институттың өз қабыргасында таңсыру талан етілгенінде жатыр. Дегенмен, Өтекенде бұлардың ешқайсысы жасыта алмады. Есесіне

қанаттандырып, жаңа биікке салғатын жіберді. Инженердің күректей дипломы аңда-санда естіліп құлатын: "Балгымбаевтың жоғары білімі жок, соган қарамастан тасы орге домалап барады" дейтін өсек-аяң мен сыйбыс-сызың сырттан гайбаттау біткенің комейіне де қорғасын құйып үлгерді...

Жылжиган жылдар қызметкерлерімен бірге институт өміріне де айтулы өзгерістер әкеле бастады. Елуинш жылдардың орта түсінде тонырақ лабораториясы құрылды. Ол тонырақты лабораториялық зерттеу сапасын көтеріп қана қоймай, зерттеу материалдарын беру мерзімін анағұрлым жеделдегі.

1959 жылы жұмыс істей бастаган автоматика және телемеханика лабораториясы институт атын мұқым елге үйіледі. Ондағы ғылыми зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар, кәсіпшіліктерді телемеханикаландыруды жобалау, автоматика және телемеханика құралдарын жасау мен құрастыру, реттеу мен жіберу, әкыр аяғында пайдалануға тапсыру секіді аса құрделі іс қолға алынды.

— Автоматика мен телемеханика мешеу де бүйіты тірлікті онып, бет вердесін сыйырды. Өндіріске жаңа деп, онда жұмыс істейтіндердің санасына соны серпіліс әкеді. — дед жазды институт директоры В.Г.Семенюк. Бұл елеулі оқынға ерекше мон бергендейкіт белгісі.

Бас инженер В.Н.Горсенскийдің жүрек табиғатын В.Г.Семенюктікінен кем дей алмассың. Ол:

— Біз ғылымиң кемесіне енді міндік. Оның желкеніне қожалықты будан былай беталды құла согатын жел емес, біздің қызметкерлердің зердесі жасауы тиіс, — деді.

Ұжым мүшелерін жаңа ізденіске шоқырғандай өсер беретін осынау лебіздер талай жүректі баурап алды. Тусауың кесілген лаборатория күшімен қысқа мерзімде Ембіде 1200-ге жуық, үнғыма телемеханикаландырылып, Құлсары, Косшагы, Байшонас, Қарсак, Сагыз, Қаратон және Комсомол кәсіпшіліктерінде телемеханика құрылышынан іске қосылды. Жобалаудың ғылым мен өндірісті байланыстыруышы буын екені толықтай дәлелденді.

Өндірістегі иғі ізденістер одан ері жалғасты. Солардың иғлігіндегі "Ембімұнай" бірлестігі қамтитын үлкен аумақты қарт Ембі және Еділ мен Жайық, өзендері аралығында тоғыз көн орнын: Қарсақты (1960), Кенкіяқты (1966), Мартышиды (1968), Камышитовыиды (1972), Гран мен Қараарнаны (1973), Жаңаталапты (1974). Алтықөл мен Батыс Прорваны (1977) игеру басталып, мың сан мұнаралар басына алаш шырақ жағушылар сапында бұрынғыша "КазНИПИнефтінің"

майталман мамандары болды. Олардың бұл орайда: "Жұмысшы поселкелерін қайда, қалай, кай жобамен тұрғызған жөн; алеуметтік, мәдени-тұрмыстық, обьектілерді жоспарлагандың бірінші кезекте неге көнді белген дүріс, сүмен жабдықтаудың, электрмен, байланыспен қамтамасыз етудің ең тиімді жолдары қайсысы; ондірісті телемеханикалаңдыру үшін енді нең жетілдіріп, неге назар аудару керек; мұнай мен газды жинақтауда, тасымадауда және дайындауда осы заманғы технологиялық процестер мен озық техникаларды қайдан, кімнің көмегімен алған дүріс" деген мәселелер шенберінде жұз ойланып, мың толғанғанына, ескелец талапқа есілкі қабілет-қарыммен жауап беруге, ешпес мұра қалдыруға тырысын баққандарына көшілік кү.

Мұра дегенинен шыгады, институт жобалаушыларын мұра жасаушылар, мұра қалдыруышылар десек, несі артық, несі айш?!

Инженерлік ақыл-ойдың, ігі ізденістің иғлігі дерлік ғимараттар жобасын дүниеге әкеleгендіктен де олар сондай атақ, пен ітишатқа лайық. Есік қаланың ежелі жұртының ор жойнауында архитектуралық, келісті көлбетімен жарқ, етіп, көнді біткенге қуаныш шашатын мемлекеттік банк, "Атыраумұнайгазгеология" акционерлік қоғамы, Жайық өзеніндегі бас копірдің екі жағасынан қанаттас орын төркен жедел жәрдем ауруханасы мен мемлекеттік энергия қадагалау басқармасы, Абай көшесіндегі институттың вз уй, "Мир" кинотеатры бүгінгі жоне болашақ үрпақ жәдігер тұтар тұлғалы дүниелер. Кейінгі жылдардың жемісі – "Жастар" кинотеатрының, мұнай+газ институтының, "Атырау" ширажайының, кіші өнер академисының, Жаңа Өзен қаласы мен Жегібай поселкесінің еңсөлі үйлерінен осы заманғы құрылыштың жаңа тынысы сезіледі.

Әлбетте, мәңтілік ештеңе жоқ. Сонда да өз дәүірінде өзіндік ернегі болғандардың ісі бөрінен де қымбат секілді. Олардың бірнеше жүздегені Өтөлімен қанаттас жұмыс істеді жоне Өтөлі-тәлімгерден, Өтөлі-акылгейден, Өтөлі-абыздан жақсылыққа, әділдікке, шыныдыққа, байыштылыққа, еңбеккорлыққа қалай жақын болудың үлгі-енегесін көрді. Барышылық, пен жоқшылықта да, деңгің саулығы мен сырқаттың құрсауында да бірқалышты күйде қалатын ғажап қасиеттің әрдайым жоғары бағалады.

Әрине, емір болған соң оның бұлтарыс-бұрылысы кездеспей тұрмайды. Өтөлінің 1961-63 жылдары он бес ай Гурьев халық шаруашылығы Кенесінің құрылышы басқармасында бас инженер, 1963-64 жылдары жиырма екі ай Қазақстан Компартиясы селолық, облыстық комитеттің құрылышы болғаннан мейндершісі, 1968-73 жылдары елу сегіз

ай "Ембімұнай" бірлестігі бастығының орынбасары міндеттерін атқарып, алтын үя санитарлық институт ұжымынан біраз қол үзгені бар. Бірак, бастамасы оның езі емес, партия органы болған сол қол үзудің үлкен өмір мектебіне айналғаны обден ақынет. Бойына биліккүмарлықтан төрі білімкүмарлықты, женина билік құғандардан горі білімкүғандарды жақын тартаттығы оған осы кезең иені болсын кең ойлап, мол пішу, жеті өлшеп, бір кесу қасиеттерін ұғындырып, үйретті.

Бұлары республика мұнай инженеркәсібінің жана кеңеңдегі ашын, ажарын айшықтай тұсу парызын арқалаган институт тіршілігінде де, адами тіршілігінде де талай мортे көдеге жарады, абыройын асырды.

Өттілі және оның әріптестері еңбегінің мұнай мәртебесін, газ беделін есірген Атырау мен Маңғыстау, Қызылорда мен Ақтөбеке, мына іргедегі Оралға қоса ұлы көрші Ресейдін Астраханы мен Орынборына, Варъеганы мен Самотлорына шашағат шашқаны қандай ғана! Еді дең қуанасың.

Қуана отырып, қуана жүріп. Атырау қаласының тарихын бейнелейтін бомігіндегі күтімсіздік пешін иесіздікің енді орын толмайтын ойранына кезіксең тұла бойың тіліркеніп, Өттілінің және оның бірнеше жүздеген әріптестерінің көреген конілінен, күйшіл көкіргегінен толғана туған сұлулық салтанатының гүл секілді мезгілсіз солмауын тілеуді езіңде бірінші кезекті борыш көресің.

— Әкем марқұм жас көзімде: "Жамаимен дос болма, жаласына қаласын, нағадымен дос болма, болесіне қаласың" дегенді шегелей айттыны. Бертін келе, есейе бастагаңда: "Көзі соқырға жолдас болсаң да, конілі соқырмен жолдас болма" дейтінді жіп-жіп қайталанқырады. Мұнының "жақсы жолдас, сыралғы дос тауып, омірінің мон-мағынасын арттырысын, әкіншілік қалмасын" дегені екен. Солай істедім де.

Маселен, Николай Кузнецов, Бисен Саппаев, Айдын Айбаров, Шоқу Эміров, Нұрадын Аймашев тары басқалары соңдай жақсы жолдастардың, сыралып достардың бірегейі. Аты аталғандардың алғашқысымен — Николаймен қымы-қыстау кезде, Петропавловскідегі авиамеханиктер, Магнитогорскідегі ұшқыштар мектебінде бірге оқып, бірге жаттынып, обден достасып кетсем, соғы тортеуі мектептестерім, онжылдықты бірге бітірдік. Шөку бұдан екі-үш жыл бүрін көз жұмды. Ақкөйлек азамат еді. Үәдеге беріктігімен, созге шешендігімен ерекшеленестін.

Бисен де, Айдын да, Нұрадын да ел таныған, елін танытқан, артурлі салада жемісті жұмыс істеп, бейнеттің зейнеттің кору бақыттына қол жеткізген азаматтар.

Алғыста жүргендіктен де Николайды сирек көріп, жиі сағынамын. Біріміз Нұраның, екіншіміз Жайықтың жағасында тусак та, бізді мәңгілікке табыстырылған қудіреттің аты білім мен еңбекке үмтىлыш, бір соғын айтқанда, мақсағ бірлігі..

Бұл соғын Өталі быттың, өзінің жетпісbes жылдық мерейтойны қарсанында айтып берген. Ал, мерейтой үстінде дос көңіл жандардың үлкен тобы шүркіраса бас қосып, сыйластық пең сағыныш ажарлаған достық отауын Достықтың ақ Ордасы етіп қайта тікті.

Әттең, сол салтанатта қазақ авиациясының әрі ақсақалы, әрі ардагері, екі март Еңбек Ері Николай Кузнецов болғандағы...

Өтәлі шақыруын шын жүргімен қабыл алған оны қазіргі авиацияның ақсынган мәселелері мен ілгерідегі қам-қарекеті Алматыдан үзатпай қойды. Ол бұл жолы нұрлы жүргінен шыққан шуақты да шыраймын сезді телефон арқылы жеткізді.

Олар соғын он жылда екі рет кездесті.

1983 жылдың 15 маусымы болатын. Жұмыста отырылған Өтәліге облыстың басқару органдарының бірінен жедел телефон соғылды.

— Балғымбаев Өтәлі керек еді...

— Иә, меммін.

— Сіз Николай Алексеевич Кузнецовты білетін шыгарсыз?

— Білгенде қандай!

— Николай Алексеевич "Каспий" қонақ үйіне тоқтаган екен. Сізben жұмыс күнінің аяғында кездескісі келеді.

— Жарайды. Хабарыңыз үшін көп раҳмет!

Белгіленген уақытта қонақ, үйге келген ол Николай Алексеевичті бірден танып, солай қарай құшағын жая адымдағы. Ұшырасқан бойда құшақтаса кетті.

— Құдай-ау, баяғыдан бір взерменесің! — деді Өтәлі.

— Сен де! Сені алпыста деп кім айта алады, — деді Николай.

Жоғары лауазымды қонақты қаумалап жүргендер — облыстық атқару комитеті төрагасының орынбасары Дмитрий Николаевич Клинчев, авиакәсіпорнының бастығы Сабыр Жарылғасов және басқалары бұл көріністі мұлдем күтпегендей, аңтарылып қалған.

Сол күні екі майдангер біраз сыр апты. Бұдан қырық, жыл бұрынғы оқиғаны еске түсіруді де үмтіпді.

— Тамыздың аяғында бітірушілердің аскери полктерге боліп жіберді гой. Қараймын, олардың ішінде біз жоқпзыз. Шыдамсызданып, қалып қойғандарға басшылық, жасап, штабқа ентіге жетіп бардым.

— Асықна, Кузнецов, асықпа, — дейді ондарылар. — Ерітіп

жүргендерің де тынышталсын. Сендер жөніде ариайы бүйрек болады.

— Неге асықпаймай?! Бірге оқығаңдардың бері майданға аттаппет кетті. Менің тасада, тыныш жерде жан бағып қалғаным үят емес пе? Жаудым елірін жатқаны анау.

Шектен шыға ежіктегенімді жақтырмады-ау деймін. манадан бері салқынқандылық, сақтаған штаб қызметкери орынан үшіп тұрды.

— Кузнецов, саған ұғынықты жауап берілген сияқты гой.

Өлде мектепті бітірген адам аскери тортішті аяқ, асты ете берсін деген жаңа жарбы таптың ба? Ертең ариайы бүйрек, шығады, Енді түсінікті ме?

— Түсінікті..

Салымыз суга кетіп казармада оралдық. Ертесіне немен айналысадынымыз белгілі болды. В.Ларьковқа, А.Кудряшовқа, Б.Степановқа және маган мектепте үшқыш-нұсқаушы қызметі берілді.

— Ал, мен N120 дербес гвардиялық, авиация полкіне қабылданым. Истребительмен үшіп, жауға аспаннан шүйілмекші едім. Бірақ, еншіме тиғені санитарлық, авиацияның "жайбасары" болғанын қайтерсін.

Өтөлі коніл орталығын осылайша сездірген. Николай оны өзілге тартып, біраз көнілдендіріп тастады.

— Истребительмен екінің бірі батыр, ал жауға "жайбасармен" есе жібермегендерді батырдан аскан қаһарман деу қажет.

— Олай десен, қаһарман қасында тұр.

Екеуі біраз күлісін алды.

— Палі, мен саған мына қызықты неге айтпағанмын.

Николай тагы бір оқиғаны баяндауга кірісті.

Өтөлінің қызығыш кеткені соңша: "Іә, сопы айтсаңы!" деп бауымына кіре түсті.

— Бірде досым Боря Степановтың былай дегені: "Коля, бүтін үшуга шықтай қалайық. Бұл қылышымыз үшін бізді, карай тұр, тұра майданға аттанырып жібереді". Мен көне қойдым. Аттаныран шыгар майданға, оқbastай етіп жазалап, мектепте қалдырып қойды. Алайда, Боря айтқашыла жетіп тыңды. Майданда бомбалоушы ұшақден фашистердің сазайшын берді. Ал, мен бақырга ол бүйірмады. Тек Жеңіс күні тойланғанинан кейінған оқу орынан кетуімे рұқсат етті.

— Қайтесің, бүйірмис солай... Дегенмен, оқиңбе! Сен майданда корсетшеген ерлікті бейбіт өмірде корсеттің. Және мақтанута тұрарлық еңбек!

Себепсіз салдар жок. Бұл жолғы кездесу Николай Алексеевичтің "покерлерімен" бірге Өтөлі үйінде қонақ болуымен аяқталады.

Қонақасының есте қалар бірер оқиғасын Өтекенің өз аузынан естігенді.

— Оңда Ленин көшесінде шапындау екі болмелі потерде тұратын. Қонақтар сау ете түскендे үйдін гарлығы қадімтідей сезілш-әк қалды. Конді шалқарлығынан не пайда, егер теріще төрелеп келгендер бір-бірінші тізесіне мемесіп, шокия қалса. Ондайда дастархан мозірінен де берекет қашады.

“Келгеше қонақ, келген соң үй иесі үшлады” демекші. Өтөлі мен Бетима сол ыңғайсыздықты білдірмеу үшін қолдан келгеннің борін де жасап бақты. Қош-бес айтысқанша тізе бүкнеді.

Сонын борін зердесі зерек Николай Алексеевич адекашанинан біліп, алдекашанин ойын түйіп отыр екен гой. Шай ішіліп, ас желінің болған туста: “Менің төтенше ұсынысым бар”, — деп, орынан кетеріді.

— Николай Алексеевич, отырып-ақ айта берсенізші!

Маңайындағылар осының қоса тілек еткен.

— Бұл түрегеліп тұрыш айтатын сез, — деді ол. — Манадан бері берімізге иіліп тосек, жазылғыт жастық болып жатқан Балғымбаев — соғыстыңда, енбектіңде ардагері. Бір айдан кейін құрметті демалысқа шықпақ. Көріп отырысыздар, отбасы үлкен. Немерелері де біршама. Осындағ үй иесінің мына құрқылтайтың ұсынадай шалын потерде қала беруі әділдікке жата ма? Дмитрий Николаевич, маган боріпен бұрын Сіздің шікірініз қымбет.

Ол осыны айтып, облыстық атқару комитеті тегерасының орынбасарына мойын бұрды. Сөзіміз ауыр тимесін, Дмитрий Николаевич Клиничев кейде тіке қойтан сұраққа тіке жауап беруді сүйетті, соған қоса қаша үріс салу мен мөселені айналыш отуде де тәжірибе жинақтап үлгерген адам еді.

Бұл жолы жауабын орта тұстан шыгарғысы келді ме, өнгімесін жүмсак, бастады.

— Отолі Балғымбайұлын беріміз жақсы білеміз, жақсы сыйлаймыз. Атагы мұнайлы Ембіге түгел молім құрылымшы-инженер. Халық шаруашылығы Кеңесінде бас инженер болды. Облыстық партия комитетінің құрылымы болімін басқарды. “Ембімұнай” секілді үлкен бірлестік бастығының құрылымы жөніндегі орынбасары міндетті жемісті атқарған да осы Өтекен. Сейте жүріп үй-жайын түзеп алматан гой...

— Қалай түзейді, егер басқадаи бұрын өз қамын ойлау Өтөлінш қанына сізбекен қасиет болса. Ешкімің ала жібін аттамайтын адалдық керек десек, ол да осы Өтвәлде.

— Николай Алексеевич, ұсынысыңыз қабылдандаңы. Сіз Атырауга

еңді қайтып оралғанша Өтекециң жаңа үйде қоныс тойын тоғлайтынын сене беріңіз. Ол пәтерде немерелерге арналған орын да жеткілікті болмак.

Қонақасыга қатысушылар Николай Алексеевичтің үй-ішлік дипломатияда да тапқырлық жасағанына және оны қазақша балыңдағанына разы болғандары сонша, дұмыдата қол шапалактаң жіберді.

Аталған бас қосуга Өтөлімің өкшелес інісі Салтанат тә қатысып, асабалық міндет атқарған-ды. Бір сөтінде: "Ал, қонақтар, ән салынбаса қазақ, дастарханың сөні де, мәні де келе бермейді. Соңдықтан "өу" деп отырысыздар" деп көпке ортақ міндет жүктеді.

Одан ері кеп кідірмей: "Әзірге аұым ашарды мен жасап берейін" деп тамагын кенеп, "Сұрша қызы" зуелетті. Николай Алексеевич дүниеге келген Нұра озенінің бойы да тамаша таланттарға толы екенін айттып, Өсессің "Ардағыны", Мәдидің "Қарқаралысын" шырқады. Орыстың "Степь да степь кругом" ені тіштен асерлі шықты.

Бас қонақ әбден риза. Ішкі сезім толқыны шыдатпады білем, тары да орынан тұрып кетті.

— Айшалайын, Салтанат, нағыз таланттың иесі екенсің гой. Білмейді еkenбіз. Өркениң есіп, ерісің кеңейсін. Өттен, "Гурьевмұнайгазгеология" бірлестігінің бас директорлығын қазақ операсының әншілігіне ауыстырып ма едің... Ауыстырмайсын, Әнші кеп, білкті де, білгір геолог аз. Солай ма?

Одан аргы сезін Өтөліге ариады.

— Бұрын тек сені ғана танып-білгенмін. Енді таныстық, кекжиегі хеңгейіп барады. Үлкен оulet-мәуелі бойтеректің бутақтарын коруді озіме бақыт санаймын. Кездесудің алды-арты осы болмасын, — деді ерекше толқын.

Майдангерлердің екінші бір кездесуі Ұлы Женістің 51 жылдығы тойлаған 1996 жылдың 21 мамырында болды.

Өтәлі зайыбы Бетимомен Алматыға демалысқа барған. Тап іргесінде тұрып қалай хабарласпай кетеді? Телефон соқты.

— Алло, саламатсыз ба? Николай Алексеевичтің үйі ме екен?

— Иә, солай, Ал. Сіз кім боласыз?

— Мен Өтөлімің, Антонина Дмитриевна. Бұдан былай сен деп сейлессек дүрысырақ, болар еді.

— Келістік. Айта бер енді, қашан келдің, қазір қайdan хабарласып тұрсың?

— Зайыбыммен "Алатау" шипажайында демалыш жатырмын.

— Солай де. Сеземін Николайды сұрагалы тұрсың гой. Ол алі де

жұмыс басты. "Саяхат" авиакомпаниясында консультант. Кеш оралу – күндеңі әдеті.

– Пәлі, шаршауды білмейді десеңші!

– Шаршауны шаршайды. Бірақ, не құдіреті барын қайда, аэродром алаңына шынып, күміс тұлпарларды көзбен корсе, немесе жанына барса, "жалынан сипаса" тыңайыш, бірнеше теуәлікке жетер күш жишип қайтады. Ойбай-аву, сезім кобейіп бара ма? Бізге келіндер. Мұны Николайдың жөне өзімің атынан айтылған шақыру дең біліндер.

– Міндетті түрде барамыз. Сол кейінрек. Тыңайыш алған соң.

– Келістік. Эйтеур Николай екеуінің откен-кеткенді еске түсіріп, болашақты бағамдайтын соттерің мен үшін ерекше қымбат. Зайыбыңа солем айт, күтеміз.

– Коріскенше, күн жақсы болтай!

Отал менинде көп кешікпей Кузнецовтардың шаңырагында болып, сый-сияппат көріп, тереңірек танысын-блісін, көрген құрметтері үшін бір жасап, қанжыгаларына байланған үлкен олжа үшін екі жасап, марқайшып орады.

Николай Алексеевич те, Антонина Дмитриевна да қашанин үлкен жүректі, сезімтал жандар. Табаддышықтан аттар-аттамастан аңсан күткен ардақты адамдарын құшаққа қысып, біраз тебіренген. Оларды обден жайғап алған соң, одан сайын елжіреп, Бауыржанды еске түсіріп, өздерінің жұбату сездерін айтты.

Ие, Бауыржанның оку іздел Алматыға келгенде мәндай тіреген бекегі, пана көрген мекенін өз еке-шешесіңдей құрап, ұша қарсы алып, қапысыз мәпелеген Николай мен Антонинаның аэропорт жанындағы шаңырагы болған-ды. Ұшқыштықты ұнатқан кокерім жастың үшқыштардың ұлағатты ұстазының үясінде келгені үзақ сапар алдында оулиені шір түту рәсімін еске түсіретін. Бірақ, медкомиссия дәнсауалымынан ешкім антараған, антара да қоймайтын түймедей ақду тауып, оны елге қайтарып жіберді.

Құдайға шүкір, тауы қайтпай, бір жылдан кейін политехникалық институтқа түсті. Кейін, институт бітіргенен кейін қабілет-мүмкіндігін белсенді ешбекте енді-енді аша түскенде омір бийгінен өлім күйігіне мезгілсіз құлаганы Николай Алексеевич пен Антонина Дмитриевнага да қатты батты.

– Өмір күшті, өлім одан да күшті, – деді Николай жанагы жубату сезінде. – Сондықтан болмас істе болаттай беріктік керек.

Ана гой, аналық жүргегі шыдамаған Антонина козінә жас үйріп:

– Аның Тәңіз көнінде күкіртті сүтегі дейтін тажал көп деуші еді.

Оны залалсыздандыратын қайбір күшті техника бар бізде. Олардың езі де қайбір қорғанып жүрді дейсің. Қобірек жұтып, молырақ іскең, организмін улап алды ма, кім білсін, — деді. Эрине, мұнысы айтып келмейтін ажадың сырны анатын дейекті дәлел емес, тек коңылге жұбаныш, жаңға медеу табудың әрекеті гана. Эйтпесе баянсыз дүние кімнің маңдайынан сипап, кімге мәнгілік нашақа смылады дейсің...

Айтпақшы, қанжырага байланған үлкен олжа — Николай Кузнецовтың ез қолымен жазылған "Штурвал и курс" атты емірбаяндық деректі шыгармасы. Қалыңдығы үш елден асып жығылатын аталмыш кітапта Нұра езені жағасындағы Байтуған селосында басталған Өмір шежіресі барлық, бояу-бедерімен, оқиға-харітісімен, сыр-сипатымен түтел, күні кешеге дейін қамтылыпты.

Бір кереметі, "Қызыл Армиядагы қызмет" атлатын бесінші тарауда езімен бірге болған жауынгерлердің омірінен ешиөрсөні де шашау шыгармай, ешиөрсөні де өнін айналдырып, кобесін сөкпей, айна-хатесіз мөдіретпің қойыпты.

Не деген зерде, не деген зейін?!

Оларды оқып отырып, Өтәлінің "Қасиетті" қара блокноты есінде еріксіз оралады. Мүмкін, соңдай блокнот не күнделік кітап авторында да болған шыгар, оған ойла түтігендері мен көзben көргендерінің бірін қалдырмай жазып-тізіп жүрген шыгар.

Бір ғажабы, Николай Алексеевич, басқалармен бірге Өтәлі бойындағы ерекше көзге түскен, тұлға үқсан енді-енді ашыла бастаған қасиеттерді де таң басып, қашызыз қамтыпты.

Солардың кейбірін оқып көрелік.

"Біз оқудан тыс үақытта топ-топ болып, Қызыл бүршікә жиналатынбыз. Курсанттар ішінен Селищенск мектебінде танып-білмеген таланттар да таныла бастады. Анатолий Кириленко баянда оте жақсы ойнай алатын, ал Владимир Кульчатский тамаша он шырқайтын, Өтәлі Балғымбаев шахматты тіптен шебер мәңгерген болыш шықты. Бірқатарлары өр тұрлі ақындар өлеңдерін тәп-тауір тақтақтан айтып беріп жүрді. Тек Эйттен екеуміз таланттан макұрым қалышыз. Эйттен Бейсенбаев А.И. Зуев билеп-тостейтін авиасэскадрилия старшинасы, мен отряд старшинасы болып бекітілдім..."

"Жау үшақтарын ез үшақтарымен соғып құлатудан да, тұнгі үшулардан да, аспандары жекпе-жек шайқастардан да қорықпайтын, қазірдің езінде аттары бүкіл дүние жүзіне белгілі болған біздің үшқыштарға үқсағымыз келеді. Әзіміз туралы ойлаң та жарытпаймыз. Патриоттық сезім біздің жан-дүниемізді түгелдей жаулап алған, бізге

нигилизмнің немесе торғышылықтың қандай корінісі де жат болатын. Ондайлар кездесе қалса, оларды біз "шешелерінің еркеттәймәрі" деп бағалайтыныбыз. Біздің Гафаров баршаның кез алдыңда ойы мен дене бітімі жағынан да осіп шынықты. Балғымбаев бұрынғыдан төрі сойлемшаз бола бастады, тек езгермен старшина Эйтек Бейсенбаев қана. Ол сазайды бәрінен де кеп тартты..."

Николай Алексеевич 1996 жылдың 9 мамырында езінің бес кітабын мұқабасына:

"Күрметті Отолі Балғымбаевқа, мәңгі достық, белгісі ретінде.

Автордан
Алматы Қаласы" -

деп жазып, мәңгілік ескерткішке ұсынды.

Отолі былай дейді:

— Басқаны қайдам, ал ез басым Николай Алексеевич Кузнецов осы кітабы арқылы ерлікке татырлық, ерен іс тындырыды деп есептеймін. Ол үшін омырауындағы екі Алтын жұлдызы қосымша орден, медаль тағу мүмкін болмас, тутан Нұрасыңдағындағы бюст орнату қажет емес шыгар, бірақ жан сұлулығы еңбекте жарқыраган адамның: "Чтобы быть хозяином в небе, надо сначала стать достойным человеком на земле", — деген қанатты да онегелі сезін езі күрметті азаматы болып соналатын Астана (бұрынғы Ақмола) және Арқалық қалаларының оуге кемелері қонып, самғап, жатқан бас қақпаларының көрнекті жеріне алтын өрішпен жазып қойса, артықтық, етпес еді-ау. Бұл басқадан бұрын тіршіліктің қадірін білу үшін, білген үстіне біле тусу үшін қажет...

Осының езі рас сез, көңілге қонастын сез.

Отолінің сарапалы гүмірында тіршілік туралы ойланбаган күні, толғанбаган түні аз. Оның пайымдаудынша, тіршілік тек қана ішіп-жеу үшін емес, өмір күресі үшін берілген. Оган да жарық күні сонғанше қорек, өзегі үзілгенше өріс керек. Қорегіннің көзін ашсаң мәнінің артқаны, өрісінің өні келтірсең магынасының тереңдегені. Ол қанаты — үміт пен арман, шырайы — еңбек пен білім, көркі — сыйластық, пен бірақ, байлығы — акыл мен сенім болғанда әдемі де әсем, әрлі де сонді. Тіршілікті бағалай білу қасиеті оркімнің жап-дүниесіне ана сутімен бірге сілце монді де нәрлі.

Рас, ал осының берін былайтын жүртқа жария қыла бермейді. Минезі солай.

Ол езін тіршіліктің бағасын біліп, бәсін есіретін, езгелер ылғы өнеге тұтатын бірегей дара тұлға ретінде көрсетуге де гүміры үмтімламаган адам. Жаратылышы солай.

Ол рахат бар жерде азаптың да, қуаныш бар жерде қайғының да бой көрсетерін бағамдайды, біледі. Соган әр күн сайын бекем бел буып, азір жүрмегенмен, сақтаңады, сақтық жасайды. Әрбір елеусіз нөрседен туатын тосын взгерістен ешкімнің де жапа шеклеуін тілейді, тілеп журеді. Жапа шегушілер табыла қелса, қолынан келгенінше сүйесүйенш болуга азір тұрады, озгелерден де соны күтеді. Бұлар да қанына сінген қасиеттер.

1942 жылдың Қақаған қалтарында елден келген қайғымы хабардың есінен таңдырмаса да, есегіретіш кеткенін үмытқан жок. Жастығынан ба, алде елден тым шалгайда жүргендіктен бе, етілген жүрек дүрсілін, езілген көнді солытын бірнеше күн баса алмай, дел-сал күй кешті. Соңда қабегындағы кірбінді, жүзіндегі жабырқаушылықты айтпай таныған жауынгер жолдастары оны ортага алып, жұбату сезбен жебеп, демеп жіберді.

Не болды десейші?

Мектептесі, Ескенеде қатар есken құрбысы, Жұнісов Дүзелбай Армия қатарына шақырылды. Эскери комиссариат аудан оргалығы Доссорда. Ол Ескенеден соңда келіп, комиссиядан етеді. Олар жарамды деп табады да, екі күннен кейін аттаңдырылатынын мәлім етеді. Несін айтасың, бейбіт жердегі екі бейбіт күн жылға татиды емес пе? Ол қимас достарымен қоштасып, тілеуімді тілеп отырған ата-анамың қасында аунап-кунап келейіші деген оймен қыстың козі қырауда "Ескене, қайдасың?" деп жаяу-жалпы жолға шыгады. Согыс кезі, ағылып жатқан көлік, сіра, кемшін.

Міне, осы сапар онын еміріндегі соңғы сапарға айналды. Жолай жел үдең, боран соғып, Дүзелбай бағдардан айрылып қалады. Ұзак, адасады. Ақыры панаңыз дала да үсік үрып, ажал тырнағына ілігеді.

Неткен аянышты оқыға!

Тұған жері мен ата-анасын шекіз сүйген аяулы жүрек осылайша қашыда тоқтайды деп, елін, халқын сүркія жаудан қорғамаққа асыққан алау көпіл осылайша жалш етіп сөнеді деп кім ойлаган!

Тәгдым дегенін осы қатал, қаһарлы...

Өтәл осы оқыс оқығадан жиырма төрт жыл кейін, 1966 жылдың аяғында не бары төрт мүшел жасаған екінші ағасы Өтептің айрылып, Қаралай жасып, арең-әрең бойын тіктеген; жиырма алты жылдан соң 90-жылдардың басында жан қинаған, бір емес, бірінші өкшесін екіншісі, екіншісінің өкшесін үшіншісі баса келген үш бірдей аұмұртпалықты бастаған откерді. Арсыз ажадың үзын құрығы өүелі ізбасар інісі Салтанаттың, одан алты ай кейін немере інісі. Өтептің кенжесі

Өнүарбектің, оған алты ай толмай өзінің туңғыш ұлы Бауыржанның мойнына ілікті.

Шіркін, Салтанат! Ол аңы еңбектің тәтті зейнетін көрсем дейтін. Керді. Жасы, уақыты·кеңіп, зейнеткердікке шықты. Одан өрі балаларымның жаңында, немерелерінің ортасында шат-құлқілерін естіп, қанаатымды жайып, қызық, біткенге емін-еркін кенелсем дед, Атырауын орең қызып, Алатау аясындағы өсем қала — Алматыға қоныс аударды.

Атырауды әрең қиятыны — туган жері, ескен ортасы. Таңымып, таланттың үштаң, азаматтықтың бінкі тұтырына кетерілген жері де, Ауганстандағы төрт жылды қоспағанда, көрі Каспийдің о шеті мен бұшеті. Сонау Маңғыстаудан мынау Мақат-Атырау-Аққыстауға дейінгі сайын далада оның ізі түспеген ой мен қыр жоққа тон. Ата-бабалары да, олардың ұлагат көрген үрвактары да осы аймақты мекен етті, тамырларын осында жайды. Атыраудың шығыс іргесіндегі Тендерік аталетын үлкен қорымда мәңгілік үйқы құшагына енген өкесі Балғымбай мен аласы Қилемштың, агалоры Қойшығара мен Өтептің асыл сүйектері жатыр...

Іе, Атырауын, киелі топырағын қимай аттанған Салтанаттан, буқіл омірі сән мен салтанаттың, сыр мен сымбаттың сарабдал ұлғісі дерлік азаматтан айдын-күннің аманында көз жазып қалу кімге оңай тимек?! Соның ішінде "осы інімді тіл-көзден аман сақтай көрші" дед, жаратқанга сат сайын жалбарынып жүретін Отекеннің тұтас қабырғасы сегілгендей күй кешкеніне екінің бірі күо.

Шынында да, бойы сұнғак, ені ошық, көзі ұялы, қимылы шалт, жүрісі сырбаз Салтанат жастайнаи сұқтандырының сұйына іліккендей сұлу болып ости. Кейін, ессе келе, кісілік келбетін терең білім-білгімен, ақылды іс-орекетімен сомдап, бұрынғыдан әлдекайда сұлудынып, бұрынғыдан әлдекайда бінктеп кетті.

Салтанат бойында жүрт біле бермейтін қасиеттер де мол еді. Соларының ішінен әншілігі мен саятшылығының, ел тану мен жер коруте құмаралығының шоқтығы ерекшеленіп туратын. Әнші болғанда үлкен сахналарда, жууделі онер сыймстарында үзбей ин шырқауды машық, еткен адам емес-ті. Оны қоңілді кекке кетерген қимас қуаныштар мен жан сарайына ізгілік нұрын себетін жарқын жүздесулерде бір жарқ, ететін жұлдыз тағдырының десек, лайықтырак.

Ол жүрекпен жырлайтын. Жүректің қылын шергетін. Бір жүректің сирьын екінші жүрекке бүкпесіз жеткізу үшін өз жүрегін

елші етуден, енші етуден аянаңбайтын.

Соңдай елгезек жүректің сырқат-қынораттан мезгілсіз тоқтағанына Өтөлінің тіптен сенгісі жок.

— Апырау, ол талай жыл талмай соққан, талмай соқса да толмаусырамаған, үрэй мен үміттің талайын көрген, көрсө де үрәйден үрікшеген, үмітке үкі таққан шуагы, жылуы мол жайсан һәм қайсар жүрек еді гой! Неден кесел тапты? Неге ерте тынышыды? — деген осы күнге дейн жұз курсініп, жұз ойланады. Сұрақ көп, жауап аз. Аз жауаптың түйінін тым ертеде Құз Ордада туып, елу төрт жасында 18 айда жазып бітірген "Құт әкелеттің білім" (Құтадғу білік) еңбегінде Ж.Баласагұнның айтқан бір ауды сез дағ бейнелейтін секілді. "Бұл өмірде екі есік бар: бірі — омірге қарай ашылады, екіншісі — олімге қарай ашылады — бірінші есікten кірген адам екінші есікке де кіреді", — деді ол.

Сол айтқандайтын, құдіреті күшті бір Алла басқалар секілді Өтөлінің де конбесіне көндірді, сенбесіне сендерді. Алатаудың биік баурайында монгілік байыз тапқан Салтанаттың мұрдесі Атыраудың ойына жеткізіліп, бауырлары жаңынан бақылау, орнын тәпты.

Осындай ауыр саттерде Өтөлі ой мен жан азабынан біраз жаша шегіп, жудеу тартқан. Бірак, бұрынғы бір қайғындағыдай, бұл жолы да оны, бүкіл атайын-тұмысын ел-жұртты жерге қаратпағы. Жебеп, жігерлеңдірді. Сүйеп, күш-қуат жинаатты.

Сонау Манғыстau кіндігіндегі Ақтау қаласынан Жемек Оспанұлы Салтанаттың қазасына орай жолдаған қысқа да нұсқа хаттың озі де соңдай желең-жебеудің үлгісі іспетті. Ол былай деген жазыпты:

"Ардақты Өтөлі, үлкенді-кішілі Балғымбаевтар!

Ио, аққан бұлак, жанган шырақ, қас-қарғымдағайын болды. Арысым, ардағым, Салтанат, осы шаңырақтыңғана емес, осы оulet пен озі еңбек еткен мекеменіңғана емес, берісі Гурьев, Манғыстau, иісі қазақтың, ерісі Аугандагы ағайындардың азаматты еді.

Ақ, қөніл, ақ желең, ақ пейіл, ақ жарма жан еді-ау ол.

Сонымен ару азаматты, асыл азаматты, ардақ азаматты ақ жуып, арулаш өз қолдарынан бауыры суық, қара жер қойнауына мәңгі қалдырып келдіндер.

Бақыл бол, бауырым, қаңдағасым!

Мен жоқтау айтқалы отырғаным жок, жубетқалы отырмын, қайтыңды қозғағалы емес, қайретыңды қолдағалы отырмын.

Қайғыны қайратты жеңер, ауырға ақылды тозер, қамыға жүріп, қыжырыңды, қайғыра жүріп қайратыңды көрсеткейсіндер.

Жан бар жерде қаза бөр, топырақты олім ғой бұл. Өткен қайтып келмейді, ошken қайтып жәнбайды, алла алғанын бермейді, болмасқа болаттай бол, ағайын!

Озіннің Жемек – Нагиман,
Оспановтарын*

Ақтау қаласы, 30 қаңтар, 1992 жыл".

Осы оқиғадан кейін бір жылға жетер-жетпес уақытта, дәлірек айтсак, 1993 жылдың 13 қаңтарында Жемекке қолына тағы да қалам алып, Өталігे кеңіл айтуына тұра келді. Оған оны Өталінің үлкен ұлы Бауыржанның жұмыс үстінде қайтыс болғаны жөніндегі аса қайтылы хабар, бұрыншан да қам көңіл жүрген алмұстагы бауырларына деген аяушылық, сезімі мәжбүр еткен-ді.

Ио, кеше – қайрат кетер мезгіде – ортамызда жүк котерер нардай болыш нар жігіт Өталі жүрген, бүтін – ақыл айттар мезгіде – ортамызда мың жасаған шалдай абыз ақсақал Өтекең жур. Ол откен жылы жетпіс бестің жалынан тартты.

Соган қарамастан оты сонбекен мақсатын жалғап, үшқысы келеді. Егемен елінің алқара кек ашық, аспанының күміс қанат алып сұнқармен батыл өрлең, болашақта Барыс жорытатын асқар тауын, жазира даласын құс қанаты талатын биіктен шолып шыққысы келеді.

Әр адамға сай келетін бір жұмыс бар,
Әр жұмысқа сай келетін бір адам бар -
Осыдан шығатын бір гибрат бар:
Әр адам өзі билетін ісімен айналыссын.

Сайф-әс Сарайи



БАЛҒЫМБАЕВ Салтанат (1929 жылды 20 маусымда Атырау қаласында туған – 1992 жылы қайтыс болды) – инженер-геолог (мұнайшы) Қазақ ССР-інің еңбек сілтірген геолог-барлаушысы (1976). Мәскеу мұнай институтын бітірген (1955). 1955-58 жылдары Қаратон бүргілау кәсіпорнында бүргышы, аға инженер, 1958-64 жылдары Мақат бүргілау кәсіпорнында оңдірістік-техникалық болім бастығы, бас инженер, директор, 1964-77 жылдары Қарақия мұнай барлау экспедициясында бас инженер, бастық, кейіннен «Маңғыстаумұнай-газбарлау» тресінде бас инженер. Прикаспий мұнай барлау экспедициясында бастық, больш істеді. 1977-81 жылдары Ауганстан Республикасынан мамандар тобын басқарып шетелдік іссапармен барып қайтыс. Онда ол Тау-кен істері және мұнай-газ enerкесібі министрлігінде көдесшісі қызметтін атқарды. 1981-85 жылдары «Атырау мұнайгазгеология» өндірістік бірлестігінің бас директоры, 1985-90 жылдары Балықшы мұнай барлау экспедициясының бастығы. 1990 жылдан дербес зейнеткер. Ол Алтықол, Мартышы, Жаңаталап, Забурың, Қотыртас, Молдабек, Өзен, Жетібай, Тенге, Тасболат, Каражанбас т.б. көн орындарын ашу және игеру ісіне зор үлес қосты.

(түркші «Қазақстан мұнай энциклопедиясынан» үзінді)

Бадымбайдың төртінші ұлы — САЛТАНАТ мұнай мен мұнай барада саласында езі қалған мамандықтың шынырауынан шынына табандылықпен, тезімділікпен, оршы талаппен өрмелеп шыққан азамат болатын. Зайыбы Исағалиева Үзілдік — үстаз, құрметті еңбек демалысында.

Балаларының ұлкені — Талес. Ол Алматы энергетика институтын, Қазақ политехникалық институтын бітірген. Қуні бүтін "Санойл" фирмасының тете-президенті. Қызы Ләйлә Алматы халық, шаруашылығы институтын бітірген, мамандығы — экономист.

Кеңже ұлы Зайырхан ауыр сырқаттан төрг жасында қайтыс болды.

Салтанаттың еңбегі "Ерлік еңбегі үшін. "В.И.Лениннің тұғанына 100 жыл толу құрметіне" медалымен, "Қазақстан Республикасының еңбек сінірген геолог-барлаушысы" құрметті атағымен, "Жер қойнауын барлаудагы еңбегі үшін" ескерткіш медалімен, "Мартышы кен аланын түнгіш ашушы" белгісімен, Ауганстан Демократиялық Республикасының Тау-кен жоне онеркәсіп министрлігінің мактау жағдайымен марапаттады.

Күй кеше қолыма Салтанаттың бір топ фотосуреті түсіп, қызыга қарап шыққанмын. Бүтін түнде ол түсіміне енді.

Құдайым-ау, маң төбенің тап кіндігінде бік мұнара тұр. Мұнай мұнарасы. Тым маңғаз, тым асқақ. Соның үшар басында Салтанат, қолыш ақ, шарбы бұлт жүзген шеті мени шегі жоқ аспанға қарай бұлғап:

— Қайран, жастығым-ай, қайдасың, қайда жүрсің сен, бір оралмайсың ба, оралсайшы... — деп айтайлады келіп, айтайлады келіп...

Мені ол жерге айдан барған әйдірет десейші! Сакене қарап қол созамын. Созамын да, бар дауымсыммен айқай саламын.

— Жастығыңыз жерде, жер бетінде, Салтанат аға, жерге түсіңіз, — деймін.

...Шыныда да оның алау шашқан жастық шағы жерде откен еді. Отан Атырау мен Маңғыстаудың құжынай самсаған мұнай мұнаралары күш...

...Сонау елуінші-алпысыншы жылдары романтика дейтін ғажан құбылыс болатын. Оның екпініне ілігін, қанатына мінгендер комір қазамыз деп Қарағандыға, шойын болқытамыз деп Теміртауга, мыс ондіреміз деп Балқашқа, мұнай селін тасытамыз деп Маңғыстауга тартып кетіп жататын. Теміржол салуды аңсан Сібір асуышылар да көздесетін. Жас талғау жоқ; романтика десе жас та, жасамыс та елегізу сезіміне арбалып, беді бекем буа түседі.

Сондай құштарлық Салтанат кокірегіне де үя салып, үйқысын

бұзғалы қашан! Аңсары да, арманы да — Маңғыстау!

Әнеу күні Атырауда "Маңғыстаумұнайгазбарлау" тресінің басқарушысы Әзбекқалиев Халелмен үшырасын қалған. Оның да айтары бір тілек — "Тубекке кел, оны оз қолымызben біз тулетпесек, кім тулетеді?!"

Шын-ақ, сез.

Халел — үзенгі қагыстырган құрбысы. Екеуі інгері-кейінді, бірінің ізін бірі басып, Атырау мұнай техникумын, И.М.Губкин атындағы Москва мұнай институтын үздік бітіріп шықты. Мақат бүргіләу конторында ол 1965-59 жылдары бас инженер, Салтанат 1958-64 жылдары болім бастығы, директор болды.

Салт бас, сабау қамшылы жүрсе, алдеқашан қарасын жасырап еді, білдей кеңсөнің білдей директоры. "Мен Маңғыстауды игеруге кетіп бара жатырмын" деп тілдей қағаз жазып, жазу үстеліне қалдырып кетсе ше? Бірак, ол азаматтық, іс емес, берісі қашқындықтың, ерісі сатқындықтың бір түрі болады да шытады гой.

Оның үстінеге "Осы біздің қазактың олген кісісінде жаманы жок, тірі кісісінің жамандыдан аманы жок" деп Абай атамыз біліп айтқандай, қысыр сөздің талайты Мақаттың сорлы тебелеріндегі селдір бүйірұнының басын орынсыз слікін, оуе толқынына тараң кетпей мег? Тараң кетеді. Біреулердің түйе устіндегі сиражын от шарынғандай күйініп, "осындаидай адамды да елді, жерді жөркейтеді деп журміз-ау, барсын, қызықканы не ақша, не мансап шығар" деуі, екіншілердің отқа одан сайын май шашып, сейте тұра етірік жаны ашығансып, "орынан су шыққан, немесе біреу-міреу құдалаған жок, қой оны, ез шаруасын езі біледі-дагы, алайда сүм-нұы жок, құлазыған ку медиен далаға не ізден кетті, оның мына Мақаттан несі артық екен" деп құліп-құніренері анық.

Салтанат соны болжайды.

Болжай тұрың, Маңғыстауга кодімгідей құмар. Құмарлықты институттың соғығ курсын оқып жүргенде қолына түскен Б.А.Федоровичтің "Шол диңары" ("Лик пустыни") кітабы оятынан.

Азияны асты-устін тоңкеріп, кез майын тауса зерттеген әйтілі галым, КСРО Фылым Академиясының корреспондент-мүшесі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, жағрафияның докторы былай деп жазынты:

"Егер жер шарындағы шол атаулының барлық түрін, жалаңаш құзэр шың қара тауларды, жапан түздің не ақ, шағаладай ағарондал, не батар күннің нарат қызыл нұрындағы жалқындашып, алыстан кез арбан тұратын

коркем мұнаралары мен алдырмас қорғандары бар "сикыр тас шаңарларын", құм шағылдар токкеи өшекейлерді, сорлардың сан-сарапт түрлерін, шыңдар мен құзарттардың теңдесі жоқ керемет үлгілерін оз көзінізben көргініз келсе, тастай бол дыңылдаап жататын айдан тақырларды ез ағынызben басқыныз келсе, бояулардың не гажайып сесі мен реңкін, ағын сулар аямай шимайлаган ою-өрнектерді, құба түзде құландай жорытқан жебір желдің қолынан не келетінін, шеңдің тағы басқа талай ғаламаттарын қызықтырғызыз келсе. — Манғыстаудан артық жерді бері бір таба алмайсыз. Шол табигаттың алуан-алуан құбылыстарының бөрі-бөрі осы бір асыл қазына жиган алтын сандықтай аядай өлкеден түгел үшყрасады. Алтын сандықтагы қыруар байлыққа әлі ешкіннің қолы тиғен жоқ. Уақытты келгенде, ит арқасы қиян Манғыстау пайдалы қозбаларды өндіру мен өңдеудің аса ірі орталығына айналып шыға келеді.. Бұл өлкे үйықтаап жатқан арудай өзінің ойнар сөтін күттеде".

Қызықтай, құмартшай көр!

Ол көп кешікдей осы қызығу мен құмарлық жетегіне еріп, облыстагы өз басшыларының алдына барып та шықты. "Егер Манғыстауга маман жібермек ойларың болса, онда мені солардың тізіміне енгізе көріндер", — деді.

Енді қалғаны — күту. Күтсе күн етпейтіні де рас екен. Өзін кейде тордагы торғайдай-ақ сезінеді. Борінен арашалап қалатын нарсе — қарбалас жұмыс.

Бірақ, кешке шаршап-шалдығын үйге оралса, алдынан Паустовский шығады. Өзі емес, әрине, Константин Паустовскийдің шыгармалары шығады. Ол да бір магнит.

"Манғыстауға сапарды Жұлдыздар еліне саяхат деуте де болар еді.. Мен басқа еш жерден осындағай гажай та айбынды жұлдыздар шоғырыны жоне планеталардың осындағай көз қарықтыралық жарқылын көрген емеспін. Оның жарықтығы соңшалық, түнде планеталар шексіз хеңдістіктен бізге қарай үшін келе жатқан төрізді, жер шарының бір нүктесіне — жыл-жырт жатқан Манғыстау жарты аралына қарай үшін келе жатқан төрізді", — дейді.

Мұны оқыған соң шыдаминың шілдері тағы да босайды. "Шіркін-ай, осы бір корініске күэ болу үшін тубекке ең болмаса бір түнеп келер ме едім", — деді ол өз-өзінен күбірлей сойлец.

Ақыры, ансан күткен күні де келіп жетті. Ол Ембі мұнайлы ауданынан аттаңдырылған инженерлер Қ.Мырзалиев, В.Тевашов, Х.Тажиев, Х.Махамбетов, Т.Оржанов, Н.Бөлекбаев, Д.Усенов

сапында Маңғыстауға келді.

Жалғыз бұлар емес еді, мұнай шекіресін ерте жазған Мақат пен Жылдый аудандары С.Рысқалиев, Т.Қадыров, К.Бураков, С.Батеутдинов, Т.Ониев, К.Қалиев, А.Макаров, К.Қожахметов секілді таңдаулы бұргылау шеберлерін, бұргышыларын, мұнара құрастырушыларын жіберіпші.

Салтанат білімі мен оқуға дейін Қошқарда мұнай ендіру цехында нормалаушы, оқуден кейін Қаратонда бұргылау конторында бұргышының көмекшісі, "Қазақстанмұнайбарлау" тресінің терец бұргылау конторында аға инженер, Мақат бұргылау конторында ендірістік-техникалық болім бастыры, аға инженер, директор қызыметтерінде жинақтаған тәжірибесін сынға салып сымшар, шартта үстап шындар кез келді деп есептеді.

— Келдің бе, ақыры, — деді Халел Жагырапұлы оны құлімдей қарсы алды.

— Келдім-ау, вайтейір.

— Не істемексін?

— Мениң қолымнан не келетінін езіңіз блесіз.. Бұргышы жетпей жатса бұргышы, бұргылау шебері жетпей жатса бұргылау шебері боламын.

— Жоқ, бұргышыларга езің секілді істің мән-жайын терец билетін, кең пайымдайтын басшы керек.

— Шешім Сізде.. Мен взірмін.

Салтанат Балғымбайұлы 1964 жылы 4 сауірде "Маңғыстаумұнайгазбарлау" тресіне қарасты Каракия мұнай барлау экспедициясына бастық болып тағайындалды.

Каракия!

Маңғыстаудың тегі бір жұмбагы. Дүние жүзінде ең терец ойпат. Теніз деңгейінен 132 метр тамен жатқан алып қазан шұңқыры. Ұзындығы – 35, ені – 10-25 шақырымды шарпиды. Айналасы құлама жар – табиги қамал.

Көзак ғалымдарының ойынша, осы ойпат жаңбырлы бұлттардаң да табиги корабасы болып табылады екен. Жазғы ыстықта ауаның жогары котерілуі нәтижесінде ойпат үстінде Каспийдің шығыс жағалауын бойлай қатарласа созылған бірнеше шақырымдық жаңбыр бұлты түзілетін көрінеді. Раждап емес не?

Салтанаттың бұларға қосымша таңқалатыны – табигат шіркіннің Каракияны дара жератпагандығы. Ол жалғызырымасын дегендей, кемерлерін ок тас комкерген Қауынды мен Қорғанбай жатыр. Ол аз

десен, терендігі кей жерінде 100, кей жерінде 112 метрге жетіп жығылатын Қарынжарық қазан шүекілірі тағы бар...

Қысқасы, Салтанат қызу енбекті аңсан кеділ, тарихы гасырлар қойнауыша сұнгіген ертең еліне таң болғандай. Оған керегі де сол. Ол Маныстаудағы жаңа қызыметтің алғашқы күнін: "Енді осынау ертең тұнған жерді байлық, тұнған жерге айналдыру қажет!" — деген үлкен мақсатпен бастады.

Үлкен мақсат... Оған жету үшін не керек?

Салтанат ең алдымен еңдірісті — Бұрындау алаңдарын, бұргышылар қосын түтел аралап шықты. Адамдармен танысты. Трест басшыларымен және бас мамандарымен шешетін мәселелерді бір болек, вз экспедициясында ездері шешүуге тиіс мәселелерді бір болек тоңтастырып, түйін жасады.

Содан соң Халел Жагыпарұлының қабылдауына барды.

шоғырлануы артын және сакмар шөгінділерінде, орта және төменгі карбон мен девонда байқалуы мүмкін.

Оған жоғары палеозой шөгінділерінде мұнай мен газдың болу мүмкіндігі туралы кейбір деректерді Ембі қыраттарындағы терең борлау үңғымалары берді емес де?

Мәселен, Тересайды N 3 үңғымасын 3164-3154 метр аралиғында төменгі карбондағы органогендік кесекті әр таста орташа мөлшері 0,008 пайызды құрайтын бигумга толған жарықшақтар байқалды. Мұнай белгілері анау Жаңасу аланында таскомір және девон шөгінділерінен де көзге түсті. N 11 үңғымада 2224-2219 метр аралиғында мұнай сіңген біріккен ұсақ тастанар, 2279-2277, 2210-2307, 2369-2365 және 2495-2425 метр аралиқта мұнай аз сіңген құм-балшық, кезікті. 2505-2496, 2464-2461 және 2260-2184 метр аралиқтан мұнайдың болар-болмас қою, ете ауыр ағындысы үшінрасты.

Сол секілді Төнірекшының N 5 тірек үңғымасында күнгірдің алғидріті мен балшыты да мұнай жұтылдырылған күр алоқан болмай шықты.

Дегенмен, бұрылау жұмыстарының кең колемде жүргізілгеніне және үңғымаларда мұнай белгілерінің көптеп көрініс бергеніне қарамастан, Оңтүстік Ембі мұнай қыраттарының тұзасты шөгінділерінен мұнай мен газдың ендірістік кең табылмай қойды. Бұл неліктен?

Мақаш оны, сіра, қабаттары құламага, мүмкін опырмалы қотпарларға түскен таскомір және девон жыныстарының барыша күшті тығыздалуына, кей жерлерде химиялық, және физикалық себептер әсерімен тау жыныстарының құрылышы мен құрамының егеруінен болар деп болжамдайды.

Бұндай жағдай Оралдың, Ақтобе мен Мұғалжар төңірегінде де болды.

Мақаш будан әрі Биікжал құрылымының Оңтүстік Ембі қыраттарының біршама солтүстігіне тамаң орналасқанын, алдыңғы шеңінде немесе тіпті 570 милион жыл бұрынғы кембрий орыс платформасы шеңінде жатырғанын ескере келіп, кеңінше жоғары палеозой жынысының коллекторлық қасиеттері мұнда негұрлым жақсырақ көрінетін болар, ақыр аяғында осының бәрі Биікжал құрылымының тұзасты шөгінділерінен мұнай мен газдың ендірістік шоғырлануын ашуға мүмкіндік берер деген сенім үллатты.

Бұл 1967 жылдың 23 сәуірі еді.

Мақаштың ойын: «Бүгін гарышқа тағы бір кеңес азаматы – В.М.Комаров жол тартты», – деген хабар болған кетті. Ол бір серпіліп

қалды. Содан соң: «Әттең, космостық геология басшыларына сезіміз етсе ғой... Онда Биқжаддың тап тобесін зерттеу жүргізіп, «қара алтын» тенізінің қайда, қай тереңдікте жатқанын біліп алуға болар еді ғой», — деп тағы ой құшагына енді. Мұнысы, әрине, төтті қиялғана еді.

Сонау студент шағында кекірегіне ғылымның шоғы түсken Мақаш шыдаш тұра алмады. Ол осы сәттен бастап жер түңгімігіна өз жүргетімен, өз көзімен, өз болжамымен барлау жасауға бел буды.

Білім дарежесінде белгілі. Мұнай техникумын үздік бітіріп шықты. Мәскеудің мұнай институтына қабылданып, алғашқы сәттен-ақ билігімен оқшау көзге түсті.

Бірінші курстың бірінші семестрі болатын. Жоғары математикадан емтихан тапсырар сөтінде аудиторияға факультет деканы Шарыгин Михаил Михайлович келіп, емтихан қабылдаушының жаңынан жайғаса орын тенті. Мақаш көп кешікпей шығып көтер дең ойлаған. Бірақ, ол асыра қоймады.

Кезек Мақашқа да жетті.

— Коне, жігітім, билетінің басты суралы не еді, жауабында содан баста, — деді Михаил Михайлович қасындағы оқытушыға көз қызығын тастап қойып.

— Ньютон заңдары.

— Ал, айттыш, дәлелден көргін...

Мақаш асып, саспады. Ойындағысын түгел айтты. Формулалар легін тақта бетіне асықтай, әдемі өрнектеді.

Михаил Михайлович разы болғаны шыгар, кітапшасына өз қолымен «бес» қойып, орынан енді тұра бастаған Мақашты қолтығынан демеді де, кен аудиторияның түбінде қарай бет алды.

— Маган бұл кісі не айтпақшы болғаны?

Емтиханда тым батылдық, көрсеткен Мақаш енді қысылады. Деканына жауандай көз тастайды.

— Балғымбаев, саған берер кеңесім бар, — деді ол бір кездे тоқтай қалып. — Сен ғылыммен айналысуға тиіссің.

— Михаил Михайлович, алі төрт курс бар, соларды тәмомдағасын ойланайын.

— Ой, бауырым, төрт жылың ие, сенін? Ертең кіріс. Ғылым сені күтіп тұрмайды. Түсіндің бе?

— Түсіндім.

Сойтіп, Мақаш ғылыми үйріменің белсенді мүшесіне айналды. Бірақ, институт бітірген соң устаздарының «аспирантурата қал», — дегенине көнбей, едден бір-ақ шыққаның қайтерсіз!?

Биікжал құпиясына қызырыш, алғыстан көз тіккен, көзбе-көз керуге ынтықсан ғалымдар да, тіпті осы жерде тәжірибеден өтуге мұқыластанған студенттер де аз емес-ті. Соның бірі Қазақ политехникалық институтының оқытушысы, кейін кафедра менгерушісі, ғылым докторы, профессор, кең ресурстары жөніндегі академияның академигі, геолог-мұнайшылардың американдых-европалық ассоциациясының мүшесі дәрежесіне жеткен Жолтаев Герой Жолтайұлы болатын.

Герой айтады:

— Менің өмірімде Кенқияқ, Тепловск, Қаратебе, Жаңажол, т.б. алаңдар секілді Биікжалдың да орын болек. Мен Биікжалға жазғы демалысымда өзім, кейде студенттеріммен бірге келіп, ғылыми жұмыссыма нәр, қорек іздедім. Ол кезде мені Каспий маңы ойпатында тұзусті және тұзасты шөгінділерінің құрамы, олардың солтүстік, солтүстік шығыс, шығыс және оңтүстік шығыс ернеулік аймағы бойынша қуатының жылжу сатысы мен сапасының өзгеруі, мұнай мен газдың тілмелер мен алаңдар бойынша беліну заңдылықтары қатты қызықтыратын.

Мен сол тұста Каспий маңы ойпатына қатысты «Каспий маңы ойпатының шығыс шетіндегі триас шөгінділері», «Каспий маңы ойпатының шығыс шетінде тұздың шоғырлануының морфологиялық турлері» т.б. тақырыптарға ғылыми мақалалар жаздым.

Чернигов қаласында өткен II ведомствоаралық симпозиумда «Каспий маңы ойпатының шығыс шетіндегі күмбезаралық кеңістік құрылымы туралы» баяндама жасаганым бар. Осының беріне дем берген ортаның бірі Биікжал болғапы ете-мәте қуанышты. Биікжалдағы экспедицияның шаруашылық жөніндегі қызметін деңгелетіш журген Эспенов Алшамыс мен зайнабы Салтанаттың ілтиштына талай мәрте болендім. Сол үйден ішкен шұбаттың дәмі күні бүгінге дейін тәңдейдымда. Алпекең шұбатын мақтасаң түйесін, түйесін мақтасаң Биікжалдың бұйыргынын, бұйыргыңды мақтайдың бастасаң Салтанат аpanы, ал Салтанатты мақтасаң Таз дейтін үлкен аүлетті кекке көтепе мадиықтанатын. Кейін біз Жем өзенінің Каспий теңізінен сонау Башенкөлге дейінгі құрамына Қараоба, Сарқасқа, Биікжал, Үлкентебе, Мақат, Пустынная, Оңтүстік Қараман, Конысбай, Неселбай кіретін құрылымды бұйыргының құрметіне Бұйыргыны сатысы деш атадык.

Биікжалда Мақашпен, оның отбасымен, қылғы қызық, кейін өзімнің талантты студентім болған олардың ұлы Фарифоламен танысып, білестім. Ол Мақаштың да ғылымға бет бүрган кезі-тұтын. Екеуміз бір-

біріміздің зердемізге күн саулесі секілді шуақ түсіріш, үнемі ақылдысын, болашақ кандидаттық диссертацияның жобасын белгілеңдік. Мен оның ізденімпаздығына тәнпі болдым. Сенимі мықты еді. Кандидаттығын ойдағыдай қоргады. Содан бері кейде алыстан, кейде жақынан дегендей, үзбей сырласып, сыйласып келеміз.

Жонас айтады:

— Мақаш ғылыми жұмысқа беріле кірісті. Жұмыстан шаршап келгеніне қарамастан, шай-пайған ішін алады да, устеге отырып, түннің бір уағына дейін жазу жазады, сыйбалар сыйдалы.

Кейде:

— Кел, комектесіп жібер, — деп маған да тапсырма береді.

Бір күні Мәскеуте кеткен. Одан көп кешікпей ерекше көңілді оралды. Онда үстазының — Васильев Юрий Михайловичке көзінің. Тақырыбын, жоспарларын қарап, кідіріссіз бекітіп, «озім жетекші боламын, будан былай жіңі хабарласып тұралық» деп шығарып салыпты.

— Жолым онғарылды. Юрий Михайлович ете зияны, қарашайым арі үакен оқымысты адам, ғылыми ортада зор беделге ие, — деді Мақаш.

Содан кейінгі жылдары Мәскеуі мен Ленинграды, Саратовы мен Волгограды, тағы басқа да қалаларға жиі-жіңі шығып, материалдар жинақтады. Кобине-көп еңбек демалыстарын пайдоланды.

1966 жылдың 12 шілдесінде үшінші беламыз Гариболла дүниеге келді. Есімін Өтеп ағаның өзі қойды.

Айтпақшы, осы Гариболланы боссанарда қатты қиналадым. Соңда Өтеп аға дөрігерлерге қайта-қайта келіп, жағдайды өз құлағымен естіп, «екеуінің біреуі деген жоқ, анысы да, баласы да аман қалуы керек», — деген талабынан қайтшалты. Қамқорлық, қанат бітіреді деуші мә еді? Менің де, Гариболланың да жер басын жүргеніміз сол кісінің ак тілегінің арқасы. Өтеп ағаның соңдай ізгі қасиет Нұрлан қайныма дарыған.

1971 жылдың күзінде Мақаш диссертация қоргайтын болып, Мәскеуге жүріп кеттік.

«Диссертация сөтті қоргалды...»

Мәскеу қаласынан осындей қуанышты хабар алмыған күннен бір ай өткеннен кейін Бікжал экспедициясы жұмысқа кіріскең күннен бастап «Бікжал құнделігі» айдарының тұсауын кесіп, оның тыныстіршілігін атқұрғатпай беріп тұрган аудан айнасы — «Кең Жылмой» (бұрынғы «Ембі») газеті журналист Өтегенов Айтуардың «Жер жүлдізьын адам жағады» атты очеркін жарқ еткізді.

Айтуар былай деп жазды:

«Вечерняя Москва» газетінде «1971 жылдың 5 қазаны күні Губкин

атындағы мұнай институтының тылыми көнесінде М.Балымбаев геология-минералогия ғылымдарының кандидаты атагын алу үшін «Каспий мәңгілік ойпаты шығыс болғаннан тұзасты қабаттарындағы мұнай-газ көздерінің перспективасы» деген тақырыпта диссертация қорғайды» деген алдын ала жарияланған хабарландыруды оқыған соң-ақ Мақаштың жүргі біресе қуанышқа, біресе құдікке беленді. Қуанышы – торт жыл бойы сарылып ізденген, зерттеген, ақыры нақты шешімге келген тылыми еңбегінің сынға түсер, бағаланаар, омірге енер шары жеткен болса, құдіті – түнде үйқы, қундіз күлкі қашқаңдағы төгілген маңдай тері түккө түрғысыз деп табылып, құмға сінген судай заң кетсе ше? Бірақ, ол өзіне сенімді еді. Бөрі де көзімен көріп, қолымен ұстаган нарсе – Биікжал терең бүргілау экспедициясындағы жұмыс нәтижесі.

Ал, зайдібы Жонастың қоziлінде осы хабарландыруды оқығаннан бері қуаныш пен бақыттан өзгеше орын қалмағандай.

- Ауылға барған соң дүрідептің той жасаймы!
- Ол міндетті тұрағ, аудаі...
- Жок, қалайда қорғап шығамыз. Еңбегіміз еш кетпек емес.

Ақсары жузді келіншектің нық сенімі күйеуінің құдігін сейіттіп-ақ, жіберді.

Осы еңбекті жазу устінде Мақашқа геофизик келіншегі ең бірінші комекшісі болды. Талай нәрсені бірге зерделеді. Міне, енді Мәскеуте дә екеуі бірге келді.

«Той жасаймы!» Жонастың осы сезі астанаңың әсем көшесінде тұрган Мақаштың кез алдына құт мекені Биікжалды алыш келді. Бір кезде есектің жалындай адыр-адыр жондары бар елсіз дала еді. Кейбір жауын-шашыны молдау жыл болмаса бұл өнірді маалышлар да қоныс қылмайтын. Енді сол жаһан түзге қазір үшар басы аспанмен тілдескен жалғыз мұнара, шарын да болса саулетті қалаңық көріп түр. Бұл алғашқы бастамағана. Ал, оның болашағы...

Иә, сонау 4888 метр тереңдіктегі қалың тұтасқан тұз қабаттарының астында мұнай мен газдың бай көзі бар. Ол сезіз. Тек соған жете білу керек. Конгломераттар бұл сезідің жаны бар екенін айтыш та жүр. Тіпті шамамен мұнай мөлшерін де есептеп шыгарып қойды.

Осы жылдың мамыр айында Гурьев қаласында откен тылыми-техникалық, кеңесте КСРО Газ енеркөсібі министрлігінің қызметкері Р.Т.Полякованың «Каспий мәңгілік ойпатындағы газ қорының 70 пайызы тұзасты қабаттарында жатыр» дегенін билай қойғанда, озі бес геолог болып жұмыс істейтін Биікжал экспедициясының мәліметтері дәлдедеп отырган жоқ па? Құм, саз, ек жыныстарынан тұратын 5250 метр

тереніңдікten кейін үштегінде ерітіндімен аралас газ шыға бастады. Бұл белгі газ-каротаж диаграммасынан да көрінді. Тіпті ерітінді салмағы бүргілау кезінде кеміп кетіп отырды. Бұл газ араласып кетті деңен соң. Ал, жұмыс тоқтетылып, үштегінде көбірек бос түріп қалғанда мұнай белгілері де корінді. Газ бен мұнайды алып байқаудан еткізді. Байқау кезінде газда 92 пайыз метан бар екені анықталды. Бұл тұзасты қабаттарында мол мұнай кезінде бар екенін дәлелдейді. Осы қабаттарды бұдан былай егжей-тегжейлі зерттең, іздестіру, барлау жүймстарын ерістегу қажет. Қазақстан мұнайшыларының алдыңдағы күрделі міндет осы бесжылдың шінде мұнай өндіруді 30 миллион тоннага жеткізу. Абыройлы жоспардың орындалуына Каспий маны ойшатының шығыс белігін алып жатқан «Ембімұнай» бірлестігінің де қосатын улесі зор. Бірлестік жыл сайын 2,7 миллион тоннаға мұнай өндіріп келеді. Бұл елімізде өндіріметін мұнайдың бір пайзызын да жетпешді екен және май тайыздан, тұзасты қабаттарынан өндіріліп жур. Мұнай-газдың мол қоры бар біздің аудан үшін жеткіліксіз көрсеткіш. Сондықтан біз «қара алтынды» қынысынбай тереңиен — тұзасты палеозой қабаттарынан іздестіруіміз керек.

Міне, керкем кестемен картасы жасалған кокейдегі осы ойларын Мақаш ғылыми кеңесте мұлтқысіз дәлелден шығуға тиіс. Бұл сырды ақ, шашты ғылымдардың жүргегіне жеткізе ала ма?

Мұнайшы болуды қаршыдағынан арман еткен талантты жігіт оз пайыздарын талайды корген ғұламалар алдында қысымай, байынты дамедеде. Жасырын дауыста ғылыми кеңестің он жеті мүшесінің он алтыны ғылым кандидаты атағын беруге келісіш, біреуі ғана қарсы шықты.

— Мақаш Балғымбаевич, Сізді диссертацияңздың үздік қоргауынсызben қызу күттіктаймын, — деп ғылыми кеңес төрағасы, геология-минералогия ғылымының докторы Д.И.Дьяконов қолын алғанда геологтың күн қаққан қоңырқай жүзінде бақыт нұры ойнап тұрды. Геология-минералогия ғылымы үшін өмір ортасында, сонау жапан түзде жүріп жазған қазақ геологияның еңбекі құнды екенін сейлеушілер түгел мойындағы. Әсіресе, Мақаш ойнан ғылыми жетекшісі, профессор Ю.М.Васильевтің берген бағасы кетер ме?

«Ол диссертация жұмысымен кеңесшісіз, комекшісіз, қорсыз, адебиетсіз-ақ, дилиған дала тосінде жүріп айналысты. Соған қарамастан ғылыми кеңеске қатынасушылар қаралайым геологияның ғылымға аудай қажет ері құнды еңбек ақелгеніне таңданысты. Бұл ізденімпаздықтың, еңбек сүйгіштіктің үлгісі, нағыз үлгісі!...»

...Күрмегті оқушым! Тұған жерінің жарқын болашағының картасын

сызып, қарышты дамуын көрсетіш берген геолог, ғалым Балғымбасев
Мақаштың табысина қол соқдай көрші. Өз алкенде беріле сүйген
ұлан болсаң, қыр тесінде жарқыраган сансыз алауга үмтыймай көрші.

Геолог қайратына ғашық болып, ол туралы жыр жазбай көрші...

Жырды да ақын Айтұар жазды.

Геолог айтқан ан

(Геология-минералогия ғылымының кандидаты,
геолог Балғымбасев Мақашқа арнаймын)

Бір арман кетпей есінен,
Шем сөнбей терезесінен.
Қазына теңін апсам дең,
Далиған дала тесінен.
Геолог тағы қазбадан,
Шықкан тастарға үцілді.
«...Тұз күмбездерінің астында,
Газ қоры бар, мұнай бар...»
Асқақтықты әркезде,
Жүреді ғой сүйіп жан.
Даңқыменен бар көзді.
Тартты озіне Біліжек.
Есек қырқа жал еді,
Бұрын елсіз бұл ара.
Көкке қарал ал енді.
Ориңқты алып мұнара.
Бұргы жерге сұнғыді.
Терендіктен сыр тартып.
Бұрын-соңды болмаган.
Берлаушының борі де.
Бүндә істеген от хеуде.
Құшия кеп өріде,
Қажымастаң зерттеуде.
Бөрі бірге қуаныш,
Бөрі бірге алаңдар.
Жер осынде жиберіп,
Тізбек-тізбек колондар.
Бұл мекениңің түні де.
Самаладай араймы.
Геолог айтқан бір кезде,
Фонтан атып Біліжек.

Ақшулан толқын (шіркін-ай),
Жатар мүмкін сүйіп жар...

Жонас айтады:

— Атам мұлдем балажан болатын. Немересі Фариғолланы жақсы көргені соңдай, кейде өзінің де балалық әрекет жасап қоятынын да байқай бермейтін.

...Мақаш екеуміз бұрғылау қондырыгысы басынан кешірек оралғанбыз. Келсек, есік ашық түр. Үй іші тым-тырыс. Тері бөлмеге озсақ, ата да, Фариғолла да төтті үйқы құшатында. Тіптен ойра кіріш-шықпайтын көрініс: атасы екі бүктеліп немересінің қішкене кереуетінен, немересі аяқ-қолын кең жазып атасының кереуетінен орын теуіпті. Оянрасын мұныңыз не деп, сұрасақ;

— Бұл өзара келісім. Фариғоллажан сен менің орнында үйықтан қара, мен сениң орнында үйықтан қарайын дегенсін...

Екеуінің тағы бір астыртын келісіміне күң болғанымыз бар. Атам Фариғолланы балалар бақшасына апаруды да, алып келуді де өз мойнына алған. Әрі-беріден соң таңертек немересін ертіп кеткен атасының тіштегі тез оралатынына таңгала бастадық. Балалар бақшасы біраз жерде, оған барып-келу үшін біршама уақыт керек. Содан Мақаш екеуміз атасы мен немересін сырттарынан бақылауга адық. Сейтсек, атасы баласын үйге таяу тұрган дүкеннің бұрышына дейін үзатып салады екен. Әрі қарай Фариғолла жүтіріп алға жонеледі де, балалар бақшасының шарбагына жеткен бойда атасына қол бұлғап белгі береді екен. Осы сәтте атасы кері оралады.

— Мұның сырлы неде?

— Фариғоллажанымды балалар бақшасының тәрбиешілері: «Атасының ерке баласы», — деп өзілдей бастапты. Содан құтылу үшін біз осындай әдіс ойлан таптық, — дейді.

Ой, дәурен-ай, еске түсірсөң, соның бәрі қызық. Жоғарыда айтқанымдай, атамның жан ауырттайтын әдемі, жұмсақ, мықылы, аяқ асты тапқырлығы мен аңгарымпаздығы осы Фариғоллага тым ерте және көбірек жүққан ба деп қаламын.

Білжіккілдеңдегі үйіміз жер шалтайдығына қарамастан қонақтан арылмайтын. Ол түсінікті де. Көбі ата-енеме салемдесіш, хал-ахуалдарын сұрау, әлдебір хабар-ошарды жеткізу үшін келетін. Қонаққа шақыратын.

Бір күні солардың бірі болып атама сонау Доссорда жүрген кезінен етепе таныс, сырлас Ізтелеуов Кенжеғали табандырығымыздан аттады.

Екеуі откен-көткен жөнінде біраз әңгіме қозғады. Соңдай сәттің бірінде қасына жүгіріп келген бес жастагы баласына етасы қонақты таныстырмақшы болды.

— Фарифоллажан, мынау Кенжегали саған да мен сиңкты ата, түсіндің бе?

Фарифолла аң-таң күйде біраз отырды да:

- Жок, бұндай ата болмайды, — деді.
- Неге, жаңым?
- Мұрты да, сақалы да жок...

Шамасы, оның ойынша, барлық ата атанған кісіде өзінің атасынің ідей әдемі сақал мен мұрт болуы керек!

Бүтіндері отыз уш жастагы Фарифоллада ата қанымен сіңген қасиеттерден не бар десек, біраз құлқілі жайты естіп, риза болып қаламын.

Күні кеше «Тенізшевройл» бірлескен қосіпорны Атырау қаласы ішінде тұрын қалашиқтың ірге тасын қалағанда Фарифолла әкесінің құттары Темірташев Құмармен үшмұрасын қалыпты.

Құмекен де өзілкеш адамның бірі. Фарифолланың кім екенін біліп алған соң:

- Сенде шаш бер екен, әкесінің басында шаш жоқ еді. — дегі.
- Сонда Фарифолла асып-саснай:

— Мақаш құрдасыныздың айелі Төз руынан екенін білмеуші ме едіңіз? — деп бір қайырыпты.

Оның осындағы қылыштары атамды еріксіз еске түсіреді.

Ол кісі 1972 жылдың 77 жасында дүниe салды той. Қайтарынан бір аята бұрын балалары: Қойшыара ағаны Қанзыра абысынмен, (Әтеп аға ергерек қайтыс болған) Бөтен абысынды, Өтөлі ағаны Батима абысынмен. Салтанат ағаны Үзілдік абысынмен бірге шақырып алды.

Көнілдерін түсірмейін деді ме, ауру-сирқауы туралы кең ештеңе айтпады. Айтқанды:

— Мақаштың үйін үлкен үй, отау үй деп санаңдар. Маган, мениң атама корсетіліп жатқан күрмет, сый-сиянат болса, оның иесін Мақаш деп үтарсындар. — деген бір-екі ауыз сөз тана.

Әке тілегіне балаларының ешқайсысы да қарсылық білдірmedі. Мен атамың сол бір-екі ауыз сезін бізге — Мақаш екеуімізге берілген ақ бата, онегелі еснет деген қабылдадым.

Марқұм, ауруы мендең, бір аятадан кейін бакылық дүниеге отті. Содан бері Мақаштың үйі — ақ, мешіт. Өзіміз де, взегелер де біздің үйді: «Ата-ананың шылқан жері, — деген қастерләйді. — Олардың өздері болмаса да рухы бер», — деген сыйлайды. Ол Балғымбаевтар аuletінің

бас штабы іспетті. «Ұлкен тұрганда кішіге не бар», — деген ешкім айтып көрғен емес. Бірақ, кіші отаулардың да өзіндік орны, өзіндік құрметті мен киесі болатының Мақаш екеуіміз жақсы түсінеміз: «Жолыни қарой жоралғысы», омірден ерте кеткен Өтеп ағамыздың арағы үшін Ботен ашаны ерекше құрметтесек, Қансира, Ботима, Үзілдік апалардың да орны болек. «Абысын тату болса, ас көп» деген, арамызда ұлкен сыйластық бар. Бірде Ботен-апам:

— Есінде ме, Жонас, мениң саған Өтеп ағаның өтінішін орындан, алтын сақина алып бергенім, — деді.

— Әрине. Бәрі де, айтқан сезім де есімде.

— Не дег едің соңда?

— «Ой, соңша қымбат нәрсеге қаржы шығару неге керек?» — дедім. Сіз: «Ағаң сезін қайтыш алмайтын кісі, соңдықтан оны тез іске асыруға тиіспін», — дедіңіз. Ал мениң: «Олай болса, көндім. Мениң өміріндегі ең қымбат нәрсе де сол сақина болатын шығар. Өтеп ағаның алдында қадірімнің бар екенін сезінү одан да еткен бақыт...» — дедім.

Сонымен диссертация да қорғалды. Онда Каспий маңы ойнаты тұзасты палеозой шөгінділерінің перспективасы мен оны игеру бағыттары тайга таңба басқандай көрсетілді. Бұдан былайғы міндет — осы коқарасты мұрагаттық мұрға айналдырмай істе даладеу болатын.

Талай жыл қарт Ембінің келешегі көкірегін тесіп жүрген «Ембімұнай» бірлестігінің бас директоры Сагынгалиев Болекбай мұны бірінші болып үқтә. Үққандықтан да, Мақашты өзіне шақырып, ылыми батыл болжамдары үшін рақмет айтты. Содан соң:

— Қазақта «Өзің есірген тайды өзің бас білдір» деген қанатты сез бар-ды. Сол айтқандай, тұзасты байлырын енді өзің таң, мен сені құрылым жатқан Балықшы барлау-бұргылау басқармасына бас геологияқ шақырамын, — деді.

Сейтіш, Балғымбаев Мақаш 1972 жылдың ақпан айынан бастап аталған экспедицияда жаңа жұмысты бастап кетті.

Прорива бұргылау конторы базасында құрылған бұл экспедицияның басшысы — бұргылау жұмыстарының ұлкен ұйымдастырушысы, Манғыстауды игерушілердің бірі Хисметов Асабай болатын.

Ол алғашқы жұмыс күнінен-ак орбір бас маманды жеке-жеке қабылдан, іздестіру жұмыстарының колемі мен тиімділігін арттыру жөніндегі цикірлерін билген-ді. Ондай қабылдауда Мақаш та барды.

— Ал, Мақаш, іске сәт! — деді Асекен. Манғыстауда Салтанатпен біраз жыл қоян-қолтық енбек еткенмія, енді сенімен қызыметтес болып жатырмын. Бұргылауда абырайтга жету, өзіңе белгілі, көп жағдайлда

геологиялық қызмет дәрежесіне тікелей байланысты. Бұл женинде, жалпы экспедиция жұмысын жақсарту туралы қандай тұжырымдарың бар?

Мақаш ойын ашық айтты.

— Іздестіруде жемісті нәтижеге жету үшін қуатты геофизикалық үйім керек. Эзірге ондай үйім республика аумағында жоқ болғандақтан «Саратовмұнайгеофизика» тресіне қолқа салғанымыз жөн. Одан әрі бірлестік алдына «Ембімұнайгеофизика» мердігерлік тресін қайта құру моселесін қою қажет. Басқа шаруаның кілті — өзіміздің іскерлігімізде, үйімдастыру қабілетімізде, төртпі нығайта білуімізде...

Мақаш бұл шікірін Асекенсен бүрін бірлестіктің бас геологы, үлкен үстазы Досмұхамбетов Жолдасқалиға да айтқан-ды. Қөргені көп, тәжірибесі мол ағаның бұған деген сенімі де, құрметі де ерен көрінді.

— Мақаш, — деді ол, — сенің не тындыраның, неге қабілетің жететіні менің алақанымда. Жақсы қөргендіктен айтамын, ылғи жүрептің төрінде жүресің. Мына, жаңа жұмыс та сені ширата түсер мектеп болмақ. Мәңгілік омір ешкімнің майдайына жазылмagan. Сондықтан біздің сонымыздан еретін ізбасар керек. Солардың бірі — езіңсің, Мақаштан. Сіздің экспедицияға 25 мың шаршы шақырым жер бердік, сол жерді барлау да, зерттеу де, мұнай мен газдың мол қорын табу да сендерге аманат, әрі міндет...

Абырай болғанда Мақаш таңдау білдірген Саратовтың геофизиктері тәз келісім беріп, жұмысты дөңгелетіп ала жөнелді. Аз мерзімде 12 ірі тұзасты алаңы белтілі болды. Оларға космос ғылымиңдағы үлкен тұлға Королевтің, гарышкерлер Терешкованың, Николаевтың, т.б. есімдері берілді. Мақаш тұзасты күрьымының ен тәуірле Теніз дейтін асқақ атты еншиледі. Осы жerde мұнайдың телегей теңізі бар, оның игілігін бүгінгі, ертегі үрпақ, тұтас қазақ елі көрсін деген ілгері тілекпен еншиледі. Сол кезде, атап айтқанда, 1970 жылы «Ембімұнай» бірлестігінде іздестіру-барлау бүргылауының жылдық колемі 5000 метр болса, ол 1980 жылы 100 мың метрден асты. 1974 жылдан бастап өндірістік қоры 30 миллион тоннадан асатын 18 кен орны ашылып, оның 10-ы «Тенізмұнайгаз» өндірістік бірлестігінің балансына берілді: 6 кениш итеруге тапсырылды. Оларда жинақталған мұнай өндіру қөлемі 10 миллион тоннадан асты.

Балғымбаев Мақаш Мәскеудегі геология және барлау институтымен, «Саратовмұнайгеофизика» тресімен, «Нижневолжскнефть» өндірістік бірлестігімен бірге іздестіру бүргылауы арқылы тұзасты Теніз алаңына жедел шығу қажеттігін негіздеуте қатысты. Алғашқы үш іздестіру үшімасынан (N 1, 2, 3)

мердиональдық, кескіннің негізін салу туралы бірлескен ұсыныстар жасады. Оны 1975 жылдың 10-12 қарашасында Мұнай өнеркәсібі министрлігі бекітті.

Куаныштан кейін куаныш, табыстаң кейін табыс қанаттандырган Мақаш езін түлеткен Биікжалың да ұмытпады. Жиі хабарласып тұрды. 1973 жылы бұргы ушы 6028 метр терендікке жетті. Сол уақыт үшін бұл рекордтық, көрсеткіш болатын. Эттең, арты екінішке ұласты. Аталған терендікте электрометрикалық жұмыс кезінде радиоактивті элементі бар аспап қалып қойып, Мемлекеттік тау-кен қадағалау органдарының талап етуі бойынша қазу жұмысы дереу тоқтатылды. Бірақ, Биікжал езінің бет-бейнесін танытып үлгерді. Ол тұзасты қабатындағы мұнай мен газға барап ұзақ, та күрделі жолдың басы болып, геологияғының тарихына енді және Теніз кең орнының шымылдығын ашуға баға жеткізгісіз көмек көрсетті.

Мақаш бұл тұста үй адамынан тұз адамына көбірек ұқсады. Бір күні Орталық шығыс Прора кең орнынан оралған беті еді. Алдынан Ақтөбедегі медицина институтында оқытын Бибігүл, Гүлнәзиясы, Фарифолласы жүтіре шығып, қуана қарсы алды. Бұл — ерекше маңызды хабар жеткізердегі одеттері. Үшеші жапа-тармагай шуламай, созді Гүлнәзия бастады.

— Эке, сені тағы да Мәскеуте шақырып жатыр. Каникулдамын той, мені де ала кетпі, — дейді.

— Кайда шақырады?

— Оны Бибігүл айтады.

— Салтанат ага екеуініз оқып шыққан мұнай институты шақырады. Институт жастардың III слетін еткізбек. Хаты, делегаттық майдаты, міне. Сөзге Фарифолла да араласты.

— Гүлнәзия барса, мен де қалмаймын.

— Көне, үйге барып, мамаңмен ақылдасалық...

Мақаш үйге кірген бетте Жонасқа осынау хабар үшін ете қуанышты екенин молім етті.

— Барғаның жен той. «Шақырғаннан қалма» демеуші мі еді, қазақ.

— Эттең, қол-аяқты жұмыс буын тастаганың қарасайшы...

Мақаш ас-суын ішіп, аз-кем демалыш алған соң жұмыс үстеліне отырды. Жеке қағаздар жинақталған папканы, альбомдарды ақтарып, институт тарихы мұражайына жарамды материалдар мен суреттерді іріктеді. Сосын слеттің үйымдастыру комитеті атына ризашылық сезімін білдірген және қатыса алмау себептерін баяндайтын хат дайындауды. Институтты бітіргеннен бері жиyrма екі жылда

тындырган ісін толық мәлімдеуді де ұмытпады...

Сурет – шежіре, сурет – тарих екені рас екен-ау. Мақаш жаңа ішінен сүйікті устазы Юрий Михайловичтің сурегіне ұшырасып қалып еді, енді онымен ойша сырласып отыр.

Ол соғыс кездесуде былай деді:

– Рылым – темірқазық. Оны бағдар тұтсан, адаспайсың. Іздене түс, сенің кеуденде олі бір-екі докторлыққа жететін қазына жатыр.

Откен жылы әріптесі Герой Жолтайұлымен болған әңгіме де осы тоцукректе өрбіді.

– Мақаш, әр түрлі басылымдардагы ғылыми мақалаларынды тұшына оқып жүрмін. Тұжырымдарың негізді, ешқандай дау-дамай тұдырмайды. Асылы, ғылыммен кабинетте емес, сен сияқты өмір мен өндірістің қақ, ортасында жүріп айналысқандар әлдеқайда табыстырақ, бұл айтқаным да жеткіліксіз, әлдеқайда бақыттырақ. Ол езі тапқанын өндірістің игілігіне айналдыра алмай, анда жүгіріп, мұнда жүгіріп, ондаган жыл пұшайман күй кешпейді, көптің көзін бірден түлкі нәтижеге жеткізеді. Демек, білім мен ғылым шындықтың көрінісі. Мүмкіндік жетсе, одан қол узе көрме, – деді Герой.

– Білім мен ғылымнан көз жазсак, алға қойған мақсатымыздың қандай да тұл емес пе? Баяты заманда Әзірет-Әл халифага тұстастары: «Білім артық па, байлық артық па?» – деп жалғыз-ақ, сұрақ, қойып, егер осыған он түрлі жауап қайтарсаң ғана біз сені мойындаимыз деген той. Мүмкін естіген де, оқыған ды шығарсың, – деді Мақаш.

– Есімде жоқ, соған Қарағанда естімеген де, оқымаған да шығармын. Хадистегі тұжырымды білемін. Онда: «Білім өмірде – таяныш, жолда – дос, жалғыздықта – жолдас, қуанышта – бастауыш, қайғыда – медет, күресте – күрал, зұлымдыққа қарсы – айла!» – дедінген.

– Ал, Әзірет-Әл!

– Білім артық, ейткені ол Пайғамбарлардан қалған мирас, байлық бақылдардан қалған мұра, – деген.

– Білім сені бағады, байлықты сен бағасың, соңдықтан да білім артық,

– Білім артық, ол досынды қебейтеді, байлық, дүшпанынды қебейтеді.

– Білім іздей берсең қобейеді, оны жұмсаганымен азаймайды, байлық жұмсасаң азаяды, білім артық болатыны осыдан.

– Білім артық, оны үрідан сақтаудың қажеті жоқ, ал жиган дүнненде үрілардан күнде қорғау керек.

- Білімің көп болса сені құрметтейді, байлығың көп болса қызғанады, білімнің артық болатыны соа.
- Білім артық, білімің көп болғанмен есеп-қисап жүргізбейсін, байлығыңда үдайы есеп жүргізуін керек.
- Білім қанша көп болса да іріп-шіріп бүлінбейді, дүниенде бүлінеді, сондықтан да білім артық.
- Білім артық, ол жаңынды байытады, байлық жән-дүниенде шектейді, өзінді тұра жолдан тайдыруы мүмкін.
- Білімді адам орнымен сойлейді, мәденисті артады, байлығы мол адам оған мас болып мақтанаады, астамшылық, көрсетеді, сондықтан білім артық.
- Мақаш, мынау темаша гибрат екен.
- Білімнің мәнін бұдан асырып кім айтуы мүмкін?
- Ие, солай.

Мақаш шынында да білім мен ғылымнан қол үзген жоқ. Ол зерттеу жұмыстарының тақырып аясын кеңейтіп, жеке озі жөне орштестерімен бірге бірнеше ондаган мақала жазды, бүкілодақтық, аймақтық, конференцияларда, кеңестерде баяндамалар оқыды. Оның бөрі ғылыми басылымдарда жерияланды «Каспий маңы ойшатының тектоникалық картасы (тұзасты кешені) авторларының бірі де – Мақаш.

Әлбетте, мундай елеулі жетістіктер Балғымбаев Мақашқа бұрылғыдан да жауапты ері колемді міндет атқару құқығын бергендей еді. Министрлік, «Ембімұнай» бірлестігінің бас директоры бүны да қалт жібермәді.

1978 жылдың 1 наурызында Мақаш бірлестік директорының орынбасары – бас геолог қызметіне жогарылатылды. Жұлдызды сөт туды. Фалым-геологияның барыншасы біржола Теніз аланына ауды.

Ол алғашқы күнинен Теніздері іздестіру-барлау үңғымалары құрылсын, негізін қалаудан консервацияға қоюға дейін, барлық, бастапқы құжаттамаларын қоса есептегендеге, геологиялық, жағынан қамтамасыз ету қызметін қолға алды. Оның бөрі өзінің тікелей қатысуымен және бақылауымен жүзеге асырылды.

Арманшың орындалар күні де келіп жетті. 1979 жылы Теніздері N 1 үңғымадан 4050 метр терендіктен мұнай фонтаны атты. Әрине, бір фонтан барлық мосоленің бір мезгілде түп-туқыншымен шешіп бермейді. Сондықтан министрлік үңғымаларды сынау және зерттеу жөнінде Мемлекеттік комиссия құрып, Балғымбаев Мақашты соа комиссия торағасының орынбасары етіп бекітті. Ол осыдан бастап Теніздері барлық үңғымаларды сынау мен гидродинамикалық зерттеудің комиссия бекіткен жоспарға сойкес жүргізілу жауапкершілігін өз мойнына алды.

1981 жылдың тамызында Төңіздері N 1 үғымада, оның сағасы тиісті күрәдәрмен жабдықтандырылғаннан кейін, қайта сұнау жұмысын үйімдестерди. Осылайша карбонат қабетында ондірістік мұнай мен газдың бар екендігіне әбден көз жеткізді. Өз көзі емес, баршаның көзін жеткізді.

1984 жылы бірінші кезекте мұнай ондіретін үңғымалар, пайдалану бүргінуының жобалық, терендеңі мен колемі, оларды орналастыратын жерлер туралы ұсыныстар жасауға қатысты. Оны министрлік еш өзгеріссіз қабылдады.

1986 жылдың 1 қаңтарында сол кезеңге зерттелу жағдайы бойынша Төңіз кен орындары мұнай мен оған аралас газ қорын алғашқы жедел есептеу жұмысында белсененді түрде қатысты және оның бірлескен авторы болды.

Мағаш айтады:

— Төңіз табигаттың төл перзенті. Соңдықтан оны дүниеге әкелген Жер-Ананың толғагы қандай қатты болса, оның ботасын қызғанған аруанадай қарымма мінезі, тіпті ырық бермей кететін адудын ашуы бізді талай рет қорқытып, талай рет қуантты.

Қорқатынның — ете тереңде жатқан қазынаға қарымы қиналмай жететін арнаулы техникамыз болмады, тәжірибелі де аз еді. Ал, сусындаған сүйкі аждаға — күкіртті сүтегіне кезігеміз де аз тіктен ойламағанбыз. Үңғымалардың конструкциясы, лықылаған түзды су, бүргілау ертіндісін таңдау талай мәрте қолды байлан, аяқты тұсады. Тәжігалидағы N 13 үңғыманы бүргілау кезінде бүргілау қондырысының үстінен үшқан құстың жалп етіп жерге құлаганын, бүргілау бригадасының газ ісінен масалан болғанын козімізben көрдік. Болекбай Сагынғалиұлының Төңізде аяқ астынан киіз үй іздестіргені кейбіреулердің күлкісін көлтіргенмен, сол кез үшін тапқыр шешім болғаны — өмір шыныды. Жеддің ынғайына қарай әп-сөтте тігіліп, әп-сөтте жығылып жататын жапан дақадағы сол қараша үйді алып Төңіздің ашылуына үлес қосқан жансыз, бірақ мәні мен мәртебесі биік асыл істің үясы ретінде мұнай өнеркәсібі мұражайының төрінен орын берсек, қандай жарасынды болар еді.

Біз N 37 үңғымадағы екінші көп атақты апартты да аңы сабактың бірі дең таңып, ұмытпауға тиіспіз. Ои уш ай бойы 1200 текше метр мұнайдың алау бол жантаны, сонда да тәуліктік онімнің кемімеген үрей мен үміт отын қатар жақты. Әрине, үрей түсінікті ғой, бізге кереті үміті — Төңіздің алып қуаты еді. Кейін бұл құрылым қоры жағынан туысқан мемлекеттер достығында екінші орынға, ал дүние жүзі бойынша ои ірі кен орынның қатарына еніп, бізді ерекше қуантты. Қазір жыл ішінде

бұл жерден ең кем дегенде 70 миллион тонна «қара алтын» индіруге болады. Төңіз жалқы да, жалғыз да емес, ордалы қазана ошагы. Күні ертең онымен не Королев, не Пустынний, не Кеспий теңізі қайранындағы Қашаган ишкі тірестіріп тұрса, оған таңдану лайықсыз.

Мен, 1992 жылы Германияда, 1993 жылы Америка Құрама Штаттарында іссапарда болдым. Сол кезде біздің республиканың даңқы Төңіз кең орынмен, Төңіз кең орынниң даңқы республикамен тығыз бірлікте қайта-қайта вайтылғаны мені қатты толқытты.

Сөз орайында айта кетейін, мен дидарын көрген Даллас 1996 жылдың 15 қаңтарында Арманшан кейінгі екінші немерем Айман дүниеге келген және Америка елінің азаматшасы болып төлжұкат алған қала есебінде маңыллік есте қалды. 1995-96 жылдары ұлым Гариболла мен көлім Шолпан соңда тұрды. Гариболла «Мобиль» фирмасында төжірибеден етті.

Нью-Йорктен сол Далласқа «Шеврон» фирмасында жұмыс істейтін інім Нурланың арнасы іздел келіп, алыс шетеде құшақтаса сағыныш беліскенімізді қалай ұмытармый? Осындаңда ақын ініміз Оразбаев Каржаудың томендеғідей жыр түйін еске түседі:

«Төңіз»... «Шеврон»...

Бірлескен ұлы сыйнда.

Оз тізгінім озімнің ұсынымда.

Қазак, ашып мейманға дос құшағын,

Американ айналды туысмы.

Әрине, бірлестіктің бас геологы өз қызметін тар шеңберде қалдыра алмады. Ол бұргылау жұмыстарының ауқымын көнейту және жаңа кең орындарын игеруге беру есебінен мұнай өндіру колемін тұрақтандырудың ұзак мерзімдік бағдарламасын жасады. Осылайша 1979-81 жылдарда тек қосағен аралығынан жылына екі миллион тоннага жуық мұнай өндірілді.

Мұнай өндіруді тұрақтандырыш, жеделдегу саласында қабатқа су айдау, ұғымалардың забой маңы аймагын әр түрлі химиялық реагенттермен өңдеу, қабатшілік ылғал жаңдыру бойынша тәжірибелік жұмыстар жүргізу және тұтқырлығы жокері енімді қабаттарға ыссы су айдау бағыттары елеулі роль атқарды. Констеген көспешілдерде қабат қысымын бірқалышта ұстауға жордемдесетін қондырғыларды қайта жаңғырту, оларды жобалық, қуатына жеткізу жашай қолға алынды.

1981-84 жылдары бірлестіктің іздестіру, барлау-бұргылауы колемі 1,4 есе осірілді. Пустынний, Қартоң, Солтүстік Қолтық, Оңтүстік Текігали тұтастай барлау алаңына айналды. Шығыс Мақат, Мотен, Оңтүстік Шығыс Новобогат, Грядовая, Орталық және Шығыс Прорва

кен орындары ашылды. Бейтебетарал, Берегоная, Солтүстік Ақнияз, Солтүстік Торғали, Шығыс Қекарна, Оңтүстік Батыс Доссор құрылымдары оң нәтижелер берді.

Бірлестікте іздестіру бұргылауымен бірге пайдалану бұргылауына көп көнді болінді. Бұл орайда істе тұрған кен орындары аумағын бұргылау жүзеге асты, соңдай-ақ, Солтүстік Жолдыбай, Мәтен, Шығыс Мақат секілді кен орындары итерілуге тапсырылды.

Жыл сайын касіпорындарда ұғымалар шығымын бір деңгейде ұстау және көтеру үшін 800-900 геологиялық-техникалық шара іске асырылып, қосымша 150-180 мың тонна мұнай ендіруге, ұғымалардың ескі қорында мұнай ендіру деңгейін есіру мүмкіндігі туды.

Балғымбаев Мақаш басқаратын геологиялық қызметтің 1986-90 жылдардағы жұмыс нәтижесі бірлестікте жоспардағы 5538 мың тоннаның орнына 7185,6 мың тонна мұнай ендіруге жол ашты. Ілеспе газ ендіру жоспары да асыра орындалды.

Дал осы кезде кен орындарын қатарға қосуда принципті жаңа жүйе – көлденең ұғымалар қазута бетбұрыс жасалды. Дүниежүзілік және отандық тәжірибе көрсеткеніндей, оларды пайдалану кезінде ұғым шығымының тіке қазылған ұғымалардағымен салыстырығанда 5-б, тіпті одан да көп есеге осетін, шығындардың азаятыны белгілі болды. Тұнғыш рет Ескене кен орнында көлденең ұғымалар қолданылып, оқпан бойынша 950 метр терендік бұргыланды.

Қашаниан геологиялық қызметтің, есіресе, бас геологтың басты жетістігі геологиялық барлау жұмыстарының тиімділігін арттыру екені белгілі. Жоғарыда көрсетілген бес жыл ішінде қор есімі жоспардағы 40 миллион тонна орнына 47,4 миллион тоннага жетті. Тиімділік 183,2 тонна метрді құрады.

Тамаша арекет иесі – Балғымбаев Мақаш осылайша терлеу еңбек етіп, діттеген межесіне, ойлаған тілегіне жетті.

1988 жылдың 10 наурызында Мәскеуден Атырауға қуанышты хабар келіп жетті. Оnda бұған дейін геология-минералогия ғылымдарының кандидаты дәрежесіне қол жеткізген (1971), «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген геолог-барлаушысы» құрметті атағы иеленген (1981), «Мұнай онеркәсібінің үздігі» омырау белгісін алған (1981), «Құрмет белгісі» ордені (1986) мен «Еңбек ардагері» медалімен (1986) марапатталған Балғымбаев Мақашқа КСРО Геология министрлігі алқасының шешімімен «Теңіз кен орнын тұнғыш ашуши» дипломы және омырау белгісі берілгені хабарланды.

Теңізben талай күн, талай тұн қатар толғанған, қатар толқыған

КЕҢІДІҢ СОЛ ЖУНГІ ШАЛҚЫНЫ КОРСЕҢІЗ?!

Мақаш қуанышты хабар жеткен сәтте телефон құлагына жармасын, өзімен бірге осындай ртақ алған бұрынғы көшбасшысы Сагынгалиев Болекбайға ортақ қуанышқа орай «құтты болсын!» айтуға асықты.

Мақаш еңбегіншің отеуі жоғарыдағылармен де аяқталмagan екен. 1991 жылдың 31 мамырында Мәскеу телефоны Балғымбаевтар үолегіне тағы бір қуаныш жеткізді.

— Мен, министр А.Диньковтың комекшісімін, — деді ашық, та үяң дауысты жігіт. Бүгін Сізге министрліктің жөне мұнай мен газ енеркесібі жұмысшылары көсподагы Орталық Комитеттің шешімімен мұнай енеркесінің дамуына қосқан зор үлесініз үшін «Құрметті мұнайшы» атагы берілді. Министрдің құттықтауы мен жемісті енбек, моя бақыт тілеген тілегін қабыл алыңыз!

— Рақмет! — деді Мақаш телефон тұтқасын қыса үстап. — Енбек демалысында жүрген мені министрліктегілердің ізден тауып алып, іатипат корсеткені қандай ғанағет еді!

Тойдан кейін той. 1995 жылдың 4 сәуірі күні үлкен әулет қара шаңыраққа қарай тағы да асыға ағылды. Бұл жолғы салтанат Мақашты Батыс Қазақстандағы бірегей Теніз мұнай кен орнын ашқаны үшін Қазақстан Республикасының ғылым, техника жөне белгілі саласындағы Мемлекеттік сыйлыққа ие болуымен құттықтауга арналған-ды.

Жалпы мұнайлы Ембіде Мақаш қіндігін кескен тұнғыштар саны жиырмадан асыш жығылады. Эрине, борі бірдей Теніздей алып емес. Бірақ, жинақтай келгенде теңізге құтыны арналы сағаларды қөзге елеестедеді. Пайдалы қазбалардың кен орнын ашқаны үшін мемлекеттік сыйлық беру жөніндегі ведомствоаралық комиссияны солардың ішінен үшешеңдер: Ботақанның, Шығыс Мақдаттың, Орталық жөне Шығыс Прорваның қіндік әкесін Балғымбаев Мақаш дең таныды.

Әлбетте, Мақаш «берерімді бердім, аларымды алдым, мұнайлы олжениң енді маган еш өкпесі болмас» дег, жұмсак, корпе мен көпшілкек жантая кетер жан емес еді. Сол мінезін 1993 жылы «Республика аддындағы аса зор қызметті үшін» Құрметті демалысына шыққаннан кейін де корсетіп, «Ембімұнайгаз» акционерлік қорамына (қазір «Қазақойл-Ембі») қарасты орталық ғылыми-зерттеу лабораториясының геология болімінде жұмысты одан ері жалғастырды. Қазір болім бастығы, «құш-куатым берда егеменді елімнің иілігіне бойындағының берін де сарқып беруге озірмін» дейтін ұлағатты жан.

Махамбет көшесіндең үш қатарлығалымдар үйіндегі жастар оны мұнай енеркесінің абызы санайды жөне күн сайны жарқыраган ашық

мандайын, «салеметсің бе, айнам» дейтін шуақты сезін естіп, адемі жынысын коруге асығады. Ол – күллі мұнайшы қауымның күрметтісі.

Нагыз бакыт дегениңіз осы емес не?!

Мақаш өзі ұлагатты ұстас бола тұра өз үстаздарын, үзенгі қағысадан дос-жарандарын, ісін одан зерле жалғастыратын зерделі шокіртерін, солармен бірге қуанышта да, қызыңда да қасынан табылатын займы Жонасты да үдайы ізгі жүргетінің жылуына бөлеп, алғысын білдіріп отырады. Ол лекте үстаздары: Досмұхамбетов Жолдасқалиды, Кочетков Иван Ивановичті, Хакимов Фалымжанды; қатарлары: Белько Юрий Антоновичті, Даулетов Қожыбайды, Рахметов Мақашты, Есқазиев Орынгазыны, Құрабалин Эбілқайырды, Жетібаев Жолдасты, Бекжанов Маралды, Нұрмұханов Айтмұханды, Досқалиев Аманқұлды; шокіртерінен: Еламанов Болатты, Намазов Себитті, Таханов Болатты, Таалаев Жақсылықты, Қожабаев Алматты, Жонекешов Арманды, Ерниязова Фалиппы, Қенжебаева Айманды, Сарғұнанов Рамазанды алдымен атайды.

Жонаска келсек, ол да табанды, білгір, тәжірибелі маман. Отзы жыл геофизика саласында жемісті енбек етті. Есімі республиканың «Алтын кітапына» енгізілген.

Бұдан бір жыл бұрын, 1998 жылдың 6 соуірінде бірегей Теніз кең орнын игеру құқығын иеленген «Тенізшевройл» Қазақстан-американ бірлескен касіпорнының құрылғанына бес жыл толуы облыс орталығында салтанатпен атап етілді. Соңда кең орнын тұңғыш ашуушылар атынан сөз алған Балғымбайев Мақаштың Теніз тарихы мен оны жасаушы ардагерлер жөніндегі толғанысы көнті тебіренті.

– Біз, ардагерлер, – деді ол, – бірлескен касіпорындағы барлық, жағымды да күйіншіті жағдайларды, проблемалық мәселелерді, оқиғаларды тіркең отыратын арнаулы кітап аштық. Бұл Теніз есімі балапанымызға деген сүйіспеншілігіміз бен сертек қоңімізді білдіреді.

Иә, Мақаш пен Жонас кіндігінен екі қызы, бір ұл бар. Бірақ, Мақан оларды тортеу дең есентейді. Тортіншісі – Теніз! Ол кенже ұл емес, болашагы да, болмысы да үлкен ұл.

Ол кенже ұлы Фарифолламен, немерелері Арманмен, Айманмен, алі аты болғасын шеберелермен қол ұстасып, жаңа ғасыр үшін қызмет ететін болады...

Ел Президенті Нұрсұлтан Әбішұлының: «Мен «Тенізшевройлдың» ғұлденген касіпорнының біrine айналарына сенемін», – деуі де соңдықтан!

Ә Д Е Б И Е Т І

1. «Маңғыстау» энциклопедиясы, Алматы, 1998.
2. Сланов Ф. Шыгармалар жинағы, IV том, Алматы, 1981.
3. Кузиев Н. «Штурвал и курс», Алматы, 1996.
4. Темиргалиев К.Е. «Борьба за нефть Казахстана», Алматы, 1982.
5. Куликов Б.М. «Геологи Прикаспия — Родине», Москва, 1991.
6. Оспанов Ж. «Коз жеткен», Алматы, 1998.
7. Мұқашев С. «Өткенді оймен шолғанда», Алматы, 1996.
8. Ермұханов К. «Балгимбәевы: корни и корона», «Прикаспийская коммуна», 1 мая 1991 г.
9. Канғас Г. «Первооткрыватель», «Казахстанская правда», 18 декабря 1988 г.
10. Маданов Х. «Алаштың ардагер азаматтары», Алматы, 1997.
11. Мұқашев С. «Атырау ардагерлері», Алматы, 1994.
12. Атчибаев А. «Черное золото» казахской земли», Алматы, 1994.
13. Сутигин В. «Он из рода нефтников», «Прикаспийская коммуна», 20 июня 1998.
14. Әміржанов А. «Қаратай батыр», «Ата мекен», 1997 жыл, 5 қараша.
15. Әміржанов А. «Қаратай би», «Прокуратура жаршысы», 1998 жыл, 25 шілde.
16. Сұлтанғалиев К. «Мөуелі бойтерек», «Коммунистік еңбек», 1981 жыл, 13 маусым.
17. Сұлтанғалиев К., Өтепбергенов С. «Мурагерлер», «Социалистік Қазақстан», 1981 жыл, 5 қыркүйек.
18. Сұлтанғалиұлы К. «Аспанды аңсап, жерді жасандырган», «Атырау», 1998 жыл, 21 мамыр.
19. Сұлтанғалиұлы К. «Түбекті түлеткен тұлға», «Ава тілі», 1999.
20. Сұлтанғалиұлы К. «Ақ, жолдан таймаған ақының», «Атырау», 1999 жыл, 19 маусым.
21. «Рабочая династия» (передовая статья), «Прикаспийская коммуна», 27 октября 1982.

М А З М У Н Ы

Алғы сөз	3
Өulet бастауы – Балғымбай	4
Койшыгара	5
Өтеп -	32
Өталі	63
Салтанат	89
Мақаш	129
Әдебиеті	158

**«Жолдас және К°» баспасының директоры
Адаев Жолдасбек.**

Басылымды шыгарушы топ:

**Досбаев Жауылбай,
Қасымбаев Саламат,
Сауханова Ақмарал,
Әбдірахманова Ләзиза.**

Дизайнер
Тетенко Л.И.

Басута кол койылды 10.08.99. Пішімі 70x108 1/₁₆.
Офсеттік басылым. Шартты б.т. 9,3. Есептік б.т. 10.
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 2913.

Кітап «Жолдас және К°» баспасының компьютерлік
орталығында теріліп, беттелді.
480033. Алматы қаласы. Жандосов көшесі, 60.
4 қабат, 411-419 болмелер.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігіне қарасты «Кітап» өндірістік бірлестігі,
480009, Алматы қ., Гагарин даңғылы, 93 үй.

**Балымбай аuletтін мұнай-газ өндірісіне
сіңірген енбек жылнамасы**

Рет саны	Аты-жөні	Енбек еткен жылдары	Жалпы жыл мөдшері
1.	Балымбай Сұлтанмұратұлы	1934-1953	79
2.	Койшытара Балымбайұлы	1937-1946	9
3.	Өтеп Балымбайұлы	1934-1966	32
4.	Өтәй Балымбайұлы	1946-1983	37
5.	Салтанат Балымбайұлы	1944-1989	45
6.	Макаш Балымбайұлы	1946-қазірге дейін	53
7.	Нұрлан Өтепұла	1965-төн	34
8.	Жоңас – Макаш әшімбы	1952-1987	35
9.	Нұршалай Койшытарасын	1966-қазірге дейін	38
10.	Нұрберген Өтепұла	1967-қазірге дейін	32
11.	Салтанат Өтепұла	1968-қазірге дейін	31
12.	Әнурарек Өтепұла	1969-1992	23
13.	Бауыржан Өтепұла	1969-1993	24
14.	Аманкос Өтепұла	1969-1998	29
15.	Нұрман Коһинигарасұлы	1970-қазірге дейін	27
16.	Ребінгі – Бауыржан әшімбы	1970-қазірге дейін	29
17.	Айнаш – Нұрман әшімбы	1970-қазірге дейін	23
18.	Зинаха Койшытарасызы	1976-қазірге дейін	23
19.	Жұмасая – Әнурарек әшімбы	1976-қазірге дейін	23
20.	Гүлназар Мисапашыны	1979-қазірге дейін	20
21.	Айнур – Сamat әшімбы	1981-қазірге дейін	18
22.	Мадияр Өтепұла	1981-1999	18
23.	Сamat Койшытарасұлы	1983-қазірге дейін	16
24.	Фариғодза Макашұлы	1983-қазірге дейін	16
25.	Мұрат Койшытарасұлы	1984-қазірге дейін	15
26.	Толеген Салтанатұлы	1984-қазірге дейін	15
27.	Шолшан – Фариғонда әшімбы	1985-1996	11
28.	Бейбіт Койшытарасұлы	1992-қазірге дейін	7

Бордыры 695 жыл

Өзеллік екіншірі жалпы 695 жылдан жарма жағтап жұмыс бабымен не Армия катарында болып, шетелдерде АҚШ-та, Англияда, Германияда, Аустрістанда, Пакистанда, Вьетнамда, Венесуэла, Чехословакияда откізген.